

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ
ШЕТ ТІЛДЕР ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАРЬЕРА УНИВЕРСИТЕТІ**



**С.Қ. АЛШЫМБЕКОВ
Қ.М. ОМАРОВ**

**Туристік жорықтар түрлерін ұйымдастыру
әдістемелері**

Оқу құралы

Бізге 10 ЖЫЛ

Алматы, 2015

УДК
ББК

Пікір жазғандар:

Қазақ ұлттық туризм және спорт академиясы, «Туризм» факультетінің
деканы, доцент, п.ғ.к. **Имангулова Т.В.**

Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, г.ғ.к. доцент. Абдиманапов
Б.Ш

*Шет тілдер және іскерлік карьера университетін оқу-әдістемелік кеңесінің
шешімімен баспаға ұсынылды (№3 хаттама 21.01.2015ж.)*

Омаров Қ.М., Алшымбеков С.Қ.

Белсенді туризм түрлерін ұйымдастыру: оқу құралы.- Алматы: Шет тілдер
және іскерлік карьера университеті
2015.-105 б.

ISBN

Бұл оқу құралында Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының
«туризм» және туризм саласының маманы және туризм мамандығы
бойынша білім алатын студенттерге Қазақстанның аумағы бойынша белсенді
туризмінде пайдаланылатын іс-әрекеттердің мүмкіндіктері қарастырылған.

Шет тілдер және іскерлік карьера университеті
Алшымбеков С.Қ. Омаров Қ.М.,.

ISBN

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1.Белсенді туризм түрлері туралы негізгі түсінік.....	6
2.Тау жорықтары туралы негізгі түсінік.....	9
3.Шаңғы жорықтарын ұйымдастырудың техникалық және тактикалық жағдайы.....	10
4. Су жорықтарын өткізу және оның техникалық, тактикалық жағдайы.....	13
5.Веложорықтарды ұйымдастыру және оның техникалық тактикалық жағдайы.....	18
6.Авто-мотожорықтар туралы түсінік және оны ұйымдастыру мүмкіндіктері.....	22
7.Спелео жорықтарын ұйымдастырудың ерекшеліктері.....	25
8.Белсенді туризм түрлерінің техникасы және тактикасының ұғымдары.....	26
9. Жорықты ұйымдастыру мен жүргізу техникалық тактикалық мәселелері.....	33
10.Жорық кедергілерінің күрделілік санаттары және қауіпсіздік жағдайы.....	41
11Жорық құрал-жабдықтары және оларды пайдалану жағдайы.....	47
12.Туристік жорықтардың әлеуметтік-қоғамдық маңыздылығы.....	50
13.Туризм нұсқаушысының туристік іс-әрекеттердегі қызметі.....	56
14.Спорттық туризм бойынша күрделілік санаттарындағы тау жорықтарын ұйымдастыру.....	58
15.Солтүстік Тянь-Шань тауларының күрделі санаттағы маршруттар.....	63
Қорытынды.....	71
Әдебиеттер тізімі.....	73
Тест сұрақтары.....	75

Кіріспе

Қазіргі таңда туризм-әлемдік экономиканың жетекші саласы болуымен қатар, адамдардың салауатты өмір сүруінің пәрменді құралы ретінде танылып отыр.

Мемлекетіміздің «2030 жылдарға арналған стратегиалық бағдарламасында» туризмнің қоғам мен адам игілігі үшін атқаратын іс-әрекеттері айқындалып, оны жандандыру мен дамыту мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Туризм- қоғамның мақсат-тілектері мен мұқтаждықтарына сәйкес бос уақытын тиімді пайдалану үшін жан-жақты қызмет көрсету формасы. Туристік қызмет- туристік шаралар мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Олай болса туризмнің негізгі жұмыс істеу формаларының бірі-туристік жорықтар.

Туристік жорықтар-адамдар үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Олар халық арасында кең таралған және ұйымдастыру, өткізу, материалдық шығындар жағынан тиімді. Жалпы туристік жорықты ұйымдастырып, өткізуді үш кезеңге бөліп қарастырады. Олар-дайындық, өкізу және қорытынды кезеңдер. Жорыққа дайындық кезеңінде жорықты материалдық жағынан қамтамасыз етеді және жорыққа дайындық басталады.

Өткізу кезеңіндегі барлық факторлар және орындалатын іс-шаралар «туризмнің тактикасы және техникасы» бойынша қарастырылады. Туристік жорықтың тактикасы және техникасы бірге аталғанымен, екі түсінікті қалыптастырады, бірақ бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, теориялық білімнің негізінде былай түсіндіріледі.

Туризмнің тактикасы – туристік жорық жоспарының мақсаты, туристік жорықтың қауіпсіздігі, туристік жорықтың күндік тәулік кестесі, жорықтың негізгі және қосалқы желілерінің нұсқалары (қауіпті және апатты жағдайға байланысты). Осы аталған мәселелер туристік желілерді жобалауда және оны өту кезінде туристік-тактикалық шешімнің ұтымды жақтарын қабылдайтын анықтаушы факторлардың жүйелігін құрайды.

Туризмнің техникасы – жорық жағдайларында нақты іс-шаралармен атқарылатын іс-қимылдар бірлігі. Оған жорық жағдайындағы кестенің реттік жағдайы, рельефтің күрделі жол тізбегін таңдау, топ қозғалысының схемалық сипаты және құрал-саймандарды пайдаланып жүріп өту кіреді.

Туристік желінің күрделі бөліміндегі қауіпсіздіктің алдын алу техника және тәсілдік дайындыққа байланысты. Сондықтан туризмнің техникасы мен тәсілі кез-келген туристік жорықтың негізі болып, міндетті түрде топ мүшелерінен спорттық және терең пәндік білімді талап етеді.

Қорытынды кезеңінде жорықты өткізу кезеңіндегі барлық факторлар мен іс-шаралар қорытындыланады.

Болашақ туризм мамандарына туризмнің тактикасы мен техникасының жекеленген түрлерін таныстырып, оны маманның алдағы уақыттағы құрамдас тәжірибе практикасында жүзеге асыру болып табылады.

Жорық кезінде жолдағы кедергілер мен қауіп-қатерден жақсы өтіп, топтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде топ жетекшісінің ролі зор. Мұндай

жақсы, білікті маманды даярлау, оның ішінде әдістемелік даярлауға аса мән беріліп отыр.

Мұнда көзделген мақсатқа байланысты келесі міндеттер қарастырылды:

- Туризмнің белсенді түрінің негізгі әдіс-тәсілдері туралы түсінік
- Туристік іс-әрекеттегі әдіс-тәсіл ұғымдары және жорықты ұйымдастыру мен жүргізу мәселелерін меңгеру;
- Жорық кедергілері және оның күрделілік санаттары, құрал-жабдықтары, оларды пайдалану әдістерін оқып, үйрену;
- Туристік жорықтар құндылықтары мен жорыққа қатысты мамандар мәселесін шешу;
- Күрделілік санаттарындағы тау жорықтарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін және желі бағыттарының сипатын қарастыру;
- Күрделі санаттардағы спорттық жорықтар және оның маңызын меңгеру;

Оқу құралы кіріспеден, он алты тараудан, тест сұрақтарынан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі, мақсаты, міндеттері және жұмыстың құрылымы мен мазмұны берілген.

Оқу құралының тарауларында туристік жорық түрлерінің теориялық-әдістемелік негіздері, онда жорық туралы ұғым және оның классификациясы, туристік іс-әрекеттің әдіс-тәсіл ұғымдары, жорықты ұйымдастыру мен жүргізу әдістемелері, жорық кедергілері және оның күрделілік санаттары, құрал-жабдықтары, оларды пайдалану әдістері туралы айтылады. Сондай-ақ, туристік жорықтардың әлеуметтік-қоғамдық маңыздылығы аталып, туристік жорықтар құндылықтары мен жорыққа қатысты мамандар мәселесі, күрделілік санаттарындағы тау жорықтарын ұйымдастырудың ерекшеліктері және бағыттарының сипаты, күрделі санаттардағы спорттық жорықтар және оның маңызы мәселелері қарастырылады.

1. Белсенді туризм түрлері туралы негізгі түсінік

Туристік жорықтар – танымдылық мақсат үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Олар халық арасында кең таралған және ұйымдастыру, өткізу, материалдық шығындар жағынан тиімді. Туристік жорықтарды кез-келген уақытта (туризмнің жорықтарға байланысты жеке түрлері бойынша) және кез-келген жерлерде өткізе беруге болады.

Туристік жорық дегеніміз-алдын-ала құрылатын белгілі бір желі бойынша, әр-түрлі мақсатпен (танымдық, сауығу, спорттық жаттығу және тағы басқалар) белгілі-бір мерзімді қозғалыстың белсенді түріне негізделген іс-шара.

Туристік жорықтар:

Ұйымдастыруына байланысты жоспарлы және өз бетімен ұйымдастырылған болып бөлінеді.

1. *Жоспарлы туристік жорықтар* – арнайы мекемелердің (туристік фирма, туристік станциялар мен орталықтар) ұйымдастыруы мен қызметі нәтижесінде мемлекет ішілік және халықаралық деңгейлерде жүргізілетін туристік әрекет жүйесі.

2. *Өз бетімен ұйымдастырылған туристік жорықтар* – мекемелер мен ұйымдастырушылар көмегінсіз белгілі бір мақсатта ұйымдастырылған туристік әрекет жүйесі. Яғни, бұл қоғамдық топтардың, жеке адамдардың өз бетінше, бірігіп өткізетін жорықтары.

Туристік маршрут түрлеріне байланысты:

1. *Сызықтық желі* – бұл бір нүктеден екінші нүктеге бір жолменен барып қайту;

2. *Шеңберлі желі* – бір нүктеден шығып, сол нүктеге шеңбер тәрізді айналып келу;

3. *Радиалды желі (шашыранды)* – бұл жорық барысында белгілі бір нүктеге келіп қоныстанып жан-жаққа барып келу арқылы жорыққа шығу;

4. *Кешенді желі* – бұл желі түрі барлық желілер түрін қамтиды.

Мақсаттарына байланысты жорықтар әр түрлі болып келеді, олар адамдардың қызығушылығы мен талап-тілектеріне қарай танымдық, спорттық, оқу-тәрбиелік, ғылыми зерттеу, емдік-сауықтыру және өлкетану, этнографиялық түрлерге бөлінеді.

Ұзақтығына қарай бір күндік (көбінесе демалыс күнгі жорықтар (Д.К.Ж.) деп аталатын), *екі күндік* және *көп күндік* болып жіктеледі.

Бір күндік жорық – туристердің тек бір күнді (жексенбі) қамтитын танымдық мақсатта ұйымдастырылған жорықтары.

Екі күндік жорық – бір рет түнеумен қатар сенбі және жексенбі күндерін қосқанда екі күнді қамтитын жорық түрі.

Көп күндік жорық – екі-үш күннен басталып бірнеше күнге созылған жорық түрі.

Көп күндік жорықтар *категориялық спорттық* және *категориялық емес* болып бөлінеді.

Категориялық жорықтардың туризмнің жеке түрлері бойынша кестесі төмендегідей. Бұл кестеде жеке категорияларға қажетті ұзақтық (күнмен есептелетіндегі) пен жеке ұзындық (км-мен есептелетіндігі) көрсетілген.

Туристік жорықтардың қандай жерлерде өткізілетініне және туристік жорықтар кезіндегі қозғалыс тәсіліне байланысты туризм мынандай түрлерден тұрады.

Туризм түрлері бойынша категориялық күрделілік сипаты

Жорықтар категориялары	1	2	3	4	5	6
Кез-келген туризм түрі бойынша күнмен есептелетіндегі ұзақтығы (кемінде)	6	8	10	13	18	20
Жаяу туризм км-дегі ұзындығы (кемінде)	130	160	190	200	250	300
Шаңғы туризмі	130	160	200	250	300	300
Тау туризмі	100	120	140	150	160	160
Су туризмі	150	160	170	180	190	190
Велосипед туризмі	250	400	600	800	1100	
Мототуризм	1000	1500	2000	2500	3000	
Автотуризм	1500	2000	2500	2500	3000	
Спелеотуризм (үңгірлердің саны)	5	4-5	1-2			

Демалыстың ең қолайлы, демек, ең көп таралған түрі - жаяу жорықтар. Оларды жылдың қай мезгілінде болмасын қысқа, ұзақ қашықтықтарға және бұл мақсатта арнайы құрал саймандарды қолданусыз өткізуге болады. Жаяу жорықтар кезінде туристтердің күші мен уақытын дұрыс бөлу үшін, орынды бағыт пен қозғалыс екінін таңдап, кездескен кедергілерді жеңу қажет. Төменде жаяу жорықтарды өткізуде қолдана алатын кеңестер мынандай жүйелікті құрайды

Қозғалыс бағыты. Компас және карта көмегімен сапар желісінде қозғалу қиынға соқпайды, бірақ олардың көмегінсіз бағыт таба білу керек. Өзінің қозғалыс бағытын анықтауда алдыдағы көзге түсер аралық бағдар – теле дидар мұнарасын, биік ағашты табу керек. Басқа затты содан соң белгілейді.

Бірақ бағдар қиын анықталатын жағдайлар да болады. Күндіз күнге ай ауа райында немесе түнімен толық ай астында өзіне меншікті көлеңкеге бағыттап қозғалуға болады және бұл шырақтар сағатына 15 градусқа жылжитынын ескерген жөн. Желді ауа райында жел бағытымен, бұлыңғыр күні – бұлттардың қозғалыс бағытына қарап бағдар табуға болады. Осы және басқа да жағдайларда бұл қозғалыстың (желдің, бұлттардың қозғалысы)

көкжиекпен біркелкі екенін есте сақтау керек. Қыста бірінің артынан бірі қозғалып отырғанда өзің басқан ізді бақыла және ол қисайған болса түзетулер енгіз.

Орманда ағаштарды алма-кезек, біресе сол жағынан, біресе оң жағынан айналып өту керек. Топтың артында жүретін адам зейін салып топ қозғалысын бақылайды және қажет болса қозғалысқа түзетулер енгізуі керек. Бағдар ретінде дыбыстар – зауыт дыбысын немесе жүрген пойыз шуын, иттің үргенін немесе мылтықты атқанда шыққан дыбысты, трактор немесе автомобиль гүрілін және тағы басқаларды қолдануға болады. Егер мүлдем адассаңыз, өзіңіз өткен жолда өту уақыты мен жүру бағытыңыз көрсетілген ағаш дінгектеріне немесе жерге қағылған қазықтарға жазба хат қалдырып кету керек. Бұл тактика адасқан топты жылдамдық іздеп табуға көмектеседі.

Жылғаға немесе өзенге шыға салысымен, оның сағасына беттеп шығу қозғалысы қажет. Егер жол үстіне түссең және бұл уақытта көлік болмаса, ең кіші километрлік көрсеткіш бағытымен жүру керек. Егер ірі қаланың жанында болсаң ұшып бара жатқан ұшақтарға назар аударған жөн. Ұшақ төмен түсіп немесе жоғары көтеріліп бара жатса, онда әуежай жақын арада орналасқаны.

Қозғалыс. Жорықтың табысты болуы топ қозғалысының жақсы ұйымдастырылуына тәуелді. Топ қозғалысын ұйымдастыруды маңыздыға санамау сирек емес іс болып есептеледі. Бұл жорық ұйымдастырушыларының және топ басшыларының үлкен қателігі. Барлық жазатайым оқиғалардың (буынын шығарып алу, сынықтар, күн соққыларынан ауыру және тағы басқалар) 50 пайыздан астамы туристердің жорықта қозғалысы кезінде болатыны есептелген.

Топ қозғалысын ұйымдастыруда жүрістің ырғақтылығын қамтамасыз ету қажет. Жорықта туристер, ережеге сай, қозғалыстың әрбір 50 минутынан кейін (жер бедерін ескере отырып) 10 минут демалуға тиіс. Қозғалыс жылдамдығы орташа есеппен сағатына 3-5 километр болуы тиіс, бірақ өңірге және ауа райына қарай ол үлкеюі немесе азаюы мүмкін.

Туристер асықпай немесе баяуламай орташа қозғалыс жылдамдықпен жүруі тиіс екенін есте сақтау керек. Қозғалысты баяу екіпінде бастау қажет, бірақ 5-10 минут аралығында дәл осы қарқынды түзетіп аялдайтын жерге дейін сақтап жүру керек. 5-10 минут демалыстан соң қозғалысты бірте-бірте бәсеңдетеді, бұл аялдамалар кенеттен жүрекке немесе дем алу органдарына күш түсірмес үшін жасалады. Туристердің адым екіпінін кеміте отырып жүруде демалуға болады деген ойы дұрыс емес. Мұндай екіпінмен топ бір күнде 4-5 сағаттан артық жүре алмайды, ал қалыпты екіпінмен шамадан артық жүксіз және шамадан тыс жүктемесіз 8-9 сағат жүре алады.

Қозғалыс ырғағы – туристердің күші мен жұмысқа қабілеттілігін сақтаудың негізгі құралы. Қозғалыс үстінде мүмкіндігінше аз сөйлесу керек. Қозғалыстағы шамадан көп сөйлесу, дем ырғағын бұзады және ендігуге алып

келеді. Қозғалыс кезінде қатар тізбегін созуға немесе топтың себепсіз жаруға болмайды, мұндай жағдайда топты бақылау қиынға соғады.

Топтың тізбегі созылмас үшін ең баяу жүретіндерін топ қатарының басына қояды, ал тәжірибелі турист оны тұйықтайды. Оның міндетіне: артта қалушыларға көмектесу, қажет болса топ аялдамасы туралы топ жетекшісіне хабарлау міндеті жүктеледі.

2.Тау жорықтары туралы негізгі түсінік

Қазіргі таңда біздің республикамызда, әсіресе таулы аудандарда тау жорығына арналған желілер белгіленіп, жыл сайын терең зерттеліп, жаңа туристік желілердің тізбектері ашылуда. Тау жорықтары өзінің желілік тізбегіне қарай күрделілігі төмен және күрделі категориялы болып, оған қатысушылардың негізгі тармақтарына жауап бере алады. Оларға: адамның денсаулығы, шынығуы, танымдық факторлар жатады. Жалпы тау туризмі маусымдық болып, мамыр айының аяғынан қыркүйек айын толық қамтиды.

Тау жорықтарының желілері қазіргі ТМД мемлекеттерінің территориясы бойынша жақсы жолға қойған аудандар: Грузия, Қырғызстан, Тәжікістан, Солтүстік Осетия, Қырым, Орал, Карпат таулары және тағы басқалар. Сонымен қатар, спорттық күрделі категориялық туристік жорықтардың кезкелген түрін өткізуге арналған тау тізбектеріне: Үлкен Кавказ, Памир-Алтай, Солтүстік және Оңтүстік Тянь-Шань және Алтай таулары кіреді. Осы аталған тау жорықтарының желілерімен жылына жүз мыңға жуық туристер мен альпинистер әртүрлі деңгейдегі жорықтар ұйымдастырады.

1970-1980 жылдар аралығында туристер мен альпинистердің көмегімен қазіргі ТМД территориясы бойынша төрт жүз мыңға жуық тау асулары ашылып, карта беттеріне белгіленді. Тау жорықтарының техникалық және тәсілдік қолданысымен түрлі табиғи кедергілерден өту күрделіліктері алты категорияға бөлінеді: 1а, 1б, 2а, 2б, 3а, 3б. Неғұрлым сандық көрсеткіш өскен сайын, тау жорығының күрделіліктері де жоғарлайды.

Тау жорығы бұл спорттық және танымдық туризмнің ерекше түрі. Арнайы дайындықсыз және дағдысыз тауға шығу қауіпті. Бірақ кәдімгі туристердің маршрут бағыттарында таулар кездесуі мүмкін. Сондықтан альпинизм элементтерін білу әрбір туристің міндеті. Жазатайым оқиғалардың көпшілігі абайсыздан болады.

Тік емес жоталардың өзінен сақтандыру құралдары: арқан, репшнур, карабин және арқанды пайдалану арқылы жүру керек. Арқанның түйіні арқада, жауырындар арасында біріншісімен байланыста болып, келесілерінің жоғарғы жағында орналасуы үшін төсті және қолтықты айналдыра орайды. Топ мүшелері арасы 8-10 метр болуы тиіс. Қозғалмалы ірі жеке тұрған тастарға жабысуға, оларды төменге итеруге болмайды. Ені бір метрге дейінгі жарларды аттап өтуге болады, ал бір метрден артық жарларды айналып өткен дұрыс.

Тау жоталарының тік беткейлеріне ирең әдісімен, яғни 15-20 адымнан кейін қиғаш бір бағытқа, тура соны қайталай отырып екінші бағытқа қарай жылжу арқылы шығу керек. Сондай-ақ, сыдырмалы тасты беткеймен, мұздармен, төмен аққан жылғалармен жүруге болмайды.

Жауынды күні тауда жүру өте қауіпті, өйткені көріну мүмкіндігі төмендейді, жарық түсу азаяды және жыралар, соқпақ жолдар тайғақ болады. *Найзағайлы жаңбырлар* кезінде таудың жоталарымен қозғалуға немесе биік ағаштар жанында болуға болмайды, өйткені найзағай жарқылдауы және оның жерге түсу мүмкіндігі артады. *Тас көшкіндері* өте қауіпті: тастар науалармен, тау жылғаларымен домалайды. Ол әр түрлі себептерден болуы мүмкін, толассыз жаңбырлардан, жабайы аңдардың қозғалысынан, туристердің абайсыздығынан. Тауда үлкен қауіп-қатерді *қар көшкіндері* де туғызады. Сондықтан қар көшкіні бар беткейден және 25 градустан жоғары ылдиларды айналып өткен жөн. Жарлардың үстінде, қозғалыста тұрған тастар астында, зерттелмеген үңгірлерде, ысырынды тік жартас жанында түнемеңіздер. Тауда түнгі кезекші қажет, келе жатқан қауіп-қатер болса ол топтың бәрін оятып және оларға дұрыс бағдар береді. Кенеттен болған тас көшкінінде ең ірі ағаштардың діңдерінің жанына немесе тас көшкіні қауіпті емес жерлерге тығылған жөн.

Тау жорықтарын ұйымдастыруда ерекше көңіл акклиматизация мәселесіне бөлінуі керек. Өйткені, жорық желісін жүріп өтудің ұтымды жақтары осыған тікелей байланысты. Сондықтан, акклиматизацияны жүргізудің негізгі себебі -таудың жоғарғы белдеулігіне көтерілген адам төменгі атмосфералық қысымның әсерін сезінеді, күндізгі және түнгі температураның күрт өзгерісіне ұшырайды, ауаның абсолюттік ылғалдығы артады. Міне, осы айтылған факторлардың барлығы адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Атап айтқанда, қан қысымының көтерілуі, бас ауыруы, оттегі жетіспеу және тағы басқалар. Негізінен тау жорығы барысында тау ауасымен жоғары қарай жүру кезінде оттегінің адам ағзасына толық жетіспеуінен адам тау ауруы-гипоксияға ұшырайды. Тау жорығына қажетті акклиматизацияның алғашқы активті этапын 2800 метрден бастау керек. Мұнда екі күндей түнеп, әр 500-800 метрге көтерілген сайын бір рет түнеу жұмыстарын ұйымдастыру шарт. Туристтік топты бірден 5000 метр биіктікке жіберуге болмайды. Егер топ мүшелері бұрын кем дегенде 4000 метр биіктікте болып көрмесе, жалпы 5000 метр биіктікке шығу үшін топ мүшелері 3500-4000 метр биіктікте бес-алты күндей түнеп, адам ағзасын сол климаттық белдеуге бейімдеу қажет. Ал 5500 метр биіктікте қатарынан бес-алты күн болуға болмайды. Өйткені, ол ағзаға өте зиян екені ғылыми тұрғыда дәлелденген.

3. Шаңғы жорықтарын ұйымдастырудың техникалық және тактикалық жағдайы

Соңғы кездері шаңғы туризмі республикамыздың солтүстік аймақтары мен биік таулы аудандарында жатқан Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Жоңғар

Алатауы, Тянь-Шань тауларында даму үстінде. Жалпы біздің республикамызда қыс айларында шаңғы туризмінен көп күндік жорық өткізуге және оны ұйымдастыруға мүмкіндік ресурстары мол. Шаңғы жорықтары басқа да жорықтар түрлері тәрізді бір күндік, демалыс күнгі және көп күндік болып бөлінеді. Шаңғы жорықтары кез-келген топ мүшелерін дененің шынығуына, шыдамдылыққа, табандылыққа, ептілікке және өлкенің қысқы табиғи тыныс тіршілігін танып білуге баулиды. Жорық барысында туристер, шаңғы жорығы мүшелері, рельефтің әртүрлілігін, қардың жалпы қалыңдығын, күндізгі және түнгі ауа райы температурасының ауытқу жағдайын, дала жағдайында қысқы түнеу жұмыстарын жүргізу немесе қысқы бивуак ұйымдастыру жағдайын меңгеру, от жағу, тамақ жасауды және шаңғымен жүру кезінде рюкзакты алып жүру мәселелерін толық үйренеді.

Мұндай мәселелерді толық меңгеру үшін шаңғы туризмінің теориялық оқу-жаттығу білімінің техникалық-тәсілдік әдіс шеберлігін зерделі түрде меңгеру қажеттілігі туындайды. Әрбір шаңғышы туристік көп күндік жорыққа аттанар алдында кем дегенде 1 ай мерзімінде демалыс күнгі немесе бір күндік шаңғы жорығына қатысып, шаңғыда тұру, жүру т.б. қозғалыс тәсілдерін игеріп, сынақтан өткеннен соң көп күндік шаңғы жорығына қатысуға рұқсат алады.

Шаңғы жорығына ең қажетті құрал-сайманды шаңғыны таңдау үшін жорық сипатын ескерген жөн. Шаңғы жорығы міндетті түрде қар жамылғысы қалың жерлерге негізделгендіктен шаңғы табанының жалпақтығы 7-9 сантиметр болып, шаңғышының салмағы мен жүк салмағына сай шаңғының ұзындығы таңдалады: 75-90 кг салмақта, шаңғы ұзындығы 220 см болуы тиіс; 65-75 кг – 210 см. Шаңғыны таңдауда адам қолын жоғары созып тұрған бойына қарай таңдаған дұрыс. Жерден саусақтарының ұшына дейінгі ұзындығы шаңғы ұзындығын көрсетеді. Оның негізгі заңдылығы борпылдақ қарда кез-келген топ мүшесін қарға батып кетуден сақтандырады.

Шаңғылар пластмассадан, темірқоспасынан, ағаштан жасалады. Оларды арнайы жағдайлар мен мақсаттар үшін әзірлейді: таулы және тегіс жерлер үшін, жарыс және аңшылық, туристік және секіруге арналған. Әр шаңғыны таңдағанда тұмсық бөлігінде бұтақтар, жарықтар болмас үшін мұқият тексереді. Шаңғы жуанырақ болса мықты болады, бірақ жорыққа арналған шаңғы иілгіш болуы керек, сондықтан жорыққа тым қатты шаңғы алуға болмайды.

Шаңғы таңдағанда оның пішініне көңіл аударыңыз: олар қисық болмауы тиіс. Шаңғы таяқшасы қолтыққа дейін жетуі керек. Зауытта жасалған шаңғыларда қатты аяқ киім – бәтеңкелерге арналған мықты бекіткіш бар. Сондықтан қысқы жорықтарға аяқ киім таңдағанда, ішінен екі-үш жүннен тоқылған қос шұлық кие алтындай мөлшері үлкендеуді алу керек, егер аяқ киімнің іші жүн болса тіпті жақсы. Шаңғышылар киімі өте жылы, жеңіл, жел әрі су өткізбейтін және қозғалыс кезінде кедергі келтірмейтіндей болуы керек. Мысалы, жүннен тоқылған күрте, жүнді кеудеше, бөрік құлақшын,

тоқылған қолғап, жылы шалбар. Жорық құрал-жабдықтары қысқы, яғни жақсы жылытылған болуы тиіс.

Шаңғы жорығындағы негізгі құрал-жабдықтарға примус, капроннан жасалған қап (синтифон), табаны үрлемелі жел мен ылғал өткізбейтін палатка, бензин, шаңғының табанын майлайтын шаңғы майы және жөндеуге қажетті құралдар жатады. Қалған керек-жарақтар кәдімгі жорыққа тәрізді алынады, олардың айырмашылығы тек жорық жабдықтары қысқа арналған, яғни суық өткізбеуі керек.

Шаңғы жорығының жолға шығар алдында спорттық дайындықтан өткен жөн. Жоспарлы туристік желілерде шаңғы жорығының жұмысы тактикалық және техникалық дайындық жүйелі түрде болуы керек. Өз бетімен ұйымдастырылған жорыққа шығар алдында да мұқият дайындалған жөн.

Топ мүшелерінің жалпы физикалық дайындығының негізгі түріне мыналар енуі қажет: демалыс күнгі жорық жағдайында салмағы біршама рюкзакпен жүруге әдеттену; шаңғымен беткейге көтерілу техникасының «шырша» тәрізді әдіс түріне жаттығу жасап, меңгеру, сонымен бірге төмен түсу, күрт бұрылу, беткейлерден траверс жасауға үйрену; жорық жағдайында қатты жел тұрғанда, борап қар жауғанда және күн суығанда оның жолдарын қарастыру тәсілін үйрену.

Тегіс және ормансыз жерлерде, өзен немесе көл үстімен сырғанағанда шаңғышы желкен қолдануына болады, ол кішкентай желдің өзінде қозғалысты жеңілдетеді. Желкен құру өте оңай және әр түрлі, бірақ оларды құруда желкеннің арнайы мөлшері болуы керектігін және оны қолдана алатындай жасау керек екендігін ойдан шығармаған жөн. Ең оңай желкен жасау тәсілі – екі таяқшаға 1,5x1,5 метр матаны созу арқылы жасалады.

Шаңғымен жүру желілерінде барлық қозғалыстарды қолдануға болады. Бірақ оларды бір көргеннен қайталау қиынырақ. Көбіне таралған қозғалыс түрі – алма кезек жүріс. Сырғанай келе аяқтарын алдыға кезек-кезек жылжытады. Қозғалыс үстінде шаңғыны сындырып алмас үшін абай болыңыздар, өйткені қардың астында шұңқырлар, қатпаған қайнар көздері болуы мүмкін.

Шаңғы жорығының жер бедерінің күрделілігіне: техникалық дайындықтың түрлерін дамыту, жолдың кестесін құру және күндіз өтілетін жол бөлігінің қауіпсіздігін сақтау жатады. Қар көшкіні және басқа да шұғыл күрделі оқиға болғанда топтың ұтымды қимылдары өз мезгілінде ұйымдастырылуы шарт. Жорық кезіндегі жүру уақыты тікелей жер бедері кедергілеріне байланысты: орман және жел әсеріне төтеп беру және шыдамдық таныту. Жалпы шаңғы жорығының орташа жылдамдығы сағатына 4 километр, ал күніне 18-20 километр шамасында жол жүрілуі қажет. Дамылдау кезеңіне әрбір 40-60 минут сайын 10-15 минут уақыт бөлу керек.

Шаңғы жорығында үлкен қиындықты қар үстінде түнеу туғызады. Сондықтан шаңғы жорығына аттанарда қар үстінде түнеуге мұқият дайындалу керек. Дамылдауға тоқтаған кезде жел соқпайтын орынға тоқтаған жөн. Шатырды орнатып, нығайтқаннан кейін туралған қар

кабаттарымен оны үстіне дейін қымтаңыздар, ол жел өткізбеуі тиіс. Мұндай қар жамылғысы шатырды жылы ұстауға септігін тигізеді.

Қысқы түнеуде дұрыс жағылған от үлкен маңызды алады. От жаққанда қурап қалған ағаштардың қалыңдығы 15 сантиметрден үлкен болмауы тиіс, өйткені күздің жаңбырларынан кейін кебе қоймаған шөмшектер жаман жанады. От жағу орнын мұқият таңдаған жөн, өйткені алау қарды ерітіп, үлкен қарлы шұңқырға айналуы мүмкін. От жағуда екі бөрене үстіне, үшінші бөренені астындағыларға параллель етіп қояды. Жағуға арналған бөренелерді төсемге көлденең етіп қояды. Егер бөренелер қатты жанып жатса, оларды арашалап қоюға болады, ал жоғарғыларын, арасында саңылаулар болатындай етіп, астарларға көтеріп қоюға болады. Бөренелер арасында саңылаулар көп болса, от баяуырақ және ұзақ уақытқа жанады. От жылу беретіндіктен, оның жанына жылу көбірек келетіндей етіп жағу керек. Келесі күнге ең құрғақ және жақсы отындар дайындап қою керек.

Жорыққа қатысушылардың тамақ рационы өте жоғары болуы керек, мысалы, шұжық, қант, май өнімдері, құрғақ жеміс-жидектер және ұннан жасалған өнімдер міндетті түрде алынуы тиіс.

Жалпы шаңғы жорығы кез-келген топ мүшесінен толық тактикалық және техникалық дайындықты қажет етеді.

4. Су жорықтарын өткізу және оның техникалық, тактикалық жағдайы

Су туризмі-ертеден келе жатқан туризм түрлерінің бірі. Адам баласы көптеген нәрсеге қолы жетпесе де, желдің күшін түсініп, желкенді қайықты ойлап тауып, әлемдік су айлағын желкен арқылы бағындырған. Ғылым мен техника дамуымен қатар су туризмі қызықты, әрі тартымды бола түсіп, өзінің өзектілігін жоғалтпады. Суда жүзу құралдары көмегімен өзен, көл, су қоймалары, теңіздер арқылы су жорығын ұйымдастыру және теплоходпен алыс сапарларға шығу су туризмінің негізгі желісін құрайды. Су жорықтары белсенді демалысқа, танымдылық үдерістің артуына, сауықтыруға және спорттық белсенділікті дамытуға үлкен үлес қосады.

Су жорықтары (жоспарлы немесе өз бетімен ұйымдастырылған) басқа жорық түрлерінен артықшылықтары көп, ерекше білім, дағды, іскерлікті талап етеді. Сондықтан су жорықтарының ең жоғарғы талабы суда жүзу құралдарының техникалық дайындығы және оларды қолданатын жорық мүшелерінің мол тәжірибесінің тактикалық дайындығының болуына үлкен шарт қойылады. Суда жүзу құралдарының негізгі түрлеріне сал, катамаран, байдарка, ескекті қайық, желкенді қайық, тағы басқалар жатады. Біздің отандық өнеркәсібіміз алуан түрлі жүзу құралдарын шығарады: үрлемелі қайықтар, салдар, катамарандар. Су жорығына қатысатын туристер өз күштерімен көптеген жүзу құралдарын әзірлейді. Біреуі көлдермен саяхат жасау үшін арналған болса, келесісі – баяу ағысты өзендерге, үшіншілері – тау өзендерінің тасқынды түрлеріне негізделеді, төртіншілері - таяз жерлерге, бесіншілері – терең жерлерге арналған. Жүзу құралдарының барлығына

сипаттама берудің қажеттігі жоқ, өйткені сатылуда тұрған жүзу құралдарының әрқайсысының техникалық төлқұжаты бар.

Су кедергілерін жеңу. Өзендер, тоғандар, каналдар – желіде кездесетін кедергілердің кең таралған түрі. Оларды білу үшін белгілі бір білім мен дағды керек. Су кедергілерін кездестіргенде оны жеңуге болатын кедергі ретінде қарастырып, барлық мүмкіндіктері мен жолдарын мұқият ойлау керек. Егер ағыстың төмен немесе жоғары жағында көпірдің жоқ екендігіне көзіңіз жетсе, онда жағаны ықыласты қарап шығыңыздар, мүмкін қарама-қарсы жолға шығатын сүрлеу жол бар шығар.

Су бөгетін жеңудің ең қарапайым түрі – суды кешіп өту. Бұл үшін ағыс жылдамдығы мен су тереңдігіне көзіңіз жету қажет. Тереңдік анықтамасын барлауға жақсы жүзе алатын бойы ұзын турист жіберілуі керек. Ол жұмсақ киім мен аяқ киімді, және тереңдікті анықтауға арналған ұзын сырықты болуы тиісті. Топ мүшелерін құлап қалу жағдайынан ұзын арқанмен сырық ағашы сақтандырады. Ағыспен алдағы судың тереңдігін анықтай отырып жоғары қарай қиғаш жүру керек. Кедергі болатын су арнасына қарай перпендикуляр қозғалу керек. Қарама-қарсы тұрған жағаға жеткенде, ағаш діңіне немесе басқа көлемді затқа сақтандыру арқанын байлау қажет. Егер арқанды байлау қиынға түссе, екі жаға арасында екі адам оны қолмен тартады, ал туристер арқан ұшын ұстай өзенді кешіп өтеді. Қатты ағыс кезінде, ағыс алып кетпес үшін, қолға ауырлау келген тасты ұстап өту қажет.

Ағысы күшті және тереңдігі белден жоғары өзенді 3-4 адамнан тұратын топпен өткен дұрыс. Сырықты өзеннің түбіне тіреу үшін қолданады. Жүкті тартылған арқанмен жібереді.

Тасты өзенмен өткенде аяққа зақым келтірмес үшін аяқ киіммен өткен дұрыс. Арқанмен тек қана жалғыздап өту қажет, ал қалғандары арқанды тартып, басқаларын сақтандырып тұрады. Суды кешіп өту үшін жайпақ жағаларды таңдау қажет, өйткені тік жағалар судың терең екендігін білдіреді.

Тау суларынан таңертең өткен дұрыс, өйткені күннің бұл мезгілде өзен деңгейінің суы аз көлемде болады. Түске таман немесе түстен кейін қар және мұздықтар еріп, су көлемі ұлғаяды. Терең немесе ені кең емес өзендерден өтуде екі жаға арасына ағаш бөренесін тастап өтуге болады. Егер, өзен арнасы қашық болса, келесі жағалауға якорлы арқан лақтырып, арқан керу арқылы өту су туризмі практикасында кеңінен қолданылады.

Ірі суқоймаларынан үрлемелі матрас арқылы өтуге болады. Ол жоқ болған жағдайда қураған ағаштардан сал жасалады. Салды келесі бетке жібергенде, оны арқанмен ағашқа байлап немесе жағада тұрған адамдарға тарқызып сақтандыру арқылы өту тәжірбесі де кеңінен пайдаланылады.

Барлық жүзу құралдары түрлеріне және оның техникалық, тактикалық мүмкіндігіне тоқталайық. Мысалы, жүзу құралдарымен су қоймасынан жеңіл жүзіп өтуге болады, ал судың тереңдігі және жартастар мен таяз су айлақтарының молдығынан теплоходтар мен кішкене кемелердің өтуі қолайлы емес. Жеңіл жүзу құралдарымен саяхат жасауда өзінді физикалық түрде қинамай-ақ жүк, тамақ, құрал-жабдықтар салмағын үлкейтуге болады.

Су жорығымен айналысатын туристерге су ығыстырғыштық, жүзгіштік, кеме орнықтылығы және тағы басқа ұғымдарды білуі керек.

Су ығыстырғыштық – қайыққа жүкті толық тиеген кездегі ығыстырылатын су көлемінің жалпы жағдайы.

Жүзгіштік – кеменің суда батпай, өзін су үстінде ұстауы. Ол борттың су үстінен биіктігіне тәуелді болады. Борт неғұрлым жоғары болса, жүзгіштік қоры соғұрлым көбірек болады.

Өтімділік – суда жеңіл және жылдам жылжуға мүмкіндік беретін кеме қабілеті. Ол кеменің түріне, суға бату тереңдігіне, кеменің су асты бөліктерінің тегістігіне, сонымен қатар жүктің тиелуіне тәуелді. Кеменің алдыңғы бөлігіне жүкті азырақ тиесе, кеменің өтімділігі жақсырақ болады. Тұрақты кеме бағытты жақсы ұстайды.

Орнықтылық- кеме тепе-теңдіктен дауыл немесе басқа да себептермен ауытқыған кезде оның қайта орнына келуіне көмектеседі. Орнықтылық көбіне кеме түріне, жүктің орналасу орнына тәуелді болады. Жүк неғұрлым төменірек орналасса, кеме соғұрлым орнықтырақ. Кеменің ішіндегі су оның орнықтылық дәрежесін төмендетеді. Дұрыс орналаспаған жүктер, сондай-ақ, кеменің орнықтылығына септігін тигізуі мүмкін. Егер кемеде жүк аз болса, түбіне балласт төсейді. Кең кеме тар кемеге қарағанда орнықтырақ.

Жоғарыда көрсетілген сапалардың барлығын сақтау тек тынық суда емес, сонымен қатар толқынды әрі желді суда кеменің жүзуге жарамдылығы мүмкіндігін туғызады. Тұмсығы доғал кеме ауыр жүреді, әсіресе толқынға қарсы, өткір тұмсықты және қоршаулары аласа болса – суға толады. Егер кеменің су асты бөліктері өткір болып, су үсті бөлімі толығырақ болса, жақсы болады. Жүкті кеменің орта бөлігіне орналастырған жөн. Кеменің алдыңғы немесе артқы жағында жүктің шамадан артып кетуі келеңсіз жағдайларға алып келуі мүмкін.

Қайық таңдау – жорыққа дайындықтың маңызды элементтерінің бірі. Әдетте, өзенмен жоғары көтерілу немесе төмен түсу үшін жүк көтерімділігі 500-600 килограмм қайықтар таңдалынады. Бірақ өзендердің жоғарғы ағысында тар қайықтар ыңғайлырақ. Табалдырықтары, сарқырамалары бар өзендер үшін биік тұмсықты қайықтар, ал үлкен өзен мен көлдер үшін толқынға жеңіл көтеріле алатын биік бортты, биік тұмсықты қайықтар қажет.

Біздің өнеркәсібіміз туризммен айналысу үшін қайықтың бірнеше түрлерін шығаруда. Олар, *темірден жасалған* – темірдің жеңіл қорытпаларынан жасалған, бірақ әйтсе де ауыр; *пластмассадан* – пластмассалардың мықты құрамынан жасалған, олар жеңіл және ыңғайлы, бірақ сенімді емес; *жиналмалы* – құрамындағы су өткізбейтін қоспалары, фанерлер мен темір қорытпалары өзінің керек кезде оңай жиналатындығымен қызықтырады, бірақ кішкене сенімсіздеу; *үрлемелі* - резеңкелік жеңіл, оңай тасуға болады, бірақ жүзу жарамдылығы аз.

Саяхаттың дұрыс өтуі үшін қайықтың жабдықтарына үлкен көңіл аудару керек. Қайықтың түбіне міндетті түрде тор ретінде жұқа тақтайлар немесе бойлаушы тақтайлар төсеу керек. Қалай саяхаттасаңыз да (желкен астында

немесе мотормен) әрбір қайықта ескек тұтқалар болу керек. Зауытта жасалған қайықтарда олар жинаққа кіреді, бірақ көбінесе ескекпен жұмыс жасауда олардың бекітілген жері ауырлыққа шыдамай жарылады. Сондықтан тәжірибелі қайықшылар ескекті бекітетін орындарға тесігі бар ағаш негіздер немесе темір тақтайшалар орнатады. Тұтқа ескекті ұстап тұрады. Ескек тұтқасы өз орнында айналып, ескектің сыртқа құламауын қадағалау керек.

Еспелі ескектер әртүрлі болып шығарылады. Бірақ тым ұзын немесе қысқа, жуан немесе ауырын алуға болмайды. Ережеге сай, туристер қайықта топпен немесе 2 адам болып саяхаттайды. Мұндай жағдайда сабы жуан ескектер таңдалынады. Ені 1,2 метр қайықта ескектердің ұзындығы 2,5 метрге сәйкес болуы тиіс. Әдетте өзен қайықтарының ескектері қысқа болып келеді. Қалақтың ұзындығы ескектің 1/3-не сәйкес. Ескектің сабы алақанмен оңай ұсталатындай тегіс, қабыршықтарсыз болуы тиіс. Қолға су тимес үшін ескек қалағының жоғарғы жағын жіп немесе резеңке сақинамен орайды.

Егер су жорығында қандай да бір жұмыс жоспарланса: балық аулау, суретке түсіру, әр түрлі бақылаулар, қайықты орнында ұстап тұру үшін зәкір қажет. Зәкірдің салмағы қайық көлеміне тәуелді: қайықтың 1 метр ұзындығына 1,5-2 килограммнан келеді. Егер темір зәкір болмаса, оны таспен немесе қажетті мөлшерде темір кесегімен алмастыруға болады. Зәкірді суда бекіту үшін берік ұзын арқан немесе шынжыр қажет. Жіптің ұзындығы су қоймасының тереңдігіне тең.

Қайықты аялдамада бекітіп, байлау үшін арқан қажет. Жорықта ескекпен мүлдем жұмыс істей алмайтын таяз жерлерден өтуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда ұзындығы 4,5 метр, ал қалыңдығы 4 сантиметр сырық болған жөн. Онда судың тереңдігін өлшеу үшін сантиметрлік сызықшалар кесіп қою керек.

Кез келген қайық су өткізуі мүмкін. Су жаңбырмен немесе толқынмен келеді. Бұл жағдайда су төкпе – шөміш, бақыраштың болғаны дұрыс. Су жорығына қатысушы туристтер әдетте күндіз саяхаттап, түнде айлаққа дамылдайды. Бірақ, ымыртта да, тұманда да, түнде де жүзуге қажеттілік туатын кездер болады. Мұндай жағдайлар үшін шамдар: біреуі жарық әйнекті, екіншісі – қызыл, жасыл түсті, қозғалыс кезінде белгі беру үшін, және де аялдамада іліп қою үшін қажет.

Жорықта маңызды істердің бірі – қайықты жөндеу. Ол әрдайым керек емес, бірақ оған әрқашан да дайын болу керек. Егер сіз жорыққа ағаш қайықпен шықсаңыз, оны жөндеуге сізге кем дегенде шегелер, балға, кемпірауыз, бұрандалы шегелер, бұрауыш, балта, ара, бәкі, бірнеше ағаш кесіндісі, қаңылтыр кесінділері, жұмсақ сым, үш қырлы егеу, шайыр қажет.

Темір қайықты жөндеу үшін тесілген жерді жамауға кішкентай бұрғы, резеңке қиындысы және гайкалы бұрандалар қажет. Жиналмалы қайықты жөндеу үшін резеңке желімі мен резеңке жамаулар, зімпаралы қағаз, біз, жуан ине және жіп қажет. Жиналмалы қайықтағы үлкен айырылысты алдымен тігеді, содан кейін жамауды жабады. Қайықты суға желімі, шайыры, бояуы кепкеннен кейін ғана түсіреді.

Әрбір топ мүшесі өз қауіпсіздігі үшін қайыққа мінерде құтқарушы кеудешесін киюі тиіс. Қайықта адам сыртқа құлаған кезде қолданылатын ұзындығы 5-6 метр капронды арқан болғаны дұрыс. Мұндай жағдайларда жіптің бір ұшын судағы адамға береді, бір ұшымен оны қайыққа тартады.

Жылдың суық мезгілінде және қауіпті аудандарда жүзуде әрбір адамда гидрокостюм болу керек. Жорық жабдықтары жаяу жорық жабдығындай алынады, тек таулы өзендермен жүзуде топ мүшесінің әрқайсысы дулыға (каска) киеді.

Ескекті қайықтарда ыңғайлылық және уақытты үнемдеу үшін желкен орнатуға болады, оны мата, шатыр қиындысынан әзірлейді. Сырық-діңгекті қайықтың орталығына бекітіп, төрт жағынан арқан тартады. Діңгектің үстінен желкенді көлденеңінен созып, бекітеді, ал діңгектің үстіндегісін жоғары көтереді. Желкеннің төменгі бөлігін қайықтың қабырғаларына бекітеді.

Егер діңгекті орнатып көлденеңінен көтеру мүмкіншілігі жоқ болса, 2 қаданы алып, олардың орталарын байланыстырып, қайшы түрінде орналастырады. Қадаларға матаны бекітеді, сонымен желкен дайын. Желкен құрғанда үлкен желкен қауіп-қатер туғызуы мүмкін (қатты жел қайықты аударып жіберуі мүмкін), ал кіші желкен – қайық қозғалысын тежейтінін білген жөн. Сондықтан мөлшерін матаны көтеріп және түсіру арқылы реттеуге болатын желкен құру керек.

Желкенді басқару арнайы білімді қажет етеді, сондықтан лезде алыс жорықтарға аттануға болмайды.

Су асты желкенін ағыспен төменге түсетіндей етіп, қап сияқты жасауға болады. Желкен су үстіне шықпас үшін оның төменгі жағына жүк бекітіледі.

Қайықпен қозғалудың көп тараған түрі – ескекті. Есудің түрі өте көп. Ең оңай жолы – екі адам бір қайықта отырып әрқайсысы өзінің ескегімен бір мезгілде немесе кезек-кезек екі ескекпен жұмыс жасайды. Мұндай есуде екі қолдың бір ырғақпен жұмыс істеуін және ескектердің бірдей тереңдікке батуын қадағалау керек. Есу кезінде қол қажалмас үшін саптарға су тимеуін бақылау керек, ал алақанмен ұсталатын жерлерін вазелин немесе басқа майлармен майлау керек. Жұқа қолғаптар киюге де болады.

Егер қайық ары-бері шайқала берсе, онда дұрыс қойылмаған жүк кедергі жасағаны. Ескекпен суды ақырын есу керек, ал келесі есуге ауыстыруды жылдам жасау керек. Қайықты бір ескекпен қарқынды түрде есіп отырып, екіншісімен қарама-қарсы бағытта есу арқылы қайықты бұруға немесе оның қозғалыс бағытын өзгертуге болады. Ағыс жылдамдығы сағатына 3 километрден үлкен өзенде ұзын сырықпен өзен түбінен итерілу арқылы қозғалуға болады, немесе мықты арқан қолданады. Мықты арқанның ұзындығы шамамен 30-50 метр болуы тиіс.

Қалың сулы тоғайлы жерлерде, немесе жағаны бойлай жүзгенде ұзын сырық қолданылады. Сырық дұрыс таңдалып, білікті қолданса, қозғалыс жылдамдығы ескекті қайықтың жылдамдығына жетеді.

Қайықпен саяхаттауда кейбір ерекшеліктерді білген жөн. Ағыспен төмен қозғалуда ағыстың жылдам жерін ұстану керек, ал жоғары көтерілгенде, керісінше тынық ағысты жерлермен жүзу керек. Өзендерде қайырлар мен тастар үлкен қауіп төндіреді.

Тұрақта қайық тұмсығын жағаға қаратып, ал артқы жағын ағыс бағытына қарай бұрып қояды. Жағалаудағы төңкерілген қайық жаңбырлы күндері оңды баспана бола алады. Ұзақ жорықтар кезінде қайықты жағаға шығарып, төңкеріп қойып кептіреді. Тым ыстық күндері ағаш қайықты күн астында ұзақ уақытқа қалдырмаған жөн.

Көбінесе тәжірибелі емес туристер қайықпен немесе катермен жорыққа шығарда судың қорын жолда толтырып алуға үміттеніп, ішетін суды аз алады. Су қоймаларындағы тұзды суды ішуге тыйым салынған, оның құрамында ағзаға кері әсер ететін көптеген еріген тұздардың бар екенін ескеріңіздер. Ағзаға түскен 100 грамм тұзды суды шығару үшін 150 грамм тұщы су қажет. Егер сізде таза су болмаса, ағзаға түскен тұз сіздің бүйрек, асқазан, ішек, жүйке жүйесінің жұмысына жылдам әсер етеді. Мұндай жағдайларда су ішпегеңіз абзал. Ағзадағы су тез кетіп қалмас үшін, киіміңізді жиірек сулап тұру керек. Міне, су жорықтары осындай негізгі техникалық және тактикалық мәселелердің тианақты дайындығын қажет етеді

5. Веложорықтарды ұйымдастыру және оның техникалық тактикалық жағдайы

Кезінде белгілі болған велосипед соңғы жылдары ұмытыла бастады. Қазір велосипед қозғалыс құралы ретінде көп адамның көңілін қайта аударуда.

Өзінің демалыс күндерін велосипедте өткізгісі келетін туристер веложелілерде мамандандырылған туристік базаларға жолдама ала алады. Турбазалар велосапарға қажетті заттардың барлығымен қамтамасыз етеді.

Қазақстан территориясында веложорықтарға біршама Оңтүстік, Батыс және орталық аймақ жарамды, себебі мұнда климат факторы, жүретін жол жағдайы және жорықтың негізгі мақсаты, танымдылық дәрежесінің деңгейі жоғары. Жалпы велотуристік желілерді Қазақстан территориясы бойынша әрбір туристік топ өздері таңдап, зерделі түрде танымдылық мақсатына қарай ұйымдастырып, өткізуіне болады. Сондықтан, жорықтарды ұйымдастыратын туристік орталықтар арнайы карта жобасын жасап шығаруы қажет.

Велосипедте дербес саяхаттағысы келетін туристер де аз емес. Олардың мұндай жорықтарда дұрыс сапар желілерін таңдау өте маңызды екенін ұмытпағаны жөн. Веложорықтарға шығу алдында сапар желісін таңдау алдын-ала жоспарланып, оның категориялық күрделілігі қарастырылады. Желінің жаяу жүретін бөліктері (темір жол, биіктік беткейлер, батпақты, сулы жерлер) жалпы жолдың 10-15 пайызынан аспауы қажет.

Оларға автокөліктер қозғалысы көп жерлерде жүрмеуін түсіндіру керек, бірақ мұндай жолдар көрікті әрі жабдықталынған. Ірі автотрассаларда велотуристер көліктерден шыққан газ әсеріне ұшырайды, сонымен қатар, автокөліктердің қарқынды қозғалысы және велосипедшілерге арналған арнайы жолдардың жоқтығы туристерге қауіп төндіреді. Мұндай жолдарда туристердің өздері автокөліктерге бөгет болады, өйткені 8-10 велосипедшіден тұратын топты айналып өту өте қиын. Велотуристер жол жүру ережесін жақсы біліп, орындауы тиіс. Веложорыққа қатысатын топ мүшелерінің тәжірибесі және көлік құралдарының техникалық ахауларын қалпына келтіретін шеберлігі болуы шарт.

Велосипед таңдауда танымал емес маркаларға және жарысқа арналған велосипедтерге зер салмау керек. Жорық үстінде велосипедтің сынуы, жарамсыз болуы мүмкін, ал мұндай велосипедтерге қосалқы бөлшектер табу қиынырақ. Сондықтан қосалқы бөлшектері оңай табылатын велосипедті сатып алған дұрыс.

Құрал-саймандардан жаяу жорықтарға арналғандардың барлығын дерлік алады, бірақ педальді оңай айналдыра алуға қолайлы аяқ киімді таңдау керек. Алақанға қажетті бір-екі қолғап болу керек.

Веложорықтағы ең негізгі мәселе: жолға алынатын заттың ықшамдылығы, салмағының жеңілдігі. Мұндай жорықтарда туристердің және топтың керек-жарақтарын велосипедтің жүк салғышына орналастыру маңызды, өйткені заттарды рюкзакпен арқада тасыған қауіпті әрі шаршатады. Рульдің астына орналастыруға болатын арнайы велосипедке арналған сөмке жасап, орталыққа түсетін күшті азайтуға болады және ол велосипедтің орнықтылық қасиетін көтереді.

Жорық алдында велосипедті толық тексеруден өткізу керек. 8-10 адамнан тұратын топқа 2-3 велосипедтік құрал-саймандар жинағын алу керек. Бірнеше велосипедте спидометрдің болғаны дұрыс. Педальдың және қол тежеуіштерінің жұмысына көңіл аудару керек. Фарамен жабдықталған велосипед жолды бағдарлауға көмектеседі.

Дамылдауларда немесе күндізгі аялдамаларда босап қалған доңғалақ темір торшаларын (спицы) және қозғалтқыш шынжырын міндетті түрде тартып, доңғалақтардың қысымын және жүктің бекітілуін тексеру керек. Жаңбырлы күндері велосипедті шатырдың астына қою керек немесе сыртта қалса салафанмен жапқан жөн. Отырғыштың ұзындығын дұрыс анықтығын жөн.

Велосипедпен жалғыз саяхаттау қауіпті болғандықтан рұқсат етілмейді. Көпкүндік жорыққа топ басшысы бастаған топпен арнайы жасалған веложелімен барған жөн. Саптың алдында және соңында жүрген велосипедшілер белгі беретін кішкене жалаулар алып жүруі керек. Ол жалаушалар біріншісінің рулінде, соңғысының – жүк салғышында болуы абзал немесе алдыңғы және соңғы велосипедшілер ашық түсті майкалар киюі керек. Маршруттың қауіпсіздігіне: жүргізу дағдысы, тәрбие, қатысушылардың киінуі, жолдың және велосипедтің техникалық жағдайы, ауа райы және тағы басқалар әсер етеді. Жаңадан бастаушы велосипедшілер

жолда жүру ережесін біліп, оны міндетті түрде орындауы керек. Автокөліктер қозғалысы бар жерлерде велосипедпен жүруге тек оның оң жағынан бір метр қашықтықта бір қатармен жүруге рұқсат етіледі. Үлкен қашықтыққа шығу тек басып озу немесе айналып өту, бұрылу үшін ғана рұқсат беріледі.

Елді мекенге келгенде, әсіресе жолдың қиылыстарында велосипедті қолға алып, жолдан жаяу өткен дұрыс. Жолдың қиылысында бағдаршамның немесе жол реттеушінің алдында – жолдың оң жағында қажет белгіні күту керек. Күн батқан кезде велотуристерге велосипедтерінде фара болса да автокөліктер қозғалыстары көп көшелерде жүруге тыйым салынады.

Топқа тығыз тізбек болып, аралығы 1,5-2 метрде бірдей қозғалу керек. Желіні уақытында өту үшін қозғалыс жылдамдығы өте тез әрі өте ақырын болмауы керек. Мұндай қозғалыс қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, шаршатпайды әрі айналаны көруді қиындатпайды. Желіде жарысып жүруге, бос жолды түгел алуға болмайды. Тізбекті бұзбау үшін озып кетуге немесе қалуға болмайды. Әрине жер бедерінің әртүрлілігіне байланысты әр түрлі қозғалыс жылдамдығы болады, бірақ бірдей физикалық салмақ салған дұрыс. Топтың дайындығының әртүрлі деңгейіне байланысты кейде қалып қалғандарды күту керек. Үлкен емес өрді екпінмен қаттырақ жүріп өтуге болады. Күрделі еңістерде қатысушылардың аралығын 50 метрге дейін алыстату керек, ал қозғалыс жылдамдығы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

Басып озар кезде велосипедші дауыстап: «Сол жағынан айналамын» - деген белгі беру керек. Басып озуға тек өте қажет болған кезде және жолдың тегіс бөлігінде ғана рұқсат етіледі. Ұзақ созылған өрге шығу немесе түсу кезінде аялдамалар жасау керек. Барлығы ойдағыдай болса, топ өз қозғалысын жалғастырады. Тұманда немесе шаңды жолдарда жүруге аса назар аудару керек. Егер жол жаман көрінсе, жолдың жиегіне шығып, бұл жол бөлігін жаяу өту немесе тұман басылғанша күту керек. Тәжірибелі туристердің айтуынша, «орташа тәжірибелі» турист трассамен 7-8 сағатта орташа жылдамдықпен 60-80 километрде, таулы және аралас жолдармен – 40 километр жүріп өтеді. Олардың ұсынуынша 50 минут сайын 10 минуттық үзіліс жасап, аялдамаларда дене шынықтыру жаттығуларын жасап тұру керек. Күндізгі уақытта ұзақ уақыт бойы шаршаған иық, арқа, белді шынықтыратын әртүрлі ойындар, жүзу, дене шынықтыру бойынша жарыстар өткізуге болады.

Топты әртүрлі саппен құруға болады, бірақ барлық топ мүшелері оның қандай мақсат үшін құрылатынын білу керек.

Топ құрамын қанша жерден мұқият таңдаса да, жорықта оның күшті және әлсіз жақтары шығады. Бұл әр жорыққа қатысушының физикалық дайындығының әсерінен болады. Топ былай құрылады, ең тәжірибелілері топты бастайды, орташа дайындалғандары ортасында жүреді, аз дайындалғандары – басты топтың соңында, олардың қамқорлығында жүреді. Сондықтан осы топтың баяулары бойынша қозғалыс жылдамдығы анықталады. Топты ең тәжірибелі турист аяқтау керек. Топты аяқтаушыларға

жылдамдықты бақылаушы міндеті жүктелген, өйткені оларға әр велосипедшінің қозғалыс үлгерімі белгілі.

Топ қос адамнан немесе үштіктен құралуы мүмкін. Бұл жағдайда күштінің қасында баяу туристтің болуын қадағалау керек. "Рюкзактың артынан жүру" тізбегі қолданылуы мүмкін. Мұнда қатысушылар бір сапқа тізіледі немесе алдында келе жатқанның артынан сол жағында жүреді және оның артынан оң жағында жүреді және тағы сол сияқты. Мұндай қозғалыстың артықшылығы - бастаушыға кедергі болған жел соңындағыларға әсер етпейді. Жанама бағыттағы аралық - 0,5 метр, тура бағытта - 1 метр.

Тура-жанама бағыттағы желде сатылы-жанама тізілуді қолданған жөн: егер жел оң жақтан соқса, велосипедшілер сол жақтан сапқа тізіледі және керісінше. Артқы велосипедшінің алдыңғы доңғалағы алдыңғы велосипедшінің жүк салғышының бір бүйірінде болуы керек. Перпендикулярлы-жанама бағыттағы желде жүріп келе жатқан велосипедшінің алдыңғы доңғалағына тең келуі керек. Топ артта келе жатқан көлікке бөгет болмас үшін жолдың оң жағымен жүру керек.

Жолдың мұндай бөліктерінде бастаушы велосипедшіні жиірек ауыстырып тұру керек, өйткені ол тура желді алдынан қарсы алып, тез шаршайды. Өзіне тиіс жол немесе уақыт өткен соң, бас турист сатылы-жанама қозғалыста соғушы жел жағын қабылдап, топты алға өткізеді; соңғысымен теңескеннен кейін өзіне тиісті орын немесе қатарға тұрады, сонымен, егер жел оң жақтан соқса, велосипедші топты алға өткізіп, оң жаққа тұруы керек, егер жел сол жақтан болса, топты алға өткізіп, сол жақты алуы керек. Асудан түсу ерекше назарды және сақтықты талап етеді.

Тәжирибесі аз турист өрге көтеріліп алып, жасқаншақтық сезінеді, кейде үлкен жотадан қорқады. Мұндай жағдайларда асудан өтуге асықпаған жөн. Керісінше, тоқтап дем алып, биіктікке үйрену керек. Бірінші болып топ басшысы түседі, ол жылдамдықты анықтап, бұрылыстар, алдыда келе жатқан көліктер туралы ескертіп тұрады. Ара қашықтық 15-50 метр болуы тиіс. Топтың соңында қосалқы бөлшектер мен жөндеуге қажетті заттары бар механик жүруі тиіс.

Асудан түсу кезінде жылы киінген жөн, алдыдан соққан жел денені салқындатып, суық тиюі мүмкін. Үлкен жылдамдықпен түсуге болмайды, тежеуіш ұстаса да, жолда құм болып, велосипедті тайдырып құлатуы мүмкін. Әсіресе, ылғал жолдардан сақтанғаныңыз жөн, мұндай күндері жол тайғақ болып бұрылыстарда және тежегенде велосипедті басқару қиынға түседі.

Велосипед жорықтарында туристер күніне бірнеше қоныстанған жерлерден өтіп, мұражайларда, мәдениет үйлерінде, дүкендерде болады. Мұндай жерлерде жартылай шешінген кейіпіңізде, жорық киімінде жүрген ұят. Әр турист қай жерде болмасын, демалушылардың бірі, ең алдымен қонақта жүргенін ұмытпағаны жөн. Бұл сезім, лайықты мінез-құлықты көрсету жайдарман үй иелерінің қонақжайлығын, жайдары көңілін табады.

Велосипед көлігіне деген ұқыптылық. Оған мейлінше уақыт бөлінуі қажет. Оны уақытында жөндеу, майлау, сонда ғана жылдамдықты арттыру мүмкіндігіне әр топ мүшесі ие болады. Велосипедте отырғанда соны жоқ жолдармен жүрудің қандай керемет екенін түсінесіз. Егер шаршасаң – ренжіме. Бұның бәрі өтеді. Ал сергектік, денсаулық қуаты қалады. Сонымен, екі доңғалақты темір досыңа, оның арқасында көрген барлық танымдық, сауығу, шынығу үшін алғыс білдіруге болады.

6.Авто-мотожорықтар туралы түсінік және оны ұйымдастыру мүмкіндіктері

Мотожорықтар. Біздің елімізде мотожорықтар салыстырмалы түрде туризмнің жас түрлерінің бірі болып табылады. Дайындалу техникасы мен жорықтың мәні бойынша мототурист екі жорық түрінің арасында тұр: веложорықтар және авто- жорықтар. Осыдан мотожорықтардың бұл жорық түрлерімен ұқсастығы шығады. Жорыққа құрал-жабдықтардың көп бөлігі велотуристердің жинағындай. Жеке құралдарға дулығалар, жылы кеудешелер мен шалбарлар, жүргізуші қолғабы, желден сақтаушы көзілдірік, етік; топқа ортақ – қосалқы бөлшектер, сүйреуге арналған арқан алынады.

Велотуристерден айырмашылығы мототуристер тобы жорыққа қатысушы мүшелерімен емес, экипаж санымен жиналады. Туристердің орташа тобы – 3-5 экипаж. Ережеге сай, ауыр жол жағдайларына сай бірін-бірі ауыстырып отыруы үшін 3 экипажға 4 жүргізушіден болуы тиіс. Қосалқы бөлшектерді оңай жинау үшін, мотоциклдерді бір маркадан таңдаған жөн.

Қозғалыс алдында топтың тізілуі мен қозғалыстың өзі автожорықтарға ұқсас. Ал қозғалтқыштың қосалқы бөлшектері автокөлік бөлшектеріне ұқсас, бірақ мотоциклде әуе салқындатқышы және бір-екі қозғалтқыш цилиндрі бар екенін ұмытпаңыз. Дала жағдайында дөңгелек, шынжыр, рама және басқа да бөлшектер велосипедтікіндей жөнделеді. Әрдайым дөңгелекті, тежеуішті тексеріп тұрыңыз.

Егер жорыққа туристер арбалы мотоциклмен аттанса, жорық жүктерін орналастыру оңайға түседі. Ал арбасы жоқ екі адамдық мотоциклге жүкті орналастыру қиын. Туристер экипаждың екінші мүшесінің арқасына жеңіл металл пластиналардан немесе құбыршалардан және жүкті мотоциклдің артқы бөліміне тартатын белдіктен құралған қосымша жүк салғышты құрастырады. Мотоциклдің кейбір түрлерінде зауытта шыққан жүк салғыш бөлімдері бар. Веложорықтар мен автожорықтар туралы мақалаларды оқып, турист өзін қызықтыратын барлық сұрақтарға жауап таба алады.

Автожорықтар. Соңғы кездері автокөліктер туристердің көп бөлігінің көңілін табуда. Егер оныншы бесжылдықтың алғашқы жылдарында жеке автокөліктер иелері 4 миллионға жуық болса, 80-ші жылдардың ортасында, яғни он бірінші бесжылдықта олардың саны екі есе өсіп, 8 миллионды

құрады. Қазіргі таңда автокөліктер қызықты және маңызды саяхат жасаудың құралы болып табылады. Жеке автокөліктерді үлкен және кіші жанұяларда жорық құралы ретінде қолдану үнемді. Қосымша арнайы жүк салғыштарды қолдана келе, кез келген автокөліктерде жолдың үстінде күнделікті қажет болатын заттардың барлығын тасуға болады.

Автокөлік жорығы мұқият ұйымдастыру мен дайындықты талап етеді. Себебі, автокөлік тек қозғалыс құралы емес, сонымен қатар жоғары қауіп төндіруші құрал. Бір автокөлікпен жорыққа шығу рұқсат етілмейтінін, сондықтан рәсімделмейтінін ұмытпаған жөн. Ең ұтымды топ – 3 автокөлік. 5 және одан да көп автокөліктен тұратын топ орынды емес, себебі мұндай топты басқару қиын, олар төмен жылдамдықпен жүреді, көбіне көзделмеген аялдамалар болады. Топты келесі белгілерге сәйкес таңдаған жөн: автокөліктердің бір түрі, жүргізушілердің жастарының және жүргізу тәжірибесінің сәйкестігі, жорықтың ортақ мақсаты. Барлық бөлімдер анықталған соң жорық желісін құруға болады. Мұндай жағдайда міндетті түрде «Автокөлік жолдарының атласын» қолдану керек. Бұл мақсатта географиялық карта жарамсыз. Бос уақытыңызды өткізуге ілтипатты ықылас білдіріп, барлық күндердің үштен бір бөлігін саяхат жасауға бөлгеніңіз жөн. Бірнеше күнді жолда көзделмеген аялдамалар үшін алып қойыңыз. Мұндай сапар желілерін құрастыруда тәжірибелі автотуристердің кеңестерін көбірек қолданғаныңыз абзал, буклеттер, жорық жасау ауданы туралы анықтамалық әдебиеттер оқып, көріп шығатын объектілерді, оларға баратын уақытты белгілеңіздер. Қозғалыс пен жорық желісінің ұзындығын есептегенде сағатына 50 километр орташа жылдамдықты таңдағаныңыз дұрыс, себебі жолда сіздерде әртүрлі аялдамалар болады. Осының барлығы жүріп өту жылдамдығына кіреді. Демек, егер сіз 500 километрді өтуді жоспарласаңыз, сізге оларды өтуге 10 сағат керек.

Бұдан ұзақ күндізгі жолды жоспарлау ұсынылмайды. Егер топтың құрамында жас әрі тәжірибесі аз жүргізушілер болса, күніне 250 километрдей жол жоспарлануы керек. Тәжірибе жинай келе күннен-күнге бұл арақашықтықты ұзартуға болады. Жорық желісінің қиын бөлігін жорықтың бірінші жартысында өткен жөн. Автокөлік техникалық байқаулар мен жөндеулерді қажет ететінін ұмытпаңыз. Уақыт пен оларды өткізу орнын жорық желілерінде қарастырып қойған жөн. Түнеу орнын қонақ үйлерде немесе дала жағдайында ұйымдастыруға болады.

Жорықты ұйымдастыру мен өткізу ережелеріне айтарлықтай ілтипат бөлу керек. Жорық мүшелерінің барлығы, жорық басшысы өз құқықтары мен міндеттерін білуі қажет. Басшы ретінде ең тәжірибелі адамды таңдайды. Жорық желісін құруды аяқтап, жорық басшысын таңдағаннан кейін автожорықты өткізу құқығы туралы материалдарды туризм мен экскурсия жөніндегі кеңесінің республикалық, облыстық желілік-квалификациялық комиссияға өткізіп, тәжірибесі аз туристермен жұмысты бастау керек.

Жүргізушілердің басты міндеті – автокөлікті жүргізу болғандықтан, жорыққа қатысты басқа міндеттер топтың басқа мүшелеріне жүктеледі. Олар

– күнделік толтыру, суретке түсіру, тамақтандыру, экскурсия ұйымдастыру және тағы басқалар. Басқа жорық түрлеріне сай автожорықтарда да міндеттер теңдей бөлінеді. Шығындарды жоспарлауды ұмытпаңыз: жанармай мен көлік майына, тамақтануға, қонақ үйлерде түнеуге, экскурсияға, театрларға, көзделмеген шығындарға қанша ақша кететінін есептеңіз.

Бұл сұрақтарды толық шешкен соң көлікті дайындауға кірісуге болады. Ол ұзақ жолға жарамды, қауіпсіз, техникалық жетілдірілген болуы керек. Автокөлікке арналған эксплуатация бойынша нұсқауда баяндалған жұмыстардың тізімі ТЖ-2 (екінші техникалық жөндеу) көлемінде орындалуы тиіс. Тежеуіш жүйесіне, рульге, көліктің дөңгелегіне үлкен көңіл бөлу керек. Бұл жүйелерде кішкене ақаулар табылса, жолға шығуға болмайды. Көлікті дайындауда адамның назарын аударатын артық заттардың барлығын алып тастаңыз: безендіруші заттар, айналар, ойыншықтар.

Егер барлық жабдықтар мен топтың керек-жарақтары жүк салғышқа сыйып кетсе, көліктің үстіндегі қосалқы жүк салғышты орнатудан аулақ болыңыз (олар желге үлкен қарсылық көрсетіп, жанармайдың қосымша шығынына алып келеді).

Мұндай жүк салғыштар туристер жорыққа өзімен барлық қажетті заттарды алған кезде керек болады. Жүк салғышты жинақтау ең алдымен жыл мезгіліне, жорық ауданы мен ұзақтығына байланысты жасалады. Дәрі қобдишасын және фотоаппаратты көліктің артқы бөліміне орналастырады. «Автокөлік жолдарының атласын», күнделік, желі схемасын орындықтың артына орналастыруға болады және бұл жерлерге сабын, орамал да сыйып кетеді. Көліктің қосалқы бөлшектерін көліктің артқы бөлігіндегі қосалқы дөңгелек орналасқан жерге орналастыруға болады. Заттардың барлығын орамалмен орап, дұрыстап орналастыру керек. Өзіңізбен қоса канистрмен жанармай алып жүрген өте қауіпті. Қазіргі көліктердің жанармайымен 400 километрден астам жүруге болады. Ал мұндай ара-қашықтықта сіздің алдыңыздан жанармай бекеті де кездесіп қалар. Егер сіз жорықта қонақ үйлерде түнеуді ұйғарсаңыз да, қосымша шатыр алып жүруді ұмытпаңыз. Жол ұзақ болғандықтан көзделмеген жағдайлармен далада түнеуіңіз мүмкін. Далада түнеу үшін шатырмен бірге астыға төсейтін үрлемелі көрпелер мен жамылатын көрпелер алу керек. Оларды шатырдың ішіне орап, жүк салғыш бөлімінің оң жағына орналастырады. Ыдыс-аяқтарды қапшыққа салып абайлап орналастырыңыз. Тамақ өнімдерін жол сандыққа орналастырған жөн. Ол өзіне бұрыш, тұз, консервілер салынған кішкене қорапшаларды оңай орналастырылатындығымен ерекшеленеді. Ауыр заттарды астына салып, жеңілдерін үстіне орналастыруды ұмытпаңыз. Ол автокөліктің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Көліктің ішін жүкпен толтырмаңыз, өйткені ол барлық экипажға ыңғайлы болуы керек.

Мысалға, 4 адамнан тұратын жанұяңызбен автокөлікпен жорыққа шығу, сіз сол жолдың ара қашықтығында басқа қоғамдық көлікпен шыққаннан арзанға түседі. Жеке автокөліктерде саяхаттаудың ең басты ерекшелігі – пойыз, ұшақ, автобустардың кестесіне қарамай еркін қозғалу. Автотуристер

өз талғамымен ескерткіш, мұражайларды аралай алады, аялдамалар мен түнеу орындарын ұйымдастырады. Автокөліктермен күніне жүздеген километрлерден жүріп өтіп, өзен немесе теңіз жағасында, қалада немесе шағын тыныш ауылда тоқтап, жол экзотикасының барлық әдемілігін сезінуге болады.

7.Спелео жорықтарын ұйымдастырудың ерекшеліктері

Спелеотуризм – үңгірлерде, әр-түрлі жер бедерінің күрделі лабиринттер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төменгі температура мен жоғары салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Бұл жорық түрі жер асты жорықтарын ұнататын көптеген әуесқойлардың назарын жаулап алды. Олар жарларға салынған әсем суреттерді тамашалап, жер асты көлінде шомылып, үңгірлік ғажайып – сталактиттер мен сталагмиттерге таңдана алады.

Бұл жорықтың негізгі ерекшелігі – спелеолог уақытын шек қойылған кеңістікте, жер астында, қараңғыда өткізеді. Сондықтан спелеологтар әрқашан арнайы жабдықтарды қолданады. Үңгірге аттануда сенімді жарықтандыру құралын алу өте маңызды. Төбесіне шам бекітілген жеңіл және берік каскаларды пайдаланған дұрыс. Касканың астынан шаңғы бас киімін кию керек. Шамдар тоқтаусыз жанғанда ойланғаннан 1,5-2 есе көп жанатындай болып, 2 автономиялық қоректену көзі алынуы керек. Ережеге сай, қоректену көзі ретінде 4-6 батареякалар алынады. Егер үңгірдің маңынан электроэнергиясы өтіп жатса, шахтер аккумуляторы жақсы болар. Басқа жағдайларда, карбидті, жанармайлық және газды шамдар мен шырақтар қолданылады.

Жер астында ең ыңғайлы киім – ілгектермен жабылатын ішкі қалталары бар берік матадан тігілген комбинезон. Жер астына дененің жылу беру қасиеті жоғарылайды, сондықтан комбинезонның астында киілетін киім жеңіл, жылы және ыңғайлы болуы керек. Аяғыңызға бәтеңке немесе қысқа резеңке етік кигеніңіз жөн.

Спелеотуризм бойынша желілер 2 бөлімнен: жер үсті желісі, яғни үңгірге дейін жүру желісі және жер асты желісінен тұрады. Көп жағдайда үңгір аймағында базалық лагерьлер құрылады. Үңгірге кіретін жерінің орналасуы жантайған, горизонталды және тік болады. Тік және жантайған қуыстарға түскенде арқанмен кеудені орап, байлайды немесе сақтандыру белдігін, қолғап, карабин, түсу және көтерілуге арналған құрылғыларды міндетті түрде алу керек.

Түсу мен көтерілуге арналған құрылғылар әртүрлі болуы мүмкін. Олар әртүрлі құрастырылған самохваттар, блоктар жүйесі және т.б. Түнеу, тамақ даярлау, бірінші дәрігерлік көмек көрсету, құрал жабдықтар мен тамақ тасу жаяу жорықтары мен тау жорықтарында қолданылатындай жасалады. Сондықтан спелеолог бұл жорық түрлерінің техникалық-тәсілдік әдістемелерін жақсы меңгеруі керек.

Жаңа үңгір тапқанда противогаз, радиоактивтілік, дымқылдық пен газ мөлшерін өлшеуге арналған құралдар және тағы басқалар қажет. Мұндай үңгірлерге бірінші болып тәжірибесі мол спелеологтар түсуі тиісті.

Біздің елімізде үңгірді зерттеу 2 жартылай категориялы («а» және «б») 5 категорияға бөлінеді. Категория өту қиындығына, үңгір жолының ұзақтығына, үңгірдің тереңдігіне, ондағы табиғи кедергілер – үйінділер, тас құлаулары, шытырмандар (лабиринттер), тар тесіктер мен саңылаулар, жер асты көлдері мен өзендері, сарқырамалар мен сифондар, тұраты мұздықтардың жантайған аудандары, тік құзды аудандар, тереңдігі 60 метрден асатын шахталар мен құдықтар және басқаларға байланысты.

Оттегі мөлшері аз, кедергілері көп үлкен жер асты ара-қашықтықтарын тек физикалық, тәсілдік, техникалық және психологиялық дайын адам ғана жеңе алады. Барлық айтылған қасиеттерден психологиялық дайындық ең маңыздысы. Себебі шамның кішкене жарығы біресе мәңгі қараңғылықтағы тас суреттеріне түсіп, біресе қараңғы үңгірде жоғалып, турист-спелеологтың қараңғыда жұмыс істеуіне тура келеді. Осындай жағдайларда жұмыс істеу ең физикалық жағынан дайын спелеологтардың да үрейін ұшырады.

Біздің елімізде спелеотуристерді дайындауға арналған ұлттық, орташа және ең жоғары сатылы Бірыңғай жүйе құрылған. Алғашқы дайындық спелеотуризм секциялары ұжымдарында шығарылады. Бұл мектептерге 18 жасқа толған, медициналық бақылаудан өткен жас жігіттер мен қыздар қабылдана алады. Оқуды аяқтап, емтихандарды табысты тапсырғандарға бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі. Спелеотуристерді дайындаудың екінші немесе ортаңғы сатысында арнайы лагерь базасында тәжірибелі нұсқаушылардың басшылығымен шыңға өрмелеу, жүзу, соның ішінде су асты жүзуі, жер асты қойнауларын жеңудің техникалық және тәсілдік дағдыларын үйрену, үңгірлердің топосъемкасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізіледі. Сабқтың соңында үңгірге түсу сынағы өткізіледі. Емтиханды табысты тапсырған оқушылар спелеотоптар құрамында үңгірге дербес жорық жасауға құқық беретін «Спелеотурист кітапшасын» алады. Дайындықтың үшінші, ең жоғары сатысына әртүрлі үңгірлерге бірнеше рет түсіп, теориялық және практикалық жағынан жақсы дайындық көрсеткен спелеотуристер шақырылады. Дайындықтың ең жоғарғы сатысынан өткен спелеотуристер спелеотуристік топты басқаруға, сонымен қатар жаңа үңгірлерді зерттеп, ашуға шақырылады. Спелеотуристердің білімін, тәжірибесін жетілдіру үшін жыл сайын ғылыми конференциялар, спелеотуризм техникасы мен жер асты бағдарлауы бойынша жарыстар өткізіліп тұрады.

8. Белсенді туризм түрлерінің техникасы және тактикасының ұғымдары

Туризмнің техникасы - көп қырлы ұғым. Нақты туристік жорық желісінде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жабдықтарды пайдалану іскерлігі мен табиғи кедергілерді жеңу әдістерінің жиынтығы –

туризмнің техникасы деп аталады. Жорық түріне байланысты туристерге әртүрлі кедергілерді жеңуге тура келеді, ал ол үшін:

- а) жорық желілерінің табиғи кедергілерінің сипатын білу;
- б) жорықтың арнайы түріне арналған кедергілерді жеңу дағдылары мен білімін қалыптастыру;
- в) жолда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде лайықты жабдықтарды таңдап алып, оларды қолдана білу қажет;

Сонымен қатар рекреациялық (сауықтыру, көңіл көтеру, танымдық) туризмге сипатты мақсаттар: жарыстар мен жорық сапар желілеріндегі қарапайым табиғи кедергілерді жеңу, далалық лагерь ұйымының және туристер тобының қоректенуін ұйымдастыру; жергілікті жерді қатесіз бағдарлау. Спорттық туризмге қатысты мінездемелер: әртүрлі қиындық категорияларын жеңу (оның ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету), қоршаған ортаның әртүрлі шарттарында туристердің өмірін қамсыздандыру. Тап осы мақсаттардың шешілуі туристік шараларға қатысушылардан туристік техниканың арнайы көлемін білуді талап етеді. Басқа сапалардың арасында әртүрлі туристік техника дәрежесін білу туристердің профессионалдық дәрежесін білдіреді. Туризмнің техникасы әртүрлі және онымен танысуды оның классификациясынан (топтастырылуынан) бастау керек. Классификация, әдетте, зерттеліп жатқан заттың бөлімі туралы білімдерді, бұл жағдайда – туризм техникасы туралы білімді, жүйелеуге көмектеседі.

Туризмнің техникасын классификациялау. Біздің пікірімізше ең мәнді туризм техникасының үш негізін анықтайық. Біріншіден, туристік техника қолданатын мақсат. Әрине, туристік жорықтар мен жарыс дистанцияларында қолданылатын құралдар мен әдістер шешілуші мақсаттарға көңіл бөлуімен ерекше. Мысалы, жорық желілерін бағдарлауда қолданылатын техникалық әдістер мен құралдар тау өзенінен өтуде қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары мен әдістерінен ерекше. Бірінші жағдайда, туристер аспан шырақтары арқылы бағдарлау, карта арқылы қозғалу әдістерін және т.б. қолданады. Жергілікті жерді бағдарлау үшін топографиялық карта, компас, глобалды позициялау жүйесі GPS қызмет етеді. Екінші жағдайда туристерді тау жарларында сақтандыру әдісі ретінде өзін-өзі сақтандыру қолданылады. Сақтандыру құралдары ретінде негізгі арқан, дара сақтандыру жүйесі, карабин және басқалар қолданылады. Сонымен туризм техникасын келесі түрлерге топтастыруға болады:

- табиғи кедергілер арқылы қозғалу техникасы (табиғи кедергілерді жеңу техникасы);
- сақтандыру техникасы;
- бивуак жұмыстарының техникасы;
- жерді бағдарлау техникасы;
- іздеу-құтқару техникасы.

Туризм техникасы жорықтар түрлеріне байланысты ерекше. Мысал ретінде су және шаңғы жорықтарын алайық. Су жорықтары мен шаңғы жорықтары техникасы әртүрлі (техникалық әдістері мен қозғалыс құралдары да әртүрлі). Жергілікті жерді бағдарлау құралдары мен әдістерінің ұқсастығымен қатар, су және шаңғы жорықтарында бағдарлау техникасы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Су жорықтарында бағдарлау шеңбері жағалаулар (кемеден көрінетін) аймағымен шектеледі. Қозғалыстың жалпы сызығы (өзен) айқын және бірінші жоспарға өзенде тұрған әрбір кезең, табиғи кедергілердің орналасуы (табалдырықтар, қайраңдар және басқалар), табиғи кедергілерді нәтижелі жеңу жолы шығады. Осыған байланысты су жорығында бағдарлау техникасының негізі - өзен ағысында картамен және өзенен көрінетін бағдарлар көмегімен қозғалыс болып табылады. Кәдімгі топографиялық картадан басқа туристер бағдар құралы ретінде арнайы құрал – лоцияны қолданады. Лоция – ерекшеліктері (өзен жағаларының күрделі ағыс бөлігінің сипаттамасы, өзенде бағдарлау, өзен арнасындағы кедергілер мен оларды жеңу тәсілдері) толық суреттелген арнайы өзенде еспелі қайықпен жүзуге арналған басшылық. Шаңғы туризмінде, керісінше, жорық желісінің сызығы көп жағдайларда белгісіз. Туристер жорық желісімен нақты қозғалыс бағдарын қамтамасыз ету үшін бағдарлау құралдары мен әдістерінің барлық жинағын қолданады. Арнайы жорық түрлері үшін қалған техника әдістері ерекше. Сонымен, екіншіден, жорық түрлеріне негізделіп туризм техникасын келесі топтарға бөле аламыз:

- жаяу жорықтар техникасы;
- шаңғы жорықтары техникасы;
- су жорықтары техникасы;
- веложорықтар техникасы және тағы басқалар.

Үшіншіден, кез-келген туризм техникасын субъектілер (туристер) саны негізінде екі түрге бөліп қарастыра аламыз:

- дара техника
- топтық техника.

Туризмнің тәсілі (тактикасы). Спортта тәсілді спорттық күрестерді басқару өнері сияқты бағалайды. Туризмде де тәсілді жорықтар мен жарыстар өткізу өнері деп айтсақ болады. Бірақ біз туризм тәсіліне хабарлы анықтама береміз. Жорық желісін өту кезінде қажетті құралдар мен іс-шаралар жиынтығын белсенді туристік жорықтарда қолдану «тәсіл» ұғымына байланысты. Басқа авторлар тәсілді көздеген мақсатқа күштің, құралдардың, уақыттың ең аз шығынымен және қажетті қауіпсіздік дәрежесімен жетуді қамтамасыз ететін әрекеттер мен шаралардың жиынтығы ретінде қарастырады. Тәсіл жорықтың жоспар-кестесін өңдеуден, оны орындаудың нақтылы жағдайларының толық есебінен, яғни қозғалыс сызығы мен сәйкес әдістерден, жорық желісінің бөлек аудандарынан қажетті қауіпсіздік дәрежесімен өтуден тұрады. Ең аз

материалдық, физикалық және психикалық шығындармен жорық мақсатына жетіп, жарыс шарттарын қалай орындауға болады? Бұл шешімі бөлек-бөлек тәсілдік мақсаттардың қатарын шешетін туризм тәсілінің негізгі сұрағы. Арнайы әдебиеттерде тәсіл ұғымын туризмнің техникасы ұғымымен байланыстырып, техникалық-тактикалық шарттарды шешу туралы әңгімені жиі қозғайды. Шынымен, туристік тәсілдер туристердің нақты мақсаттарды шешуге арналған техникалық құралдар мен әдістер жиынтығын таңдауы барысында іске асады. Осыған сәйкес, игерілген техникалық құралдар мен әдістер көп болса, тактикалық шешімдер үшін де мүмкіндік көп. Және керісінше, егер турист осы мақсатты шешуге арналған әдістердің біріне ие болса, тактика туралы айтудың керегі жоқ. Туристік техника классификациясына сәйкес біз туризм тактикасын да классификациялай (топтастыра) аламыз:

- сақтандыру тактикасы;
- табиғи кедергілерді жеңу тактикасы;
- бивуак жұмыстарын ұйымдастыру тактикасы және тағы басқалар.

Бірақ, тактика ұғымы нақты шарттарды шешуге және оны топтастыруға арналған техниканың үйлесімі ретінде өте тар келіп, туризмнің тактикасына нақтылы мағына бермейді. Шынында, «тактика» ұғымын жорықтар мен жарыстарды ұйымдастыру мен өткізудің барлық аспектілеріне қолданудың керегі жоқ. Дайындық кезеңі туристік шараның мақсатына жетуі үшін маңызды емес пе? Мысалы, ауданда орналасқандардың ішінен басты рекреациялық және танымдық объектілерді анықтау; жорық желісін өңдеу, жорықтың танымдық мақсатын жақсы орындап, таңдалған рекреациялық объектілерде демалу-осының барлығы сапалы жорықты іске асыруға арналған тактикалық мақсаттар. Біз туризмді тактикалық шешімдер қабылдау кезеңіне негіздей отырып, бөле аламыз.

Туристік жорықтың тактикасы бөлінеді:

- а) жорыққа дейінгі (жорыққа дайындық);
- б) жорықтық (жорықты өкізу тактикасы).

Жорыққа дейінгі тактикаға жатады:

- 1) жорық желісін таңдау;
- 2) жорықтың кестелік-жоспарын құру;
- 3) азық-түлік пен құрал-жабдықтар тізімін құру;
- 4) физикалық және техникалық дайындығы, туристік тәжірибесі деңгейіне байланысты таңдалған жорық желісін табысты жеңе алатын туристер тобы мен топ басшысын іріктеп алу.

Жорықтық тактиканы жатады:

- 1) жорықтың жалпы жоспары мен бөлек аудандарды өту графигін толассыз түзету;
- 2) нақты рельефте, нақты жағдайда жол таңдау;

3) жорық желісінің әрбір ауданынан өтуде топ қозғалысы тәртібін таңдау мен жүзеге асыру.

Жоғарыда айтылған классификациядан басқа, туризм тактикасы *жеке және топтық* тактиканы қарастырады. Жеке тәсіл жеке жағдайлар мен бүкіл туристік тапсырмалар: жеке жарақтарды таңдау, күндізгі асулардан өту жұмыстарын бөлу, кедергілерден өтуге әдіс таңдау, ұйқыға кететін уақытты бөлу және тағы басқаларды шешуге арналған тактикадан тұрады. Топтық тактикалық дайындық және жорық кезеңіндегі бүкілтоптық кедергілерді әсерлі шешуге бағытталады.

Жорықта барлық тактикалық сұрақтар жыл және күн мезгіліне, рельефке, ауа-райына, физикалық ауырлыққа, құрал-жабдықтарға байланысты шешіледі. Сонымен қатар, бір жағдайда уақыт факторы (мысалы, топтың тегіс жол бойында қозғалысы) шешуші болса, екінші жағдайда – рельеф қиындығы, ауа-райы, топтың күші мен жабдықтары шешуші болады. Жорық желісінен туристік топтардың белгілі бөлігінің түсуі, туристердің зақымдар алуы, соның ішінде қатерлі жағдайлар, туристік топ басшыларының барлық әсер етуші факторларды есепке ала отырып үйлесімді тактикалық жоспар құра алмауынан болады. Сонымен қатар, туризм мамандарының дұрыс тактикалық шешімдер қабылдай алмауы қаржылық және материалдық қаражаттардың артық шығынына алып келеді және соңында туристік құрылымдар қызметінің коммерциялық нәтижесін қысқартады. Осыған орай, туристік құрылымдарды ұйымдастырушылардың тактикалық-техникалық дайындық қажеттілігі туатыны айқын.

Техникалық-тактикалық дайындық ретінде маманның өз бетімен жорық желілерін үйлесімді өңдеп, ұйымдастырып, барлық жорыққа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы белсенді туристік жорықтарды өткізе алуы жатады. Туристік фирма арқылы белсенді туристік жорықтарды ұйымдастыратын туристік фирма менеджері мен жол нұсқаушы-гидтердің техникалық-тактикалық дайындығын ажырата білу керек. Егер менеджерлер жорыққа дейінгі тәсілдерге ие болса, жол нұсқаушы-гидтер өзінің іскерлік кәсібінде жорықтық тактикаға арқа сүйеуі керек.

Жорықта тәсілдік тапсырмаларды шешімі динамикалық факторлардың жиынымен жиі шиеленіседі. Ең алдымен, оларға ауа-райының күрт өзгеруі, табиғи апаттар, апатқа ұшыраған басқа туристік топқа көмек көрсету, жорық мүшелерінің бірінің жарақат алуы немесе сырқаттануы, топтың жағымсыз күйі және т.б. жатады. Бірақ, туристік құрылымның менеджері туристерге жол нұсқаушы, гидтер және топ басшыларының таңдалып, дайындалуына жауапты екенін ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан ол белсенді туристік жорықтың жорыққа дейінгі және жорық үстіндегі тәсілдерін жетік меңгеруі тиісті.

Туристік жорыққа дайындық кезеңінде туристердің шешетін тактикалық тапсырмалары. Дайындық кезеңінде тактикалық жорықтың

үйлесімді жоспарын жасауда белгіленеді. Рекреациялық жорыққа дайындыққа сай тактикалық тапсырмалар келесілер:

- рекреациялық және танымдық объектілер мақсатын таңдау; жорық желісі ұзындығы мен ұзақтығын анықтау.
- Жорық желісінің үйлесімді тактикалық жүйесін таңдау (шеңберлі, сызықты, комплексті).
- Бивуак ұйымдастыру орындарын анықтау.
- Күндізгі асулар ұзақтығын, күндер саны мен орнын, жартылай күндерді, экскурсиялар мен көңіл көтеру жарыстарын қоса анықтап, жорық кестесін өңдеу.
- Материалды техникалық қамтамасыз ету мен топты жаратандырудың үйлесімді нұсқасын таңдау.
- Жорықтың қозғалыс тәртібі мен жүк тасмалдау тәртібін таңдау.
- Жорықта тамақтану тәртібі мен тамақтану рационын таңдау.

Жорықты ұйымдастыру барысында жорыққа қатысушылардың жасы, физикалық мүмкіндіктері, дайындық деңгейі, туристік тәжірибесі есеп-қисапқа қабылдануы міндетті.

Туристік жорық кезінде туристердің шешетін тапсырмалары. Жорық кезінде шешілетін тапсырмалардың тәсілдік сұрақтарына нақты жағдайлы тапсырмаларды шешуге арналған техникалық сұрақтарды жатқызамыз.

- табиғи кедергілерді жеңу техникасын таңдау;
- жергілікті жерді бағдарлауға арналған техникалық әдістер мен құралдарды таңдау;
- бивуак техникасын таңдау;
- сақтандыру техникасын таңдау.

Сонымен қатар, жорықты өткізу кезеңіндегі тактикалық шешімдерге жорық жоспарын анықтап, өзгертуге бағытталған шешімдердің барлығын жатқызамыз. Олардың қатарына жоспарланған уақытша қозғалыс кезеңіндегі өзгерістер, жорық графигін түзету, жорықтың ауыр кезеңдері және басқалар жатады. Бұл өзгерістер дайындық кезеңіндегі қате тактикалық шешімдер салдарынан, немесе көзделмеген жағдайлар себептерінен (ауа-райының нашарлауы, қатысушының ауырып қалуы және т.б.) қажет болады. Жорық кезеңіндегі тактикалық апаттық жағдайларда дұрыс шешім қабылдау біліктігі де жатады.

Техника мен тактикалық дұрыстығын айқындайтын белгілер. Дайындық және жорық кезіндегі дұрыс емес техникалық-тактикалық шешімдер ең жақсы жағдайда жорықтың әсерлілігін төмендетеді, рекреацияның мақсатына толық жеткізбейді, қатысушылардың негативті сезімін тудырады

(мысалы, олардың шаршауына алып келеді). Жаман жағдайда, дұрыс емес шешімдер зақымдар мен қатысушылардың ауруына алып келеді. Үйлесімді туристік техника мен тактиканы таңдауға екі анықтаушы белгілерді көрсетейік. Біріншіден, туристік іс-шараның (мысалы, толық құнды демалыс пен рекреациялық жорыққа қатысушылардың денсаулығын жақсарту) басты мақсаттары мен тапсырмаларын шешудің әсерлілігі. Екіншіден, жорық пен жарыстарға қатысушылардың қауіпсіздігі.

Негізгі тәсілдік ұғымдарға кіретіндер: *мақсат, күш, жабдықтар, уақыт, жорық желісінің қосалқы және апаттық жағдайлардағы нұсқасы, туристік жорықтың қауіпсіздігі.*

Туристік шараның ең басты мәселесі - мақсатты анықтау болып табылады. Мақсаттар спорттық, рекреациялық (сауықтыру және демалыс), оқытушылық, зерттеу (экологиялық, рекреациялық, гляциологиялық, гидрологиялық, минералогиялық, медициналық, психологиялық), іздеу-құтқару түрінде болуы мүмкін.

Спорттық жорық жорыққа қатысушылардың туристік тәжірибесін жетілдіру, спорттық разрядтарды орындау, жарыстарға қатысу мақсатында өткізіледі.

Рекреациялық жорықты әдетте жалықтырмайтын асулары бар көркем аудандарда, шипалы қайнарларда, өзен, көлдердің жағасында ұйымдастырады.

Оқыту жорықтары арнайы рельефте белгілі бір графикпен практикалық сабақтар өткізуге бағытталады.

Зерттеу жорықтары және жаңа құрал-жабдықтарды байқау шеңберлі және радиалды тәсілдік жүйелер мен жағдайларға арналған құрал жабдықтарды байқау мақсатында ұйымдастырылады.

«Күш» ұғымы туристік топтардың алдындағы кедергілерді жеңудегі мүмкіндіктері мен оның қорларын білдіреді. Таңдалған желіге дайындық дәрежесін білу үшін топ мүшелері мен топ басшысының физикалық, техникалық және психологиялық дайындығын тексереді. Туристік топтың күшін бағалау келесі белгілер бойынша қарастырылады:

- 1) қажетті білім мен дағдыларға ие болу дәрежесі;
- 2) техникалық, физикалық және моральдік қорлар, жұмыс істеу қабілеті, жеке тәжірибе және шеберлік;
- 3) мамандандыру, топ мүшелерінің бірін-бірі алмастыруы мен бірлігі;
- 4) топ басшысы мен потенциалды лидерлер;

Туристік құрал-жабдықтар туристік іс-шараны материалды-техникалық камсыздандыру мен ұйымдастыру ұғымын білдіреді: қаражат, құралдар, киім, тамақтану, көлік, байланыс, медициналық камсыздану.

Тактикалық маңызды ұғымдардың бірі – «уақыт», ол қозғалыстың календарлық және тәуліктік графигі, жұмыс уақытының ұзақтығы, жорық желісінің бөлек аудандарын өту сияқты ұғымдарымен байланысты. Сонымен қатар, маңызды бір факторлардың бірі – жылдамдық, яғни тактикалық

бірліктің қозғалыс жылдамдығы (тау жорықтарында – байланыстар; су жорықтарында – бір жүзу құралының экипажы).

Туристік жорықтың үйлесімді тәсілі «күш пен жабдықтар резервімен» байланысты. Климатологиялық жағдайлар, кездейсоқ жарақат және сырқаттар және соның салдарынан болатын өзгерістерді болжау қиын. Осыған байланысты жорықта «күш пен жабдықтар резерві» міндетті түрде қажет. Тактикалық дайындалған топтардың ұраны: «категориялы жорыққа шықсаң, екіншісіне дайын бол!». Бұл ұран кездейсоқ болған жағдайда бірінші орынға топ қауіпсіздігін қойып, дұрыс шешімдер қабылдауды көздейді. Бұл үшін жорықтың желісінің қосалқы және апаттық жағдайлардағы нұсқалары құрылады және оны алдын ала барлау, бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Белсенді туристік жорықты жоспарлағанда, оны ұйымдастырушылар жорық желісінде өзгерістер болған жағдайда ауданнан қысқа жолмен шығу мүмкіндігін қарастырып қойғаны жөн. Сондықтан қосалқы және апаттық жағдайлардағы нұсқалары жасалып, фирма басшылығы мен құтқару қызметіне хабарланып, жорық кітапшасына енгізілуі қажет. Қосалқы нұсқаның апаттық жағдайлардағы нұсқадан айырмашылығы, бірінші жағдайда топ негізгі желінің соңғы нүктесіне дейін жетеді, ал апатты жағдай нұсқасы тез арада ең жақын қоныстанған ортаға жеткізуді көздейді.

Қауіпсіздік- бұл ұғымды түсіну үшін қарама-қарсы ұғымды түсінуден бастауымыз қажет. Қауіп-қатер – ол туристік топқа қауіп төндіретін табиғат құбылыстары мен жағдайлар жиынтығы. Турист қате жіберген жағдайда қауіп-қатерден сақтану мүмкін емес. Туристің қателері – болған жағдайда алдын ала дұрыс іс-шара қолданбау деген мәселе. Тәсілдік қателер – тәсілдік шараларды бұзу мен дұрыс қолданбау. Яғни, мұның барлығы туристік жорықтың тактикалық дайындығында терең қарастырылмаған деген түсінік қалыптасады.

9. Жорықты ұйымдастыру, өткізу және оның техникалық, тактикалық мәселелері

Жалпы жорықты ұйымдастырып, жүргізуді үш кезеңге бөліп қарастырады. Олар – дайындық, өткізу және қорытынды кезеңдер.

Жорық мерзімін таңдаудағы негізгі мақсат адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жорықтың табысты өтуі оған деген дайындықтың жан-жақты, жақсы болуына байланысты. Дайындық кезеңіндегі жүргізілетін екінші жұмыс – жорық желісін құру. Егер желі бұрын белгілі болса ондағы өзгерістер жайлы соңғы әр түрлі информациялық көздерден деректер жиналады, олар талданып, жорық жоспарына, календарлық графикке түзетулер енгізіледі. *Календарлық кесте* – кестелік түрде берілетін желі бойынша жүріп өтудің жеке кезеңдерін уақытқа, жеке күндерге байланысты жалғаспалы түрде болу. Календарлық кесте алдын-ала жасалынатын болса жеке күндер бойынша желі бөліктерін жүріп өту

жоспарланады, түнейтін орындар мен демалыс орындары анықталынады, отын және су мәселелері, табиғи апаттар мен қиындықтардан сақтану жағдайлары қарастырылады. Яғни календарлық кесте құру мен желіні дайындау қатар жүргізілетін жұмыстар.

Календарлық кесте жорық кезінде немесе ол аяқталған соң да жасала береді, жорық жайлы есепке енгізіледі. Календарлық график құру кезіндегі маңызды мәселе бақылаулық және календарлық уақыттардың көрсетілуі.

Календарлық уақыт – алдын ала жоспарланатын жеке күндер бойынша желіні өту уақыты. *Бақылаулық уақыт* – желіні жүріп өтуге қажетті уақыттан басқа, адамдардың демалысын ұйымдастыруға жағдай жасау үшін, құрал-жабдықтарды жөндеу және нашар ауа-райына байланысты, сондай-ақ календарлық уақыт өткен кезде туристік топты іздеуді ұйымдастырудың мерзімін белгілеу үшін қажетті уақыт. Жорық желісін құру кезінде желі сызығының қандай жерлермен өтетіндігі анықталып, ол жеке күндер бойынша бөліктерге бөлінеді. Жорық мерзімі мен желі анықталып, құрылып болған соң соңғы дайындық жұмыстарының келесі тобы – адамдарды жорыққа дайындауға және жорық құжаттарын жасауға, әзірлеуге бағытталады. Ең алдымен орындалатын жұмыс – туристік топты жасақтау. Топ құрамына жорықтық тәжірибеге жеке дайындығы бар, жарамды, денсаулығы жорық жағдайына мүмкіндік беретін адамдар алынады. Топ құрамы анықталынып болған соң топ мүшелерінің дене және техникалық дайындығы басталады. Дене дайындығы кезінде топ мүшелері жорық желісі ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы және толық шыдамдылықты қалыптастыратын дайындықтан өтеді. Ол үшін әр түрлі дене жаттығулары бар. Техникалық дайындық желіде кездесетін кедергілерден өту үшін арнайы жаттығулар және бір күндік, бір-екі күндік жаттығу жорықтары түрінде, арнайы құрал-жабдықтарды қолдана отырып жүзеге асады.

Дайындық кезеңінде орындалуы тиіс келесі жұмыс – топ мүшелерінің жорыққа жарамдылығын анықтау үшін медециналық тексеруден өтуі. Тексеруден өту нәтижесінде олар өздерінің денсаулығы туралы анықтама қағазды тұрғылықты жерлері бойынша тіркелген медициналық пункттен алады. Ол құжатты жорықты ұйымдастырушы ұйым, спорттық жорықтарда Маршруттық-квалификациялық комиссия (МКК) талап етеді. Медециналық тексеру екі рет жүруі тиіс: 10-15 күн бұрын және жорыққа шығар алдында.

Дайындық кезеңінде жорық құжаттары дайындалады. Ұйымдастырушы ұйымды топ мүшелерінің тізімі жасалып, бекітіледі, топ жетекшісі тағайындалады, ол үшін арнайы бұйрық шығарылады. Жорықтың өзіндік құжаттары маршруттық (желілік) кітапша не маршруттық парақ деп аталынады. Маршруттық кітапша алыс қашықтықтарға жасалынатын категориялық спорттық жорықтар үшін де, көп күндік категориялық емес жорықтар үшін де қолданылады. Бұл құжаттарда жорық өтетін аудан, жорық желісі мен оның жеке бөліктері, жорықтың өткізілу уақыты, қатысатын адамдар (аты-жөндері, мекен-жайлары, туған жылы мен күні,

денсаулығының жарамдылығы, жорықта атқаратын міндеті) жайлы мәліметтер жазылып, желі бөліктерінен өту жеке күндер бойынша көрсетіледі (календарлық кесте), желі сызбасы сызылады.

Аталынған құжаттар бірнеше жерде тіркелуі тиіс. Жорықты ұйымдастыратын ұйымда, жорыққа деген дайындықты тексеріп, оған рұқсат беретін маршруттық-квалификациялық комиссияда (спорттық туризм федерацияларындағы) және бақылаулық құтқару қызметінде тіркеледі. Жорық құжаттарында оның бақылаулық уақыты біткен соң туристік топ оралмайтын болса, құжаттарда көрсетілген жорық мәліметтері бойынша (жорық өтетін аудан, жорық желісі, календарлық график және жорық желісінің сызығы) жоғарыда көрсетілген құжаттар тіркелетін орындарда туристік топты іздестіру ұйымдастырылады. Жорық құжаттарының бір данасы туристік топ жетекшісінде болуы тиіс, өйткені ол бұл құжатты желі бойында мүмкін болатын тиісті табиғат қорғау, шекаралық т.б. орындар өкілдерінің тексерулері кезінде көрсетеді.

Дайындық кезеңінде атқарылатын жұмыстардың келесі тобы жорықты материалдық жағынан және қажетті нәрселермен қамтамасыз етуге бағытталады. Азық-түлік тізімі жасалып, оның жеке азық-түліктер бойынша және жалпы бағасы, мөлшері (салмағы) шығарылады. Азық-түлік мөлшері жорыққа баратын адамдар санымен және жорық күндері санымен анықталады. Азық-түліктің тізімін жасау кезінде, алғаш бір адамға қажетті азық-түліктің салмағы анықталып (бір күнге қажетті), ол жалпы адам санына көбейтіледі. Алайда, алынған сан нағыз қажетті азық мөлшерін көрсетпеуі де мүмкін, өйткені азық-түлік түрлері әр түрлі болғандықтан, олар бір күнде бір рет қана пайдаланады деп есептеледі де, 3-ке бөлініп $1/3$ -і қалдырылады (негізгі пайдаланылатын азық-түлік бойынша). Мысалы, $100 \text{ г} \times 20 \text{ адам} = 4000 \text{ грамм} \times 7 \text{ күн} = 28000 \text{ грамм} / 3 = 9333 \text{ грамм}$. Азық-түлік түрі кесте түрінде жасалады да, онда жоғарыда көрсетілген мәселелерге байланысты графалардан басқа азық-түліктердің сол кездегі бағалары бойынша бір азық-түліктің бір килограммының және барлық мөлшерінің бағалары көрсетілген графалар бойынша келтірілген сандарды бір-біріне қосып, тиісті графалардың аяқ-жағына алынған сандарды жазып қою керек. Алынған азықты тасымалдау үшін оның белгілі-бір мөлшерін асыра тасымалдау қолданылады, яғни көлікті пайдалана отырып, азық-түлік мөлшері желінің кейінірек жүріп өтілетін бөлігіне апарып, белгілі-бір жерде сақтай тұру ұйымдастырылады. Немесе алынған азық-түлік мөлшерін топ мүшелеріне тасымалдау үшін бөліп береді. Мысалы барлық азық мөлшері 100 килограмм, ал топ мүшелері саны 10 болса, әрқайсысы арқақабына 10 килограммнан азық болуы керек. Арқақапқа салынатын азық-түлік түрлері бүлінбес үшін, оларды ортаңғы және беткі жақтарға орналастырады. Майыстыратын ыдыстағы азық-түлік арқақап түбіне салынбауы тиіс. Жалпы қолма-қол керек болып қалатын заттар арқақап бетіне жақын тұрғаны дұрыс. Арқақапты асынған кезде оның таспалары бос болмай, арқаға жабысып тұруы керек.

Туристердің дене күшінің көп шығын болуы, күштерін толық қалпына келтіру үшін жақсы тамақтануды талап етеді. Сондықтан да туристер тамағы калориялы және тез қорытылатын болуы керек, себебі көбірек уақытта турист жолдорбасын арқасына салып маршрут бойынша жылжиды. Елді мекенсіз жерден өтетін күрделі саяхаттарда барлық тамақтарды өзімен алып жүруге тура келеді. Сондықтан мұнда салмағы азғантай калориясы жоғары тамақтарды таңдап алу маңызды. Мысалы: нан немесе бөлкені сухармен алмастыруға тура келеді. Көпкүндік саяхатта туристер арасында көп танылған тамақтар салмағын едәуір жеңілдетілетін сублимированды ет (майға қуырылған, тығыз ыдысқа оралған) жұмыртқа ұнтағы, кеспелік концентраттар, кубикті сорпа, құрғақ сүт және т.б.

Жорықты материалдық жағынан қамтамасыз етуге бағыттталатын екінші жұмыс – жорыққа қажетті құрал-жабдықтарды дайындау. Жалпы жорықтар үшін керекті құрал-жабдықтарды 3 түрге бөліп қарастыруға болады.

- 1) Маршруттағы кедергілерден өту кезінде қолданылатын арнайы құрал-жабдықтар (арқан, альпеншток, мұз ойғыш, карабин және тағы басқалар);
- 2) Туристік топқа ортақ құрал-жабдықтар (шатыр, балта, компас, карта, тамақ пісіретін ыдыстар мен ошақ құралдары және тағы басқалар);
- 3) Жеке адамдарға арналған құралдар (киім-кешек, жуынатын заттар, арқақап, жатын қап және тағы басқалар).

Құрал-жабдықтар дайындығына әсер ететін жағдайлар – адамдар саны, жорық желісінде кездесетін кедергілер түрлері және жорық өтетін ауданның табиғи-климаттық ерекшеліктері. Құрал-жабдықтардың кейбіреулері жорықтар бойынша туризмнің барлық түрлерінде қолданылса, кейбірі жеке туризм түрінің өзіндік ерекшеліктеріне сай сол түрі бойынша ғана өткізілетін жорықтарда қолданылады. (Мысалы, шаңғы туризміндегі примус, пеш, немесе су туризміндегі судан, суықтан қорғайтын комбинезон, құтқару киімдері және т.б.). Құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар – олардың көлемінің шағындығы, сенімділігі, жорық-жағдайларының қолайлығы, жеңілдігі.

Жорыққа дайындық кезінде жорық шығыны анықталады. Ол үшін жұмсалатын шығындар (азық-түлікке, көлікке, құрал-жабдықтарды жалға алуға, қосымша құралдарды сатып алуға және тағы басқаларға кететін шығындар) жеке-жеке есптеліп, оларды бір-біріне қосу арқылы жалпы жорық шығынын шығарады. Жорық шығынын есептеу (смета) жорықты өткізуді алдын-ала жоспарлау үшін де керек. Бұл тұрғыда шығындар желінің көліктік бөлігін қосып алғандағы барлық жеке бөліктері бойынша есептеледі.

Туристік жорықтарды ұйымдастырып, өткізудің келесі кезеңі - өткізу кезеңі. Жорық кезінде топ мүшелері колонналық тәртіппен, яғни бірінен кейін бірі жүруі керек. Алдымен топ бастаушы жүреді. Ол туристік топқа

қажетті белгілі-бір жүру жылдамдығын сақтайды, ең қолайлы және қауіпсіз жолды таңдап алады, қажет болған жағдайда қалған туристер өту үшін, басқалардың көмегіне сүйене отырып, жол дайындайды (мысалы, шаңғы жолын салады, сақтандыру арқандарын іледі, мұздақ болатын жерлерді шауып әзірлейді және тағы басқалар), өзінен кейінгі келе жатқандарды жолдағы кедергілер мен қауіп-қатерлер туралы ескертеді, жүру мен қысқа демалыстар ұзақтығына бақылау жасайды, демалыс үшін орындар таңдап, іздестіреді. Жай уақытта топ бастаушы туристік топтағы барлық туристер үлгеретіндей, бірқалыпты жылдамдықты ұстайды. Алайда, кедергіден өткен соң (мысалы бұлақтардағы, өзендердегі көлденең бөренелерден және тағы басқалардан) топ мүшелері араларының алшақтануы себепті қалғандары келіп жиналғанша жылдамдықты бәсеңдетеді, қозғалыс кезінде, егер біреу-міреу қалып қойған жағдайда топты дер кезінде тоқтату үшін топ соңындағы адаммен ұдайы байланыста болады. Топ соңындағы адам да тәжірибелі, дене күші жағынан мықты туристер қатарынан болуы тиіс.

Бағдарлау мүмкін бомай қалған жағдайда топ бастаушының жолдастарымен жергілікті тұрғындармен кеңескені дұрыс. Ол бұндай кездерде жақын тұрған биік жерге не ағаш басына шығып, белгілі бағдарларды табуға тырысады, болмаса жан-жаққа 2-3 адамнан, белгілі бір келісілген мерзімге барлауға жібереді. Бұл кезде қалған адамдар алыстан жақсы байқалатын бағдар жанына барлаушылардың топқа қайтып оралуын жеңілдету үшін орналасуы тиіс. Топ басшысы күн сайын желіге шығу, белгілі бір бағдардан немесе кедергіден өту, қысқа демалыстарға тоқтау және одан ары жылжу уақыттарын белгілеп отырады.

Топ мүшелерінің арасындағы арақашықтық туризмнің жорықтар бойынша жеке түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болады. Жорық кезінде сонымен қатар туристердің жүру жылдамдығы мен бір күндік жүріп өту қашықтығы, жүріс пен демалыстардың уақытпен есептелгендегі арасалмағы және туристік топ мүшелеріне түсірілетін күш (арқақап салмағы, бір күндік қашықтық) әр қалай болады. Оларға әсер ететін факторлар мыналар: адамдардың жас ерекшелігі, желінің жалпы ұзындығы мен ұзақтығы, жергілікті жер жағдайлары, ауа-райы жағдайлары, жорықтың мақсаты.

Жорықтар кезінде түскі үлкен үзіліс және түнгі түнеу үшін бивуак ұйымдастырылады. Бивуак – жорықтар кезіндегі туристердің тамақтануы мен демалысын қамтамасыз етуге қажетті орындар. Туристік топ мүшелері, әдетте, бивуакта тәулігіне 10-14 сағаттай болады. Олар шатыржай құрып, оны жабдықтайды, тамақ әзірлейді, киімдер мен құрал-жабдықтарды жөндеуден өткізеді, келесі күнге дайындалады, демалады. Бивуакты тегістеу, құрғақ алаңдар мен алаңқайларда, тастар құламайтын, сел, су тасқындары, қар көшкіні болмайтын, найзағай тікелей түспейтін жерлерге құрады. Тұрақ орны желден жақсы қорғалған және жабдықтауға жеңіл болуы керек.

Таулы жерлерде бивуакты талдар мен жар тастардың шығыңқы жерлеріне, төбелі беткейлердің астына науашықтар (кулуары) мен олардың шығатын жайылма жерлеріне (конусы выноса кулуаров), жылжымалы немесе мұз беткейлерде жатқан қорымдар үстіне, мұздардың белсенді қозғалысы белдеуіндегі мұздақтар жарықшақтарына ұйымдастыруға болмайды. Бивуак ауа-райының кенеттен бұзылуына есептелініп құрылуы керек. Күн күркіреуі пайда бола бастаған кезде барлық металл заттары біріктіріліп, тұрақтан 15-30 метр жерге апарылып қойылады. Бивуакты жоғарғы биіктіктерде, төменгі температурада, ауа-райының бұзылу кезінде, қатты жел соққан кезде және бір жерде 2 рет, одан да көп түнеулер ұйымдастырған кезде қолайлы, жайлы түнеп шығуды қамтамасыз ету үшін және құрал-жабдықтардың сақталуы үшін қар үйшігін ою қажет. Қар үйшігі 4-6 адамға арналады. Адамдар көбірек болса бір-біріне жақын етіп 2-3 үйшіктер не үңгірлер жасайды да оларды бір-бірімен қуыстар арқылы жалғайды.

Бивуак үшін орынды ертерек, жарық кезде таңдап алу керек. Қараңғы кезде немесе тұман кезінде амалсыз тоқтағанда таңдап алған орынның қауіпсіздігін тексеру үшін төңіректі 200-300 метрлік радиуста қарап шығу керек. Ұйқы алдында шатырлардың дұрыс бекітілгенін, заттардың желден, жауыннан сақталу үшін жабылғанын тексеріп, бивуактан кетер алдында заттардың қалып қоймағанына, тұрақ орнының жиналғанына, оттың сөндірілгеніне бақылау жасау керек.

Су жорықтарында бивуак орнына қосымша талаптар қойылады. Өзен жағасы жүзу көлігінің тоқтауы мен шығарылуына қолайлы болуы керек. Жағада оларды орналастыратын алаңқайладың (биіктігі су деңгейінен 3-4 метрден кем емес), шатырларды тұрғызу және от жағу үшін орындардың болуы (су деңгейінен 5-6 метрден төмен емес) қажет етіледі. Бұдан басқа тұрақ орны жақсы желденіп тұруы керек, бұл су мандарында көп болатын қан соратын насекомдардың (маса т.б.) санын азайтады. Таулы аудандарда тұрақ орны таңертең күн сәулелері түсетін жерде болуы тиіс. Су туристері, әдетте, бивуакты саланың негізгі өзенге құятын жерлеріне құрады. Бұл жерлерде балық жақсы ауланады.

Су жорықтары кезінде бивуак орнын жұмыс күнінің жоспарланған сақталуына 30-40 минут қалғанда таңдай бастайды. Жергілікті жерге шолу жасау жағаны қараудан басталады. Көбінесе бұрынғы тұрақ орындары мен от жаққан жерлерді пайдаланған дұрыс. Бивуакты аралдарда құруға болмайды – түнде су деңгейі көтерілуі мүмкін. Түнеуге тоқтаған соң туристер жүзу көліктерін босатып, оны жағаға шығарады. Жағада тұрақтау кезінде барлық жүзу көліктері байланып, бекітілуі тиіс. Бивуак кезінде су туристері әдетте киімдерді құрғату үшін от жағады. Егер ауа-райы жауынды болса бивуак ұйымдастыруды шатыр мен бүркемені орнатудан, заттарды жауыннан сақтап жабудан бастайды.

Спелеожорықтарда бивуакты немесе жер асты шатыржайды, әдетте күрделі көп үңгір желісінен өту кезінде ұйымдастырады. Жер асты жағдайларының ерекшеліктері (жоғары ылғалдылық, төменгі температура, табиғи жарықтың болмауы және кеңістіктің тарлығы) жер үсті бивуагымен салыстырғанда лагерді жабдықтауға жоғарғы талаптардың қойылуын негіздейді. Жер асты бивуагын құру кезінде қалдықтар мен қоқыстар салатын орынды дайындап қою керек, қалдықтар мен қоқыстар лагерь жиналып алынған соң жоғарыға шығарылады. Бивуак тасқын сулардың мүмкін болатын деңгейінен жоғары, тас құлайтын бөліктерден алыс орнатылады. Бивуакта демалыс үшін жеткілікті дәрежедегі жайлылықты (киім ауыстыру, киім кептіру, тамақ әзірлеу мүмкіндіктері) қамтамасыз ететін капронмен қапталған көп орынды жатын қаптар болғаны дұрыс. Шатыр үстінен су өткізбейтін заттан бүркеме тартылады. Жер жағдайына және тұрақ орнының сулану деңгейіне қарай шатырды жерге, болмаса ілінбелі қондырғыға (платформа, табан аяқтардың қолданылуы мүмкін) орнатады. Түнеуді сондай-ақ жылу сақтайтын бүркемелер көмегімен ұйымдастыруға болады. Жер асты бивуагы кезінде керекті тіршілікті қамтамасыз ететін заттар тобына жарық беретін затар, азық-түлік қоры, жанармай, парафинмен, газбен не құрғақ отынмен жанатын шам-шырақ, ас ішетін ыдыс, дәрі-дәрмек жинағы жатады. Жер асты шатыржайымен ұдайы телефон (немесе рация арқылы) байланысы қалыптастырылады.

Жорық кезіндегі жылдамдық жаяу туризм бойынша орташа есеппен бір тәулікте (оның 8 сағаттық жарық бөлігінде) 30 километр, тау туризмі бойынша 20 километр. Сағатына шаққанда бұл жаяу туризм бойынша шамамен 4 сағатқа, тау туризмі бойынша 2,5 сағатқа дәл келеді. Алайда бұл көрсетіш қысқа және түскі демалыстардың болатыны себепті ұдайы сақталынбайды. Туризмнің басқа түрлері бойынша тәуліктік жылдамдық олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады.

Жаяу және тау туризмі бойынша жүру мен қысқа демалыстардың арақатынасы 40 минутқа, 10-12 минут, күрделі, тік беткейлі, кедергілі жерлерде 15-20 минутқа 10-15 минут. Үлкен түскі демалыстар жорық мақсатында адамдардың жас ерекшеліктеріне, жер жағдайына, қалыптасқан жағдайға, календарлық графиктің орындалу барысына байланысты 30 минуттан 3 сағатқа дейін созылады. 3 сағаттық демалыс кезінде міндетті түрде ыстық тамақ дайындалып, адамдар дем алады. 30 минуттық қысқа түскі демалыстар жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа ыстық тамақ жасауға мүмкін болмай қалған кездерде, мысалы, отын жоқ жерлерде болады.

Жорықтар кездеріндегі түсетін күш мөлшері, яғни арқақап салмағы жас ерекшеліктеріне және жынысына байланысты әр қалай болады. Шағын жорықтарға оқушылар 11 жастан бастап қатыстырылатындықтан оларға түсетін жүк салмағы ер балалар үшін 10 кг, қыз балалар үшін 8 килограмм. Одан әрі үлкен жас ерекшеліктері бойынша салмақ мөлшерлері мынадай: 12 жас 11-9 килограмм, 13 жас 12-10 килограмм, 14 жас 13-11 килограмм, 15

жас 14-12 килограмм, 16 жас 15-13 килограмм, 17 жас 16-14 килограмм, 18 жас 17-15 килограмм, 18 жастан ер адамдар үшін 50 жасқа дейін, ал әйел адамдар үшін 40 жасқа дейін арқақап салмағы ер адамдар бойынша 25 килограммға дейін, әйел адамдар бойынша 20 килограммға дейін болуы тиіс. Ер адамдарда 50 жастан, әйел адамдарда 40 жастан соң жүк салмақтары ер адамдар бойынша 20 килограммға дейін, әйел адамдар үшін 15 килограммға дейін. Жалпы арқақап салмағы адамның өзінің дене салмағының жартысынан аспауы керек.

Тау жорықтарында түнеу асулар алдында ұйымдастырылады да, асудан өту таңертеңгі қатқақта басталады, бұл жүруді жеңілдетеді. Түнеу кезінде шатыр тігудің өзіндік тәсілі бар. Алдымен шатыр түбіндегі (төсенішіндегі) бұрыштар бекітіліп, сонан соң барып алдыңғы және артқы маңдайшалар тартылады, соңынан орта шендегі бүйір бұрыштар шығарылып, тартылып бекітеді. Шатырды жинаудың да амалы бар, ол үшін шатырды жинап қабының ұзындығындай көлемде қабаттап, асып бүктеп байлайды. Тіккен кезде бұрыштар қазықтармен немесе тастармен бекітіледі не ағаш, бұталарға байланады.

Жорық қорытындысы. Жорық дайындықтың алғашқы күнінен басталады, ал аяқталуы жоспарлы туризм бойынша туристік топ жетекшісі жұмыс және қаражат жайлы есеп беріп, мектеп туризмінде жорықтар өлкетануға байланысты көбірек өткізілетіндіктен жорық қорытындысы бойынша іс-шаралар (диспуттар, конференциялар, кездесулер, көрмелер және мұражайлар және тағы басқалар) ұйымдастырылып, спорттық туризм бойынша топ жетекшісі МКК-ға (Маршруттық квалификациялық комиссия) жорық туралы есеп тапсырған кезде ғана аяқталады. Тек осыдан кейін ғана жорық желісі комиссиясы жорыққа қатысқандығы және бірінші, екінші, не үшінші разрядқа сынақ тапсырғандығы туралы анықтама беріледі. Ол анықтама бойынша спорттық дәрежелер (III, II, I – разрядтар, спорт шеберіне кандидат, спорт шебері) жеке туризм түрлері бойынша туристік топ мүшелеріне тапсырылады. Жорық қорытындысын талдау мыналарды қамтиды: жорық барысын талдау, оның нәтижелерін сараптау, ол туралы есеп беру.

Өткізілген жорықты талдаудың басты мақсаты – тәсілдік және қоғамдық пайдалы іс, сондай-ақ алда болдырмау үшін орын алған кемшіліктерді, қателіктерді талдау бойынша тәжірибе жинақтау. Есеп жорық ауданын саяхаттық, физико-географиялық, экономикалық, мәдени және тарихи қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді.

Жорық желісі орындалғаннан кейін топ жорық туралы ауызша талдау жүргізеді. Жүріп өткен жолға, бастапқы жоспардың өзгеру себептеріне және тағы басқаларға баға беріледі. Жорықтан оралғанына бір-екі апта өткеннен кейін топ дене шынықтыру ұжымы мен саяхат секциясы алдында ауызша есеп береді. Осы мерзімге дейін түсірілген суреттердің алғашқы үлгілері

жарық көреді. Бір, бір жарым ай өткен соң топ спорт қоғамы саяхат секциясының, спорт клубының немесе қалалық саяхат клубының мәжілісінде толық ауызша есеп беруі керек. Бұл уақытқа дейін өткізілген жорық туралы жазбаша түрдегі есеп және суретальбомы дайын болады.

Жорыққа дайындалу және оны өткізу барысында үзбей күнделік жүргізген жөн. Жорықтың бастауынан аяқталуына дейін толық жүргізілген күнделік есеп жасауға және секцияда ауызша баяндама жасау дайындығына толық мүмкіндігін береді.

10.Жорық кедергілерінің күрделілік санаттары және қауіпсіздік жағдайы

Белсенді туристік жорықтардағы дара кедергілерді жеңу дәрежесін сипаттайтын таптастырғыш (классификациялық) көрсеткіш *кедергілер санаттары* деп аталады.

Техникалық кедергілер әр жорық түрлеріне байланысты анықталады: жаяу, шаңғы, су, велосипед жорықтары және тағы басқалар. Жаяу жорықтардағы кедергілер батпақ ұйықтар (болото), орман және тоғайлар бұталары, өзендерден, жарлардан, мұздықтардан, асулардан өту болып табылады. Тау жорықтарында «асу» ұғымына бір жотаны кесіп өтіп келесісіне өту немесе бір алқаптан екіншісіне өту жатады. Асу, туристік мәнде, қарапайым және қауіпсіз жолдың қисынды талабын қанағаттандыруы тиіс. Сондықтан асу нүктесі ең төмен бөліктегі нүктемен сәйкес келмеуі мүмкін.

Асулардың қиындық негізіне төрт анықтаушы белгі тиісті:

- 1) ең қиын жол бөліктерінің сипаты;
- 2) асудан өтуге қажет жылжудың және түнеу орындарының ерекшеліктерінің техникасы мен тәсілі;
- 3) жорық желісінің сандық сипаттары (қозғалыс уақыты, сақтандыру орындарының саны);
- 4) қажетті арнайы жабдықтар;

Асудың кедергілер санаттары барлық төрт сипаттардың жиынтығымен анықталады. Бұдан жоғары санаттарға лайық бөлек белгілер болған жағдайда, оларды қозғалысты қиындататын қосалқы факторлар ретінде белгілеу керек, бірақ асуды бұдан жоғары санатқа жатқызудың қажеті жоқ. Мұндай асуларға жіберілетін топтарға, асуға сай, жоғары талаптар қойылуы керек.

Таптастырғыш белгілерге потенциалды қауіп-қатерлер кірмейді (көшкіндер, тастардың құлауы және тағы сол сияқты), өйткені жол таңдауды және қозғалыс тәсілін анықтай отырып, олар өздігінен оның қиындығын сипаттамайды. Ережеге сай, 1а санатынан қиын асулардан өтуші топ мүшелерінің бұл санатқа дейінгі жартылай санатты өту тәжірибесі болуы керек, ал топ жетекшісіне – осы санатты өту тәжірибесі және бір санатқа

төмен жорықтың жетекшісі болуы талап етіледі. Үшінші санатты асулардан өтуді басқару үшін екі топ жетекшісі қажет. Сонымен қатар, арнайы дайындық талаптары да ойластырылған.

Тау жорықтарының кедергілерін анықтауда жорық желісі өтетін биіктіктің теңіз деңгейінен биіктігі, биіктікте болу ұзақтығы үлкен маңызға ие. Бұлар асуға қажетті тәжірибесі бар қатысушылардың кіру рұқсатына қосымша шек қоюлар қосады. Биіктікте тұмау ауыруларының тез дамуымен байланысты қатерлі жағдайлар белгілі. Бұл ауырулардың пайда болуы – биіктікте ұзақ уақыт болудың, шаршаудың, жаураудың нәтижесінде организмнің жалпы әлсіреу салдары. Мұндай жағдайлар биіктік аклиматизациясы үшін мүмкін болады. Алдыдағы талаптарға қосымша, биіктігі 5000 метрден асқан асулары бар жорықтарға қатысушылар мен топ басшылары 1000 метр биіктіктен жоғары асудан өту тәжірибесіне ие болуы керек. Осыған орай, биіктік – басқа да оның құрамдары сияқты саналы қорларды талап ететін тәжірибенің міндетті дербес элементі болып табылады. Алдын ала биітік аклиматизациясы тек бір-екі жыл бұрын болған жағдайда ғана ескеріледі, бұдан ұзақ үзілістерде ол есептелмейді.

Туристік жорықтар кедергілерге байланысты алты категорияға бөлінеді. *Қиындық санаты* үш таптастырушы белгілерге байланысты анықталады:

- 1) ұзақтығымен;
- 2) ұзындығымен (протяженностью);
- 3) желінің техникалық қиындығымен.

Желінің ұзақтығы топпен желіні, демалыс күндері мен ауа-райына байланысты қиындықтарды есептегенде, өту үшін керек ең аз уақыт сияқты анықталады, , оған дайындық оның қиындығына сай келеді. Демалыс күндері нормативті ұзақтыққа кірмейді, сонымен қатар олардың саны жорықтың барлық ұзақтығының 20 %-інен аз құрайды. Жорықтың ұзақтығы ережелермен шектелмейді. Бірақ, егер күндердің ұзақтығы минималды нормативтің 25-30%-інен еш негізсіз (мысалы, ұзындық пен кедергілердің саны) көп болса, маршруттық комиссия жеткіліксіз интенсивті ауырлықтың салдарынан жорық қиындығын бір категорияға төмендете алады. Жорықтың қиындығы нормативтен жоғары болса, оның ұзақтығын үлкейтіп отырған жөн.

Жорықтың ұзындығы белгілі бір қиындық санатына сай ең аз ұзындық болып табылады. Жоғары ойлы-қырлы жерлерде жорық желісінің ұзындығы топографиялық картамен немесе масштабы 1:1000000 курвиметр картосхемасымен есептеледі. Шыққан нәтиже 1,2 коэффициентіне көбейтіледі.

Қиындық санаттарын анықтауда , туристік объектілерге радиалды жолдар арқылы өту мүмкіндігін есептегенде, тек сипатталған торап нүктелерінен өтетін жолдар ғана есептеледі. Жорық желісінің негізгі бөлігі ұзындығы жорықтың қиындық санатына сай 75%-тен кем емес сызықты немесе шеңберлі (бір шеңбер) болуы керек және, егер бұл тау жорығы болса, оның құрамында жорық желісіне сәйкес қиын екі асу болуы тиіс. Жорықтың

радиалды жолы желілік кітапшада (маршруттық кітапша) көрсетілген бастапқы орынға оралу жолы бар желі бөлігі болып табылады. Шеңберлі радиалды желіде көрсетілген ара-қашықтық пен табиғи кедергілер (басқа жолмен қайту, оралу) толығымен есептеледі; сызықтық радиалды желіні өту (сол жолмен қайту) – жартылай көлемде есептеледі. Белгісіз сипаттағы кедергі үшін желіні ұзарту жорық желісінің сынақтық қиындығын көбейтуге негіз бола алмайды.

III-IV санатты туристік жорықтар үзіліссіз болуы керек. Жорық желісінің үзілуі қоныстанған орында көзделмеген немесе төтенше жағдайлардың себебінсіз екі тәуліктен артық болу, сонымен қатар желішілік механикалық транспортты қолдану болып табылады. МКК кешірім ретінде осы туристік аудан ішінде механикалық көлікті қолданумен қатар желінің қысқа мерзімді үзілуіне рұқсат беруі мүмкін. Үзіліссіздіктің принциптерін бұзған жағдайда бұл желінің бір бөлігі есептелмеуі мүмкін.

Жорықтың кез-келген санатының *техникалық қиындығы* әрбір жорық түріне тиісті арнайы деңгейді қарастырады, сонымен қатар төмен санатты жорықтарға қарағанда қиынырақ болып келеді.

Кедергілерді сапалы бағалау белгілі кедергіні қауіпсіздік кепілдігімен өту үшін қандай техникалық шеберлік және мамандық деңгейі керек екендігімен және апат зардаптары қаншалықты үлкен болатындығымен анықталады. Жоғары қиындық санаттарына сәйкес кедергілердің техникалық деңгейі, ережеге сай, оларды жеңу үшін топтық күш жұмсауды (асуды ұйымдастыру, сақтандыруды қамтамасыз ету және тағы басқалар) қажет етеді. Желілерді бағалауда бірінші орында туристерге келесі жорықтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін техникалық тәжірибе беретін кедергілер тұрады.

Кедергілердің қиындығын сандық бағалау оларды жеңуге қажетті жұмыстар мен лагерлік жұмыстардан басқа қажетті қызмет жұмыс түрлерін жеңуге кететін уақыттың жиынтығымен шығарылады. Бесінші категориялы желілер кедергілерден өтуге барынша физикалық және моральді күш жұмсағанда 10-12 күн кететіндей жасалған, төртінші категориялы жорықтарда – 7-8 күн, үшінші категориялы жорықтарда – 4-5 күн және тағы сол сияқты. Берілген категориялы жорықтың кедергілерін жеңудің техникалық қиындығы, кедергілердің сипаты, түрлілігі осы аудандағы тап осы категориядағы классификацияланған жорықтан кем болмауы тиіс. Кедергілер сипатына байланысты осы кедергілерді қауіпсіздік кепілдігімен өту үшін МКК жорыққа қатысушылардың (және жорық жетекшісінің) классификациялық деңгейі мен техникалық шеберлігін анықтайды.

Тау жорықтарының желілерін классификациялауда желінің қиындығын анықтайтын асулар жиынтығын қолданады. 1989 жылдан бастап тау жорықтарының желілеріне жоталар траверсы мен шыңдарға шығу жұмыстары қосылды. Мұндай элементтер саны екіден аспауы, ал қиындық желі қиындығын анықтайтын асулар қиындығынан аспауы керек. Траверстер мен шыңдарға шығуды қосқандағы жорық сынағына қажетті асулар саны МКК-ның қарауымен қысқартылуы мүмкін.

Бірінші қиындық категориялы желілерден ұзақығы, ұзындығы, қиындығы аз желілер категориялы емес жорықтар болып саналады (мыаслы, демалыс күнгі жорықтар). Категориялық және категориялық емес жорықтарда (алтыншы категориялы жорықтардан басқа) кез-келген қиындық категорияларына сай аудандар кездесуі мүмкін. Мұндай жорықтарға қажет туристер тәжірибесі бұл аудандардан өту қиындығына сай болуы керек. Оларды өту жорықтардың классификацияланған желілеріне туристерге қатысу рұқсаты туралы сұрақтарды шешуде септігін тигізеді, бірақ туристің спорттық квалификациясын анықтағанда және оған спорттық дәреже беруде қолданылмайды.

Су жорықтары ең қиын және қауіпті жорық түрі болып табылады. Егер басқа барлық жорықтарда қиын ауданда жақсы шешім табу үшін, демалып, күш-қуатын бойына жинау үшін тоқтауға болса, су желілерінен өту екпіні судың тез ағымының салдарынан жақсы жаттықтырылған, үйлесімді уақытта әрекеттер жасауға кепілдік беретін реакцияны қажет етеді. Сондықтан қиын ағымға топты жіберу туралы сұрақты шешу жауапты іс болып табылады. Мұндай шешімді қабылдау үшін өте іскер мамандар қажет. Су жорықтарының классификациясының ауырлығы – оларды әр түрлі жүзу құралдарында өткізуге болатындығында, ал ол бір кедергіні жеңу үшін әр түрлі шеберлік деңгейін талап етеді. Сонымен қатар, бұрын алған тәжірибе көбіне ағымдағы су деңгейіне тәуелді. Кейбір мамандардың ойынша, желілердің қиындық категориясы осы деңгейге байланысты әрбір жаққа бір сатыға өзгере алады. Орта тәртіпке қарсы оның жоғарылау немесе төмендеуі бір кедергілерді өтуді күрделендірсе, екіншісін оңайлатады.

Жаяу жорықтарды классификациялауда қоныстанбаған жерлер мен қысқа эвакуациялық жолдарсыз қиын өтілетін жерлердің үзіліссіздігі сияқты ерекше факторларды еске алған жөн. Қоныстанған жерлер жанында орналасқан жол бөліктері әрдайым өтуге ыңғайлы болады. Ал егер қоныстанған орындар жолда жиі кездессе, желі, топтың бағытын анықтау оңайға түскендіктен, жеңілдейді. Жеңілдетуші жағдайлар ролінде ормансыз және таулы аудандар, саяжайлық ормандар және басқа да жерлер шығады, бұл жерлерде топ дәл қай жерде тұрғанын біледі және қажет болса, асуларды жылдамдата алады.

Егер жаяу жорықтың көп бөлігі қоныстанбаған ауданнан өтсе, жағдай қиындай түседі. Мұндай жағдайда топқа белгілі бағдарларсыз және тұрақты сенімділікпен соқпақсыз, тоғайлар, ұйықтар арқылы, көмек алу мүмкіншілігінсіз күннен күнге қозғалыс сызығын таңдауға тура келеді. Мұндай жағдайларда қозғалысты жылдамдату қажет болса да, қиынға түседі. Топ әрдайым желі салуда және оны өтуде мұқият болуы керек. Бұл желіні өтуде қиындатушы фактор болып табылады және жорыққа қатысушыларды іріктеуде, әсіресе жорық коммерциялық негізде өткізілсе, жорық ұйымдастырушыларымен ескерілуі тиіс.

Жорықтарда кездесетін қауіп-қатер түрлерін бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады:

1) Жер бедеріне байланысты пайда болатын қауіптер. Оларға: тау биіктігіне байланысты пайда болатын ауыру, көздің жасаурауы, селдің және қар көшкінінің болуы жатады. Қар көшкіні – тау беткейлерінен құлап немесе сырғып түсетін қар көлемі. Қар көшкіні жылдық, тәуліктің кез-келген уақытында пайда болуы мүмкін. Қар көшкінінің жүруі мынадай жағдайларға байланысты:

- Жылылық кезде немесе жауыннан соң беткі төсеніш қабаты мен қар қабаты арасындағы ылғалдық пайда болып, қар қабатына судың сіңуі.
- Қардың төменгі қабаттарында бос, бір-бірімен байланыссыз түйдектердің пайда болып олардың үстімен жоғарғы қар қабатының сырғанауы. Қозғалу сипаты бойынша қар көшкіні беткейдің тұтас бойымен, сайлар мен өзектерді бойлап және төбелерден секіре жүреді. Қар тығыздығы 30-800 кг/м³ аралығында, жүру жылдамдығы 20метр/секундына – 60метр/секундына шамасында болады. Арнайы құрған қызмет органдары қар көшкіні туралы қауіпті жағдайда тұрғындарды, туристік ұйымдарды хабардар етіп отырады. Мүмкіндігінше жорық кездерінде қар көшкіні болуы мүмкін жерлерден алыс жүріп, оларды айналып жүру керек. Егер тауда 30-50 сантиметр қалыңдықта қар жауса, биік таулы немес ормансыз белдеуге баруды 2-3 күн қоя тұру керек. Қар 50 сантиметрден артық жауса, жорыққа шығу 4-5 күннен кейін белгіленеді. Бұның өзінде де қар көшкінінің болу мүмкіндігі сақталады. Әсіресе, V – тәрізді аңғарлар, ойыстар, сайлар, өзектер мен олардың астыңғы беткейлері және қалың қар қабатымен жабылған ашық, тік беткейлер қауіпті. Қауіпті белдеуден өтудің ең дұрысы жер бедерінің шығыңқы формалары арқылы – кең контрфорстармен, жолдармен, ағаш, бұталар өскен жерлер мен жар тасты бөліктермен жүру керек.

Қауіпті белдеуді бір-бірлеп 100 метрге дейінгі (ашық беткейлерде) ара қашықтықты сақтап өтеді. Қозғалу кезінде ең дұрысы беткеймен бір ізбен тек қана жоғары, амалсыз жағдайда ғана қиялап жүру керек. Өйткені көлденең жүру қар қабатын «кесіп» қардың төсеніш бетімен бекіну күшін бұзып, қар көшкінін тудыруы мүмкін. Қауіпті белдеуде тұрған кезде шулауға, қатты сөйлеуге болмайды. Нұсқаулар ақырын дауыспен немесе ыммен беріледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін топтан бір немесе бірнеше адамды бөледі. Олар көшкін бола қалған жағдайда ол туралы түрлі жолдармен (айғайлап немесе тағы басқаша) белгі береді. Кейде қар беткейімен ешбір дыбыссыз жылжиды. Қауіпті бөлікке шығар алдында барлық жорыққа қатысушылар беліне немесе қолының шынтақтан жоғары жағына қар көшкіні жібін ілдеді. Бұл жіп 15-25 метр, қарда тез байқалатын ашық түсті болуы керек. Туристің қар көшкініне түскен жағдайында жеңіл жіп қар үстіне шығып қалады да, ол арқылы көміліп қалған адамды тауып алады. Дәрі-дәрмек қорапшасы, қар көшкіні күрегі және таяғы бақылаушыларды немесе соңында жүретіндерде болады. Қар көшкіні күрегі қар басып қалған адамдарды қазып алу үшін,

қардан үйшіктер мен желден қорғалатын қабырғалар тұрғызу үшін және тағы басқа мақсаттарда пайдаланылады. Қар көшкіні таяғы қар астындағы адамды, жабық, қармен бүркелген жарықшақтарды түртіп табу үшін қолданылады.

Қар көшкіні болған жағдайда қауіпті белдеулі жерден тезірек кету керек. Ең дұрысы айналма жолмен түсу қажет. Егер ол жерлерден кету мүмкін болмаса, тез арада мұз ойғыштан, арқақап, шаңғыдан босану керек. Ол үшін қауіпті беткейлер шығар алдында арқақаптың бел таспасын шешіп, қолды мұз ойғыштың қол ілмегінен шығарып, шаңғының ұзын таспалы бекітулерін босатады. Қар түспес үшін ауызды және мұрынды мойын орағышпен не жемпірдің жағасымен жауып қол аяқтармен жылдам жүзу қимылдарын жасап, қар көлемінің жоғарғы бетінде қалуға және мүмкіндігіне қарай қар көшкінінің шетіне қарай жылжуға тырысу қажет. Қар астында қалған жағдайда тізені ішке қарай жақындатып бүгілген қолдармен бетті жабады, осымен бір мезгілде еркін тыныс алу үшін ауыз бен мұрын алдындағы қарды сығады. Қар көшкіні тоқтаған кезде қар астынан босанудың барлық қамын бірден жасау керек, өйткені қозғалмаған жағдайда қар тез тығыздалып, қатып, көшкін астында қалған адамды шығармай тастауы мүмкін. Егер өз бетінше босанып шығу мүмкін болмаса, салқын қандылықпен, күшпен ауаны үнемдей отырып және ұйқыға бой алдырмай көмек күту қажет. Құтқарушылардың қадамдары мен дауыстарын естіген жағдайда айғайлау керек. Бірнеше тәуліктен соң адамдарды қар астынан тірі алып шыққан жағдайлар белгілі. Қар көшкініне түскен адамның қозғалуын бақылаушылар байқап тұрып, оның маңындағы қардың тоқтаған жерін белгілеп, көшкін таяғын, тағы басқа құралдарды пайдаланып шығарып алады, алғашқы медициналық көмек көрсетеді, адам табылмаса арнайы құтқарушыларды не жақын маңдағы елді мекеннен адамдар шақырылады. Қар көшкіні кезінде, сондай-ақ, 50-100 метрлік ауқымды рациялар пайдаланылады.

Жорықтар кезінде жер бедеріне байланысты қауіптермен қатар ауа-райына байланысты (жоғары немесе төменгі температура, боран, жауын-шашын және тағы басқалар), туристердің мінез-қылықтарына байланысты (рұқсатсыз топтан қалып қою, басқа жақа кетіп қалу, жетекшіге бағынбау және тағы басқалар), кейбір жәндіктерге байланысты (кенелер, қара құрт және тағы басқалар) және жетекшіге байланысты (дайындықтың дұрыс өткізілмеуі, қажетті заттардың, құралдардың алынбауы, желіні дұрыс білмеу және тағы басқалар) қауіп түрлері кездеседі. Жетекші жорық кезінде қалыптасқан жағдайларға байланысты кедергілерден өтуге, түнейтін жерді таңдап алысуға не алдын ала белгілеуге, кедергілер сипатына және жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты құралдар мен тәсілдерді таңдап алуға байланысты дұрыс шешімдер қабылдауға тиіс. Сондай-ақ, ол желінің бөліктерін анықтау, кедергілер сипатын білу үшін барлау ұйымдастырып тұру керек. Барлау негізінен бивуак кезінде кешке қарай, таңертең және тұман кезіндегі бағдарлау қиындаған жағдайда жасалынады.

11. Жорық құрал-жабдықтары және оларды пайдалану жағдайы

Жорықтардың шарты мен мінезі құрал-жабдыққа ерекше талап қояды. Ол жеңіл, мықты, сенімді, аздаған габариттерге ие болуы, қолдану кезінде қарапайымдылығымен ерекшеленуі керек.

Құрал-жабдықтарды дайындау жорыққа дейін сыннан өткізуге мүмкіндік жасау және далалық жаттығуға арналған орындар бойынша қажетті жұмысты жүргізу үшін ерте қолға алынады.

Әрбір жорық өзіне тән құрал-жабдықты талап етеді және соған байланысты жорыққа тек қажетті дегендері ғана алынады. Жорық құрал-жабдықтары жекелік және топтық деп бөлінеді:

Жеке құрал-жабдықтар: жол дорба немесе арқақап, жорық бәтеңкесі, жібек шұлық, жай шұлық – 2 жұп, жылы киімдер, жуынуға қажетті заттар, ыдыс (шыны, табақ, қасық), компас, полиэтиленді орам, жеке пакет, ұйықтайтын қапшық, күннен қорғайтын көзілдірік, поленді кілемше, бас киім, альпеншток, су ішетін трубка, сіріңке – 4 қорап, репшнур 4-5 метр.

Арқақап. Көп күндік жорыққа шығар кезінде нұсқасын Аблаков не Яров жасаған альпинистік немесе экспедициялық арқақапты алған жөн. Оны мықты матадан жасалғанына және тікбұрышты төрең не сопақша түрмен тігілгеніне, иыққа асар жалпақ белдігінің мықтылығына, қалталарының кеңдігіне және үлкен қалпақ-қақпағына риза болмау мүмкін емес. Тері ілгектеріне, кеуде тұсындағы белдіктері мен әртүрлі қарғы бауларына, карабинчиктеріне қызықпаңыздар, олар тек сыңғырлап, бұталарға ілінеді.

Арқақапқа заттар белгілі тәртіппен салынады. Ол үшін арқақап жерге шалқасынан қойылады. Үш жағына да «бортки» болардай оралған ұйықтайтын қапшық арқақап табанына екі жағына орналастырылады. Одан кейін ауырлау заттар (консерві банкілері, ұн дорбалары және тағы басқалар) салынады. Үстіңгі жағынан жеңіл құрал-жабдықтар орын алады. Бұл орайда арқақаптың екі жағын да теңестіре білу керек. Заттарды орналастырғанда бос қуыс қалдырмау керек. Одан гөрі арқақаптың үстіңгі жағы бос тұрғаны дұрыс. Арқақаптың бүйірдегі қалталарына жиі қолдануға тура келетін ұсақ заттарды салған жөн. Мысалы, оң қалтасына жуынуға қажетті заттарды, сол қалтасына тамақтануға керек азық-түлікті орналастыру керек. Барлық заттарды салып болған соң арқақаптың арқа жағының жұмсақтығы, оң, солының тепе-теңдігі, жалпы салмағы тексеріледі. Оның орташа салмағы: қыздар үшін 12 килограмм, әйелдер үшін 16 килограммға дейін, ерлер үшін 20-25 килограммға дейін болу керек.

Аяқ киім. Саяхатшы үшін аяқ киімді таңдау үлкен маңызға ие. Жаяу жорықтарда «вибрам» жобалы табаны қалың бәтеңкелер аса қолайлы. Саяхатшылар арасында жай кедтер де кеңінен қолданылады. Олар басқан адамның салмағы білінбестей жеңіл, жылтыр, тайғанақ жерлерде желімдеп қойғандай табаның таймайды.

Жалпы күрделі емес жорықтарда өкшесі аласа және табаны міндетті түрде кедір-бұдырсыз мықты, бірақ киілмеген аяқкиімді киуге болады. Жорыққа

шығар алдында аяқ киімді жұмсақ және сыз өтпейтіндей ету үшін мүмкіндігінше маймен майлаған жөн.

Қандай жағдайда да сайхатшының басы артық аяқкиімі және екі жұптан кем емес шұлықтары болуы қажет. Ол шұлықтардың киілуі мерзімін екі-үш мәрте ұзарту үшін торланған шұлықтар аяқты қажауы мүмкін, сол себепті жібек шұлық сыртынан жай шұлық кию, немесе, тіпті қарапайым жай шұлықтың өкшесіне ескі капрон шұлықтан жамау жамаған жөн.

Киім. Саяхатшы киіміне қойылған негізгі талап – жеңіл, берік, қарапайым және кір көтергіш болуы қажет.

Жаттығу киімі, жиегі кең қалпақ, бір жұп іш киім, берік матадан тігілген шалбар, ұзын спорттық тоқыма жылы көйлек, жағасымен бірге тігілген қайырмалы бас киімді кеудеше, плащ-бүркеншік саяхатшының жаз мезгіліндегі жорығы үшін талап етілетін негізгі киімдер.

Плащ-бүркеншік мөлшері саяхатшының арқасындағы жолдорбасын жаңбырдан түгел қорғайтындай болуы керек.

Төсек бұйымдары. Жорықта бір күннен артық болмайтын турист базада не қонақ үйде жатпайтын жағдайда, өзімен бірге мынандай төсек бұйымдарын алуы керек: жеңіл, жинар кезде тез жинауға оңай, арасында мақтадан «найзағай» төсеніш немесе жасанды матаны тарай түтіп салынған ұйықтайтын қапшық және үрлемелі матрац.

Топтық құрал-жабдықтар: шатырлар, балта (бес адамға бір балта), тамақ пісіретін ыдыстар (қабымен), ошаққа қажет жабдықтар (темір ошақтар, мосылар және тағы басқалар), консерві пышағы, еденге төсеніш, төгіліп қалар заттарға қажет қалталар, жорық құжаттары, арқандар (негізгілері және көмекшілері), дәрі-дәрмектер, карабиндер, жұмар және тағы басқалар.

Жорық кезінде 3-4 адамға арналып бір шатырдан алынуы тиіс. Жорыққа шығар алдында шатырдың бүтіндігі, жарамдылығы мұқият тексерілуі қажет. Алайда түнеп, жолға жиналған кезде шатырды жайып, кептіру керек.

Сақтандыру құралдарының техникалық жағдайы және оларды қолданудың әдіс-тәсілдері.

Туристік сақтандыру құралдары – туристік жорық кезінде кешенді қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын техникалық құрал жиынтығы және бірлігі. Оның үш түрі бар:

- 1) топтық сақтандыру – топтық сақтандыру техникасына жартасты кедергілерден өтуге алдын-ала желі бойына қағылған темір қазықшалар немесе тас шоқырларына ілінген және тік тартылған арқандар арқылы іске асырылады.
- 2) көмек арқылы сақтандыру жоғары сақтандыру жоғарғы нүктеден, төменгі сақтандыру және екі нүктеден аспа арқаны арқылы жүзеге асады.
- 3) өзін-өзі сақтандыру. Жорық жағдайында өзін-өзі сақтандыру жұмыстары мұз ойғыш, альпинштог, кошка сақтандырғыш белбеуі арқылы іске асырылады. Сонымен қатар өзін-өзі сақтандыру барысында арқанмен жұмыс кезінде топ мүшелері кездейсоқ құлаған

жағдайда механикалық тежеп тоқтату әдістерін карабин арқылы тежеп тоқтатуды үйрену қажет.

Аспалы арқанның көлбеу және тік тартылған жағдайда қозғалысты қауіпсіздендіру шартының қарапайым түрі – шалып байлау (схватывающе). Ал көлденең қозғалыста топ мүшесінің сақтандыру белбеуінде сыдырмалы карабин негізгі қауіпсіздік рөлін атқарады, ал тік беткейлі және көлбеу тартылған арқанмен жоғары көтерілу жұмысын іске асырғанда негізгі көмекші сақтандырғыш құрал – жұмар не стоперді туристік топ мүшелері жиі пайдаланады. Ал тау өзендерінен өту кезінде ең қарапайым сақтандыру түріне маятник арқылы жағадан өту әдістерін пайдалануға болады.

Карабин типтері және оның түрлері. Карабин және оның түрлері сақтандыру құралының маңызды рөлін атқарады. Оған Абалаковтың үш бұрышты муфталы карабины (бұралмалы), алмұрт тәріздес муфталы карабин, титанды бұралмалы муфталы карабині, «ирбис» карабины, титанды шақпалы «ирбис» карабині, қарапайым ирбис карабины жатады. Карабинді кез-келген туристік жорықта сақтандыру құралы ретінде: сақтандырғыш белбеуге, қазықшаларға, аспалы арқанға, тежегіш құралдарға және арқан тартуға арналған тартпа блоктарға көмекші құрал ретінде пайдаланылады.

Карабин салмағы және жүк салмағын ұстау қасиетінің жағдайлық сипаты: болат карабин салмағы 160 грамм болып, көлденең бағытта 2000 килограммнан артық салмақ көтереді, ал алюминий қоспа материалдарынан жасалған карабин 40 грамм болып, салмақ көтеру көрсеткіші 1800 килограммға дейін көтереді, титанды «ирбис» карабины салмағы 75 грамм, жүк көтеру көрсеткіші 2500 килограмм. Практикада карабиндердің үш бұрышты, бұршақ тәріздес түрлері жиі қолданылады. Олардың салмақ көтеру мүмкіндігі үш есе артық болып келеді.

Туристік арқан және оның түрлері. Туристік арқан кез-келген жорықтың күрделі бөлігіндегі негізгі техникалық сақтандыру құралы. Арқанды дайындау жолдары өте көп. Арқанды кендірден, мақтадан, жүннен, қылдан дайындайды. Соның ішінде қазіргі кезде туризмге жарамды түрі синтетикалық талшық, капрон, нейлон және тағы басқалары. Туристердің қозғалысын сақтандыратын негізгі арқанның диаметрі немесе көлденең кесіндісі 9-12 миллиметрге тең. Ал көмекші арқанның диаметрі 5-6 миллиметрге тең және әр метрінің салмағы диаметріне қарай 50-90 грамм болып, ұзындығы 40-80 метрге дейін болады.

Туристік әрекеттер кезінде аспалы арқанды тартуға қатты және созылу қасиеті төмен болғаны қажет. Арқандарды әр-түрлі затқа байлаудың негізгі түрі – байлаудың булень түрі және арқанды карабинге байлаудың екі түрі – жолсерік және сегіздік.

Арқанды қандай мақсатта қолдансақ та, түйінсіз қолдану мүмкін емес. Барлық түйіндер төмендегі талаптарға жауап беруі тиіс: салмақ түскен және қозғалыс кезінде жай байлау, байланған түйінді шешу, созып тартпау және мүмкіндігінше арқанның мықтылығын бәсеңдетпеу қажет. Диаметрі бірдей арқандарды «тоқыма» (ткацкий) немесе «тікелей», «теңіздік» түйіндер

байланыстырады (2,3 сурет). Әртүрлі жуандықтағы арқандар «брамшкотты» және «академиялық» (4-5 сурет) түйіндері пайдаланылады.

Арқанды қозғалмайтын затқа (ағашқа, құзға) және саяхатшының кеудесін шала байлау кезінде қауіпсіздіктің «булинь» түйіні (6 сурет) пайдаланылады. Сулы кедергіден өту барысында көлбей жатқан қиын өткелдер бойынша қауіпсіздікті ұйымдастыру үшін «жолсерік» (проводник) түйіні (7 сурет) пайдаланылады. Тік асу бойынша қауіпсіздікті ұйымдастыру үшін «ұстасатын» түйін (коровий узел) пайдаланылады (8 сурет). Түйіндердің әртүрлілігі келешекте әлсіреп, негізгі арқан бойымен қолмен оңай жылжытылатын, ал көмекші арқанмен кілт тарту кезінде бірден байланады.

«Тұзақ» тәріздес түйіні (10 сурет) арқанды ағашқа, тасқа, өрге тез әрі сенімді бекітуде қолданылады. «Садақ» тәріздес түйін (9 сурет) жүкті байлап көтеруде, биік өрлерде пайдаланылады. Ол тез реттеледі және оңай шеліледі.

Түйіндерді байлау кезінде арқан ұштарының қосымша қауіпсіздік түйіндерін жасауды ұмытпаған жөн, арқанға үлкен жүктер түскен кездерде негізгі түйіндердің сусып, шешіліп кетпеуіне кедергі жасайды. Түйіндердің затты қатты ұстап тұруын ғана емес, сондай-ақ қажет жағдайда тез шешілуін де ойлау керек. Түйіндер арқанның ұшындағы түйіннің қосымша тұзақ тәрізді түйіні көмегімен немесе түйінге күнібұрын бекітілген таяқша арқылы байланады.

12.Туристік жорықтардың әлеуметтік-қоғамдық маңыздылығы

Туристік жұмыс кең мағынада еңбекшілердің және олардың жан ұясы мүшелеріне туризм және экскурсия құралдары арқылы туристік-экскурсиялық, дене тәрбиелік – сауқтыру, мәдениеттілі-бұқаралық қызмет етуге бағытталған белсенді демалыс ұйымдастыруды көздейді. Кішірек мағынада туристік жұмыс астында жорықтардың, саяхат жасаудың, туристік жарыстардың, жорыққа дайындықты оқытудың, бағдарлау тәсілдерін, өлкетану негіздерін және туризмнің басқа да элементтерінің бірнеше түрлерін ұйымдастыратын және туристік жұмыстың дұрыс жүруін қамтамасыз ететін, соның ішінде жорықтардың графиктері мен желісін құру, лагерь алаңдарын ұйымдастыру, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру және тағы басқа шаралар қолдану түсіндіріледі.

Туристік ұстаным туристік базаның басқа демалыс мекемелерінен айырмашылығының нормалы жұмыс жасауының шешуші шарттары болып табылады. Базада туристік жұмыстарды дұрыс қоюдан, қоректену сапасы мен өмір сүру шарттарынан кем дәрежеде емес еңбек етушілердің еңбек белсенділігі, көңіл –күйінің көтерілуі, денсаулығын нығайтуылуы, толық құнды демалыс тәуелді болады.

Туристік жорық туристерді табиғатпен, табиғи байлықтармен, мәдениет ескерткіштерімен таныстырады , дене шынықтыру, спорт және туризмді жұмысшылардың күнделікті тұрмысына енгізуге септігін тигізеді, оларды

физикалық дамытады және рухани байытады, ой- өрісін кеңейтеді, патриоттық, Отансүйгіштікке тәрбиелейді, ұжымдастық, тәртіптілік, табандылық, шыдамдылық сияқты сапаларын дамытады.

Туристік жорықтардың біздің өмірімізде маңызы зор. Оларды талдай айта келсек,

1. *Туристік жорықтың танымдылық маңызы.* Туристік жорықтарға қатысу арқылы біз жаңа жерлер, елді мекендер көріп, танымымызды, көзқарасымызды ұлғайта аламыз. Біз білмейтін еліміздің елеулі де, маңызды жерлері өте көп. Туристік жорықтар арқылы адамның рухани ой-өрісі мен дүниетанымы кеңейеді, адам аяғы баспаған сүрлеу соқпақтармен жүре отырып, көптеген қызықтарға кенелуі мүмкін. Мүсінші табиғаттың қолымен жасалған сыйлары – аңға-жануарларға ұқсаған тастар, небір қиюласқан сандық тастар, тас мүсіндерге, сылдырап аққан кәусар бұлақтарға куә болып, оларды табиғат сыйы деп қабылдауымыз керек.
2. *Туристік жорықтардың оқу-тәрбиелік маңызы* өте зор. Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты, өйткені география аумақтық жеке ерекшеліктерді, оның ішінде туристік ресурстар мен объектілердің белгілі бір аумақта таралу ерекшеліктерін зерттейді. Одан басқа география ғылымы географиялық заңдылықтарды (зоналылық, температураның жер беті бойынша таралуы, күн радиациясының жер беті бойынша таралу мөлшері және тағы басқалар) зерттеумен айналысады. Екіншіден, туризм тарих ғылымымен де байланысты, өйткені туристер, туристік топтар, саяхаттар, экскурсиялар кезінде тарихи ескерткіштермен, нысандармен танысады, халықтық тарихи кезеңдерімен таныс болады. Сонымен, туристік жорықтарға қатыса отырып біз белгілі мөлшерде өзімізге оқу-тәрбиелік білім аламыз.
3. *Спорттық маңызы және оның денсаулыққа пайдасы.* Спорттық туризм өз кезегінде физиология ғылымымен байланысты. Туризмнің белсенді түріне, туристік жорықтарға, әсіресе категориялы немесе спорттық жорықтарға дайындық кезінде және жорықтардағы энергия шығыны мен тамақтануды ескеру, есептеу өте маңызды. Осы жағдайда және жорықтарға дайындық кезінде ағзаның жеке жасқа, жынысқа, дене саулығына және тағы басқа ерекшелігі мен ағзада жүретін физиологиялық процесстер: ас қорыту, тыныс алу, қан айналу, зат алмасу, зәр шығару және шаршау табиғатын есепке алынып, сауықтыру жұмыстары жүргізіледі.
4. *Ұлттық және діни тәрбие беру.* Өз елімізде, туған табиғатымызда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие, діни тұрғыдан халықтық сана-сезім, іс-әрекет қалыптастыруымыз керек. Ұлттық тәрбие дегеніміздің өзі патриоттық тәрбиемен тығыз байланысты. Әр-бір азамат Қазақстанды туған отаным деп қабылдап, оған деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, елінің дамуына үлес қоса білсе, туристік жорықтарда биік шыңдарды бағындыра отырып ұлттық нақышта бейнеленген төл туымызды

желбірете қадап, келер ұрпақа үлгі бола білу керек. Атам қазақ діни тұрғыда ағын суға, жүйіткіген желге, көк аспанға, отқа табынған. Қараңғы түнде отпен аластау бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табауда.

5. *Туристік жорықтарды ұйымдастыру мен жүргізудің экономикалық маңызы.* Туризм қоғамдық құбылыс және сала ретінде экономикамен, экономика ғылымымен байланысты. Себебі туризмнің өзі шаруашылықтың, экономиканың бір саласы болып есептеледі. Туризммен ақша, өндіріс, сауда қатынастары байланысты. Туризм арқылы мемлекеттік бюджетке пайда түседі. Ол үшін туристік жорықтар мен іс-шараларды жиі ұйымдастырып отыру керек. Туристік сфера бойынша жарнамалық қызмет жүзеге асады және туристік фирмалар, туристік операторлар, туристік агенттер, туристік нұсқаушылар өзіндік жұмыс атқарады.

Туризмді жан-жақты қарастыруға болады. Туризм – шаруашылықтың да, спорттың да бір саласы. Ол арқылы бір жағынан жергілікті халықты жұмыс орнымен, кәсіппен қамтамасыз етсек, екінші жағынан жұмыстан шаршап-шалдыққан халықты демалысқа тартамыз.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелерден көрініп отырғандай туризмнің, оның ішінде туристік жорықтардың, кез-келген қоғамдық өмірде алатын орны жоғары.

Туристік жұмысты ұйымдастыру мүмкіншілігі көптеген факторларға байланысты, олардың негізгілері мыналар: туристік мекеме орналасқан қолайлы табиғи-тарихи шарттары бар ауданның болуы; туристік қызметті қамтамасыз ететін материалдық база; жеткілікті кәсіби деңгей мен туристік мекеме қызметкерлерінің ынтасы, ең алдымен – нұсқаушы құрамының ынтасы.

Заттық - техникалық қамтамасыз ету деңгейі (қоғамдық орындардың, туристік-спорттық құралдарың, оқу - әдістемелік әдебиеттің, демонстрациялық құрылғылардың, жорық жабдықтарының бары) туристік жұмыстың әртүрлілігіне, туристік ұстаным мамандандырылуына, туристермен жұмыс деңгейінің көтерілуіне септігін тигізеді.

Ережеге сай, Туризм және экскурсия жөніндегі Орталық кеңес жүйесінің барлық туристік базалары жақсы табиғи-климаттық жағдайлары, жақын жерлерде көруге тұрарлық жаңашыл, тарихи-архитектуралық және басқа да объектілері бар және қоғамдық, мәдени және спорттық-сауықтыру құрылғылары бар аудандарда орналасқан. Туристік жұмысты жақсартуда басты рольді туристік базалардың нұсқаушылар құрамы мен туристік база басшылары атқарады . Олардың кәсіби шеберлігінен, практикалық тәжірибесі және іскерлігінен, табандылығы және ынтасынан туристік мазмұн деңгейі, оның туристерге қызығушылық туғызу деңгейі, тәрбиелік және сауықтыру жөніндегі нәтижесі, туризм сферасына туған өлкенің қызықты объектілерін қатыстыру, жаңа маршрут желілерін салу және барлау деңгейі тәуелді болады. Осыған орай, туристік іс-шара, жорықтарды

ұйымдастыруда басты мәселелердің бірі – туризм мамандарын, әсіресе жорыққа қатысты мамандар даярлау болып отыр.

Туризм нұсқаушысы және гидтерді дайындау туралы

Соңғы кезде туристік тәжірибеде «гид», «гид-жолсерік», «гид-аудармашы» түсініктері «туризм нұсқаушысымен» теңестіріледі, бірақ ол дұрыс емес.

Ең алдымен осы түсініктердің анықтамасына назар аударайық.

2001 жылғы 13 маусымдағы №12-II «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңында «гид» («гид-жолсерік» түсінігін қоса алғанда) түсінігі «туристерге уақытша келген елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдық қызмет көрсететін кәсіби даярланған жеке тұлға», ал «туризм нұсқаушысы» - «тиісті біліктілігі және туристік желілермен жүріп өту тәжірибесі бар кәсіби даярланған жеке тұлға» деп түсіндіріледі.

Бұл екі түсінік айырмашылықтарына қарамастан неге теңестіріледі? Өйткені желіде шетелдік топ туристерімен, яғни коммерциялық тректерде көбінесе гид (әрі жолсерік) болады, бірақ жоғарыда аталған анықтама бойынша оның «тиісті біліктілігі және туристік желілермен жүріп өту тәжірибесі» жоқ. Оғаштық? Себебі заң актісіндегі «гид» пен «туризм нұсқаушысы» түсініктері әр түрлі және анық емес түсіндіріледі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңында қолданылатын «гид» түсінігі «туризм» сөзімен қоса «гид-жолсерік» ұғымымен толықтырылуы керек. Сонда бұл жай ғана шетелдік туристік топтарға экскурсия кезінде көмектесетін «гид-аудармашы» емес, шынымен де шетелдіктермен спорттық коммерциялық тректерде жұмыс істей алатын, туризм нұсқаушысы ретінде белгілі бір біліктілігі және туристік маршруттармен жүріп өту тәжірибесі бар кәсіби дайындалған жеке тұлға.

«Туризмнің гид-жолсерігі» және «туризм нұсқаушысы» түсініктерінің анықтамасына қандай критерийлер кіруі керек? Негізге коммерциялық немесе туристік-спорттық турды алған оңайырақ. Көбінесе коммерциялық турларды гид-жолсерік, ал спорттық турларды – туризм түрі бойынша нұсқаушы өткізеді. Гид-жолсерік және туризм нұсқаушысының туристік біліктілігі қандай болуы тиіс?

Олардың жорықтарға жетекшілік етуі мен қатысу тәжірибесі оның критерийі болуы керек. Ендеше гид-жолсерік өзінің қызметін коммерциялық топтарда атқаруға міндетті. Сонымен қатар I-II күрделілік категориядағы төменгі жорықтарда басқару мен қатысу тәжірибесі бар болса, онда ол спорттық-туристік турларға да жетекші бола алады. Мәселенің басын ашып алу үшін Қазақстан Республикасындағы қоғамдық туристік кадрларды дайындау жүйесіне маңызды өзгерістер енгізу қажет.

Оның арқауына келесі негізгі ұстанымдар енуі керек:

- *дайындау түрі бойынша* – тыңдаушылардың тәжірибесін есепке алатын 4 деңгейлі жүйе: бастапқы, базалық, арнайы және жоғарғы туристік дайындық;

- *оқу бағдарламаларының мазмұны бойынша* – бұл біртұтас, бірақ спорттық туризмдегі мамандарға сапалы дайындыққа қажетті, туризм түрінен және оқу деңгейінен құралатын дифференциялы білім көлемі;
- *тыңдаушыларды барлық оқу деңгейінде шығару механизмі* – негізін олардың қабілеті, тәжірибесі және меңгерілген білімнің деңгейін құрайтын дифференциялы ұстанымдағы мамандарды аттестациялау;
- *оқудың үздіксіздігі бойынша* - әртүрлі деңгейдегі бағдарламалардың үйлесімділігін қамтамасыз ету және жоғарғы деңгейдегі бағдарламалардағы оқуды жалғастыру мүмкіндіктері.

Спорттық туризмнің мұндай мамандар дайындау жүйесі Ресейдің Туристік-спорттық одағымен Ресей Федерациясының дене шынықтыру, спорт және туризм бойынша мемлекеттік комитетіне ұсынылған. Осыны ескеріп, ТМД-да біртұтас туристік кеңістік сақтау үшін және Халықаралық туристік-спорттық одақтың (спорттық туризмнің Республикалық федерациясы оның негізгі ұйымдастырушысы және мүшесі болған) ұсыныстарын есепке ала отырып, Қазақстандағы туризмге мамандар дайындау жүйесі 4 деңгейде жүргізілуі тиіс: бастапқы, базалық, арнайы және жоғарғы.

- Бастапқы деңгей жас нұсқаушылар, спорттық туризмді ұйымдастырушылар (бұрын оларды турұйымдастырушылар деп атаған), I күрделілік категориядағы жорықтардың қатысушылары мен жетекшілерінің дайындығын қамтиды.
- *Базалық деңгей* балалар және жасөспірімдер туризмінің нұсқаушылары, спорттық туризмнің нұсқаушылары, I және II күрделілік категориядағы жорықтардың қатысушылары, I және II күрделілік категориядағы жорықтардың жетекшілері (соңғыларын туризмнің гид-жолсеріктері деп атауға болады) дайындығын қамтиды.
- *Арнайы деңгей* III және IV күрделілік категориядағы жорықтардың қатысушылары мен олардың жетекшілері (оларды спорттық туризмнің аға гид-жолсеріктері деп атауға болады), спорттық туризмнің аға нұсқаушыларының дайындығын қамтиды.
- *Жоғарғы деңгей* V және VI күрделілік категориядағы жорықтардың қатысушылары мен олардың жетекшілері (оларды спорттық туризмнің халықаралық кластағы гид-жолсеріктері деп атауға болады), спорттық туризмнің халықаралық кластағы нұсқаушыларының дайындығын қамтиды.

Әрине, алғашқы туристік дайындық деңгейінде өзге категориядағы туристік кадрлар, мысалы, жас турист, Қазақстан туристі, балалар және жасөспірімдер туризмінің нұсқаушысын дайындайтын оқу шаралары жүргізілуі мүмкін.

Республикалық және облыстық туризм мен экскурсия кеңесі жүйесіндегі берілген нұсқаушы атақтарының лайықтылығы туралы туындайтын сұрақты шешу үшін сәйкес жаңа атауларды белгілеу керек:

- *туризм нұсқаушысы* – спорттық туризм нұсқаушысына;

- *туризмнің аға нұсқаушысы* – спорттық туризмнің аға нұсқаушысына;
- *аға нұсқаушы-әдіскер* – халықаралық кластағы спорттық туризм нұсқаушысына.

Сонымен, туризмдегі гидтерге қойылатын талаптарды құрайық.

- *Жорықтың гид-жолсерігі* – турист, I-II күрделілік категориядағы жорықтардың жетекшісі (ол жорықтарға – жетекші, ал спорттық турларға – гид-жолсерік). Ол спорттық турлар жасайтын коммерциялық топтарда гид-жолсерік қызметін атқарады.

- *Жорықтың аға гид-жолсерігі* – турист, III-IV күрделілік категориядағы жорықтардың жетекшісі (ол жорықтарға – жетекші, ал спорттық турларға – аға гид-жолсерік). Ол спорттық турлар жасайтын коммерциялық топтарда гид-жолсерік қызметін атқарады.

- *Халықаралық кластағы спорттық туризмнің гид-жолсерігі* – турист, V-VI күрделілік категориядағы жорықтардың жетекшісі (ол жорықтарға – жетекші, ал спорттық турларға – халықаралық кластағы гид-жолсерік). Ол спорттық турлар жасайтын коммерциялық топтарда гид-жолсерік қызметін атқарады.

Туризм саласындағы кадрлар дайындаумен айналысатын жұмысшылардың аттестациясын өткізген кезде олардың туризм бойынша кәсіби дайындығын, спорттық туризмнің нұсқаушысы атағына сәйкестігін келесі квалификациялық категориялар арқылы ескеру қажет:

- екінші квалификациялық категория – туризмнің нұсқаушысы;
- бірінші квалификациялық категория – туризмнің аға нұсқаушысы;
- жоғарғы квалификациялық категория – халықаралық кластағы спорттық туризмнің нұсқаушысы.

Туризмде мамандар дайындау ісін спорттық туризм мен туристік көп сатылы жарыстардың Республикалық федерациясы немесе оған өкілетті облыстық және басқа деңгейдегі туристік-спорттық ұйым жүзеге асырады. Сонымен қатар мамандар дайындау мектеп көлемінде, семинарларда, жиындарда іске асырылады.

Соңғы жылдары туризмге кадрларды туризм факультеттері бар кейбір жоғарғы оқу орындары дайындайтын болды. Олар Қазақстан Республикасындағы туризмдегі мамандар дайындау жүйесіндегі қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен талаптарды ұстануы тиіс. Бұл үшін туризм мен туристік көп сатылы жарыстардың Республикалық федерациясы Қазақстан Республикасындағы туризмдегі мамандар дайындау жүйесі туралы жаңа Жобаны жасап, Қазақстан Республикасының сауда және туристік қызметі бойынша комитетіне бекітуге ұсынуы қажет.

Бұл туристік мамандар дайындау сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар туризм саласындағы дайындық сапасын тиісті деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Туризм нұсқаушысының еңбектік қызметінің квалификациялық талаптары оған арнайы міндеттемелерді жүктейді:

1. туристермен дайындық сабақтарын ұйымдастыру және өткізу;

2. жеке және топтық жарақтар, азық-түлік, бағдарлау құралдары және дәрі-дәрмектерді бақылау;
3. жорық желісін дұрыс өтуді қамтамасыз ету, жорықта қатерлі жағдайларға алып келетін туристердің ереже бұзуына жол салмау;
4. туристердің денсаулығын, олардың тазалық сақтауын бақылау;
5. бивуактарда тазалықты, қоршаған ортаны ластанауды, радиобайланысты қамтамасыз ету;
6. туристерге жорық ауданы, оның табиғи, этнографиялық, тарихи және мәдени орындары туралы мәліметтер беру.
- 7.

13. Туризм нұсқаушысының туристік іс-әрекеттердегі қызметі

Туризм нұсқаушысының туристік іс-әрекеттердегі негізгі қызмет жағдайына қамтылатын мәселелеріне:

Маңыздылық – табиғатпен, табиғи байлықтар және мәдени ескерткіштермен, тарихи орындармен және қазіргі таңғы ақиқатпен, біздің кезеңіміздің алдыңғы қатарлы адамдарымен және өткен ғасырдың батырларымен танысуды қамтамасыз ететін танымдық элементтермен жұмыс істеу формаларында анықталады. Маңыздылық принципі туристерде аудан, облыс немесе республикамыздың назар аударарлық орындары, туризмнің маңызы және мағынасы туралы терең және дұрыс ойын қалыптастыруды көздейді.

Функционалдылық – туристік желілер орналасқан аудандардың табиғи және тарихи жағдайлары қолданылатын жұмыс формаларын жетілдіру. Мысалы, таулы аудандарда туристік мағына тау жорықтарынан құралса, орманды аудандарда – жорықтар ұйымдастыру және тағы басқалар.

Көпжақтылық – туристік мүмкіндіктерді қарастыратын кешендер арқылы іске асатын жұмыс түрлерінің әралуандығы: белсенді сауықтыру, туристерді физикалық жетілдіру және рухани байыту.

Аттрактілік – бұл жұмыста белгілі ауданның тұрақты адамдарының өмір жағдайын қолдану арқылы шаралар ұйымдастыру. Осы мақсатпен нұсқаушы атқаратын істері: туристік жұмыстарды ұлттық түрлерде ұйымдастыру, сонымен қатар салт-дәстүрді ұмытпау; тамақтануда ұлттық тағамдарды қолдану; кемпингтерді орналастыруда ұлттық киіз үйлерді қолдану және тағы басқалар. Берілген ауданның табиғи, тарихи, мәдени объектілерін кең ауқымды таныстыру.

Көп нұсқалылық – туристік қызмет көрсетудің бірнеше нұсқаларын, алдын ала дайындалған желілер түрлерін талап етеді. Ауа-райы жағдайларының өзгергіштігімен, туристер құрамының тұрақсыздығымен (әр түрлі талаптар, физикалық дайындықтың бір келкісіздігі) анықталады.

Туристердің *қауіпсіздігі* қауіпсіздік техникасының барлық талаптарын міндетті түрде орындаумен, жарақаттардың алдын алумен, кездейсоқ жағдайлар туралы ескертумен қамтамасыз етіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету көптеген шараларды қолдануды талап етеді:

1. туристерді жорыққа теориялық және практикалық дайындау;

2. азық-түлік, дәрі-дәрмектерді бақылау;
3. туристік құрал-жарақтарды тексеру;
4. желіде кездесетін қауіп-қатерлер, кедергілер туралы кеңес өткізу;
5. апатты жағдайға тап болғандарға көмек беру.

Сонымен қатар туристік кәсіпорын қызметкерлерімен тәрбие жұмыстарын жүргізіп, ауа-райының өзгерісі туралы хабарлап, жорықтағы туристердің жағдайын бақылап отыру керек.

Табиғатты қорғау – табиғаттың қорғалуына жауап беретін кәсіпорындармен тығыз байланыс жасап отыру керек. Табиғи қорлардың амандығына, табиғи ландшафттардың тартымдылығы мен көркемділігіне, ауаның, сулардың және жерлердің ластанбауына туризмнің дамуы тәуелді болғандықтан туризм үшін табиғатты қорғау қажет. Көрсетілген шарттарды орындау республикамызда туристермен және туристік кәсіпорын қызметкерлерімен бұқаралық-түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарының жалпы деңгейімен байланысты.

Туризм нұсқаушысы жұмысын ұйымдастыру ережелері.

Басты методикалық ережелерге кіреді:

Ізгіниетшілік – нұсқаушының жайдарылық, зейінділік, шыдамдылық, әдептілік көрсетуі. Туристерге талаптарды қатаң бұйрық ретінде беруден, адамның намысына тиетін жазалардан алшақ болу керек. Сонымен қатар, ізгіниетшілдікті сенімділік және қайсарлықпен үйлестіріп отыру керек, ал жорықтың қауіпті аудандарында ереже бұзушыларға ымырасыздық таныту керек.

Қолжетімділік – бұл ережені сақтау үшін туристердің шектелімін, жарақтарды жинақтау мен жорықтарда әңгімелесу, сабақ өткізу әдісін дұрыс таңдау, әрбір адамға жеке қатынас қажет. Желінің кедергілерін қиындатып, арақашықтық пен түсетін күшті шамасынан асырмау керек.

Практикалық сабақтарда туризмнің техникасынан қиын орындалатын тапсырмалар қою керек.

Қолжетімділік ережесін сақтаудың құралы ауырлықты, аялдайтын орындардағы жұмыстарды шамалау, қозғалыс екінін бәсең туристер қозғалысымен теңестіру.

Жүйелілік – туристік білім мен тәжірибені тізбекті ауыстырумен байланысты. Тапсырмаларды қиындату, физикалық ауырлықты баяу көтеру, табиғи кедергілерді әрдайым қиындатып отыру, қажетті ақпарат пен жағымды әсерлер көлемін ұлғайту туристерге қызмет көрсету бағдарламасында қолданылу керек.

Көрнекілік – туристік мазмұнды табиғи және тарихи орындарды қолдану арқылы толық ашуға мүмкіндік беретін әдістер. Бұл ереже ландшафттар, мәдени ескерткіштер және тағы басқаларды көрсетуде сызбалар, карталар, плакаттар, макеттер көрсету арқылы әңгімеде берілетін ақпараттың сенімділігін айқындауы тиіс.

Белсенділік – бұл ереже туристерден тәуелсіздік пен ықылас көрсетуді талап етеді. Ережені сақтау топтың жорықтық өміріне қатысуда, көңіл көтеретін кештер ұйымдастыруда айқындалады.

Спорттылық – туристерді жан-жақты физикалық дамытуға, белсенді сауықтыруға, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануға баулуға көмектеседі.

Туризм нұсқаушыларын дайындау мен олардың жұмысын ұйымдастыру проблемалары өте қиын, өйткені практикада туристік операторларға бұл проблемаларды шешуді қиындататын екі фактор әсер етеді.

Біріншісі – туристік жорықтар мезгілдік қызмет болып табылады, сондықтан нұсқаушылар құрамын сақтап отыру туроператор үшін мүмкін емес. Бұл жерде оларды мезгіл емес кезде жұмыспен қамтамасыз ету үшін қосалқы жұмыс тауып беру керек немесе әрдайым мезгіл кезінде жұмысқа жаңа нұсқаушыларды шақырып отыру керек. Сондықтан жаңа мезгілде туристерді күтіп алуға жаңа мамандар шақырылады, ал бұл жұмыстың сапасына әсерін тигізеді.

Екіншісі – нұсқаушының еңбегінің көп жақтылығын, туристік желілердің әртүрлі жағдайларында жұмыстың әр алуандығын, жорық бағдарламасының күрделілігін көрсететін сапалық фактор.

Туристер туризм мамандарынан білімділікті, өзінің кәсіби дәрежесін толық көрсетуді талап етеді. Сондықтан туризм мамандарының дайындығына үлкен көңіл бөліну керек.

14. Спорттық туризм бойынша күрделілік санаттарындағы тау жорықтарын ұйымдастыру

Туристердің алдарына қойған мақсат, мүдделері бойынша жіктелген туризм түрлерінің бірі – спорттық туризм.

Спорттық туризм – туристердің спорттық мақсатта жорықтарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастыратын жұмыстар тобы.

Спорттық туризм олимпиядалық емес, қызығушылық спорт түрі және оған сай нормативтер бар. Туристерге спорттық дәрежелер тағайындау үшін талаптар және оның шарттары Бірыңғай спорттық классификация атты арнайы құжатта бар. Спорттық туризм – қауіп-қатері жоғары спорт түрі; қиын туристік жорық желілерін қауіпсіз, апатсыз өту спортшылардан туристік техника және тәсілдің жоғарғы дәрежесіне ие болуды, жорық желілеріндегі қауіп-қатерлерді дұрыс және уақытында бағалауды, физикалық және психологиялық дайындықты талап етеді. Ешқандай арнайы әдебиет сізге спорттық жорықтарға қатысу практикасының орнын баса алмайды, бұл жорықтарда сіз жаңа кедергілерден өту, оған арнайы техника мен тәсіл қолдану, әр-алуан қоршаған ортаға өзіңізді бейімдеу, жорық мүшелерімен қарым-қатынас тәжірибесін ала аласыз. Басқа сөзбен айтқанда, жорықтардың жаңа, қиын желілерінен өте келе және спорттық тапсырмаларды орындай келе туристер спорттың бұл түрінде жақсы

машықтанады. Мұндай турист-спортшының жан-жақты машықтануы «туристік тәжірибе жинау» ұғымымен келіседі.

Арнайы білімді, іскерлік және дағдыларды сатылы игеру принципі; өтілетін туристік желілердің қиындығының өсуі – бұл спорттық туристік кәсіпкершіліктің қауіпсіздік негізі. Сондықтан спортшылардың туристік тәжірибесін жинақтау «спорттық туризм» және «Спорттық туристік жорықтарды өткізу ережелерінің» дәрежелік талаптар негізіне қойылған, яғни нормативтік құжаттармен бекітілген.

Спорттық жорықтарды таптастырғанда күрделі санатты туризм түрлерінің біріне жатқызады. Бұл басты принцип. Бірыңғай ұлттық спорттық классификация бойынша спорттық жорықтар туризмнің келесі түрлері бойынша өткізіледі: жаяу, шаңғы, тау, велосипед, авто-мото және спелеотуризм. Барлық туризм түрлерінің арасында тау жорықтары ерекше. Ол шынында жаяу жорықтардың бір түрі болып есептеле алады, бірақ көбіне ол альпинизмнің бір түрі ретінде қарастырылады. Әйткенмен, тау жорықтарын дербес қарастыру негізделген және мұнда еш күмән тудырмайды. Биік таулы аймақтардың табиғи жағдайлары және кедергілердің ерекшеліктері тау туристерінің алдына басқа жорық түрлеріне тән емес тапсырмалар қояды, яғни арнайы жабдықтар, өзінің техникалық әдістері мен тәсілі, акклиматизация мәселелері.

Ара-қашықтықтың, ұзақтықтың және техникалық кедергілердің жоғарлауына байланысты олар I, II, III, IV, V, VI күрделі санаттарға жіктеледі. Спорттық жорықтарды күрделі санатқа жіктеу өте қиын және көбіне даусыз шешіле қоймайтын мәселе. Көп жылдар бұрын қабылданып, қолданылып келген классификацияның шарттары көп және көбіне субъективті эксперттік бағалауларда негізделеді. Желілерді классификациялау объективті болу үшін көптеген шаралар қабылданып келеді. Ол үшін жорықтың аудандарынан бірнеше рет өткен соң ғана оның санаты анықталып, жорықтар туралы материалдар мұқият талданады.

«Спорттық туристік жорықтарды өткізу ережелеріне» сай спорттық туристік топтар өз еркімен жиналған, ортақ мақсатпен біріккен және спорттық-техникалық тәжірибе мен дайындық дәрежесіне ие адамдардан құралады. Деректерге сай тек 1-ші және 2-ші категориялы жорыққа қатысушылар ғана туризмді жаңа бастаушы адам болып саналады. Арнайы дәрежелі жорық жетекшісі алдыңғы категориялы жорық, сонымен қатар спорттық жорықтар, тәжірибесіне ие болуы керек. 1-ші категориялы жорыққа 12 жасқа толған қатысушылар жіберіледі, ал 2, 3, 4, 5, 6-шы категориялы жорықтарға 14, 15, 17, 18 және 20 жасқа толған адамдар жіберіледі. 1-ші категориялы жорықтарға жетекшілікке 18 жасқа толған туристер жіберіледі.

Спорттық дәреже тағайындауға спортшының әр түрлі категориялы желілерен өтуі негіз болып табылады. Сонымен қатар, дәреже өсімі белгілі туризм түрінің желілері қиындығының өсіміне пропорционалды, ал әр-бір келесі дәреже алдыңғы тағайындалған дәрежеден кейін беріледі.

Спорттық жорықтар тек кедергілерді жеңу үшін (техника үшін техника) ғана ұйымдастырылмауы керек. Мұндай жорықтарда саяхат жасау ойы ұмытылып, тек тар спорттық мақсатқа ауысып кетеді. Кедергілерді жасанды өткізіу туристік ерекшеліктің жоғалып, альпинизм тәрізді спорттың дербес түрлерінің пайда болуына алып келеді.

Туризм дене шынықтыру жаттығулары жиынтығынан кең ұғым. Басқа спорт түрлеріне қарағанда ол кең ауқымды мазмұнға ие болады: жаңа жерлер мен адамдармен танысуда туристің танымдылығын кеңейту, оған әр-алуан табиғаттың әсері, өзінің қателіктері мен қиындықтарымен күресте адамдар тобының белсенді қарым-қатынасы, қоныстанбаған және игерілмеген ауданда топтың әрекеті, күтпеген жағдайларда шешімділік, шыдамдылық, батылдық және өзін-өзі ұстау қасиеттерін тәрбиелеу.

Жорықтардың спорттық мінездемесін (қозғалыс жылдамдығы, уақытты шектеу, табиғи кедергілерді жеңу, бөтен көмектен бас тарту және тағы басқалар) сақтай отырып, оны классификациялау логикалық және табиғи құрылған желілерге бөліп қарастырады.

Желінің логикалылығы бірнеше ұғымдардан құралады. Ең жақсы түрде ол физикалық, техникалық, психологиялық күш пен табиғи кедергілері біркелкі таратылған және радиалды жолдарсыз (немесе ең аз санымен) үздіксіз желі.

Желінің үздіксіздігі – жорықтың физикалық және психологиялық ауырлығы оның қатысуынсыз тез түсетін міндетті элемент. Желінің үзілісі қоныстанған орындарда қажетті себептерсіз екі тәуліктен аса мекендеу немесе желішілік көлікті қолдану болып есептеледі.

Жорықтың ұзақтығы желіні дайындалған топпен өту үшін қажетті ең аз күн ұзақтығынан шыққан дәрежелік талаптармен анықталған. Ұзақтықты арттыру желінің ұзындығының үлкендігімен, табиғи кедергілердің көптігі және қиындығымен ақтала алады. Сонымен қатар барлау мен ауа-райының бұзылуған жағдайларына да қосымша күндер қосылады. Ол жорықтың жалпы ұзақтығының 20 %-імен шектелуі тиіс.

Жорықтың спорттық қасиеті желіні өтудің жылдамдығында емес. Егер топ жорықта алды-артына қарамай, өткенін немесе алдағы күтіп тұрғандарды ойламай, «жүгіре» берсе, жорықтың мағынасы жоғалады. Егер, мысалы, тауда топ қауіпті жерлерден өтуде жақсы мезетті күтпей өтетін болса, жорықтың «спорттық» мәні жоғалып, қауіп-қатерге ұшырайды. Және қауіп-қатер тек бұл топтан басқа барлық топтарға да төнеді.

Спорттық туризм – бұл әлеуметтік салаға бағытталған және қоғамның едәуір бөлігінің өмір салты, оларға денені сауықтырудың, адамгершілікті дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің, табиғи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қараудың, халық пен ұлттар арасындағы түсіністік пен өзара сыйластықтың тиімді құралы болып табылады.

Өз бетімен ұйымдастырылатын туризм халықтың барлық жастағы және әлеуметтік топтарын, сонымен бірге балалар, оқушылар, студенттер, жетімдер, мүгедектер мен жанұяны қамтиды. Өз бетімен ұйымдастырылатын

спорттық-сауықтыру туризмімен айналысатын адамның қызметі ерікті және табиғи, өйткені адамның іс-әрекеті мен қылықтарының алғашқы жиынтығын біріктіреді. Сол себепті өз бетімен ұйымдастырылатын спорттық-сауықтыру туризмі қалалық мекендеу ортасының кемшіліктерінің (күйзелістер, экология, және т.б.) орнын толтыратын жұмыстардың тиімді жүйесі болып есептеледі.

Өз бетімен ұйымдастырылатын спорттық-сауықтыру туризмінің көмегімен қолданбалы мәселелер шешіледі. Мысалы: жастарды әскер қатарына дайындау, ТЖМ-ға (МЧС) кәсіби құтқарушылар мен кәсіби альпинизмнің құтқарушыларын дайындау мен адамның табиғат аясындағы басқа да іс-әрекеттері.

Мемлекеттің аз ғана жәрдемінің көмегімен спорттық туризм қиын экономикалық жағдай кезінде де ойдағыдай дами беруі мүмкін. Өз бетімен ұйымдастырылатын спорттық-сауықтыру туризміне қымбат спорттық құрылыстардың қажеті жоқ. Тек қана әдістемелік ұйымдастыру орталықтары (клубтар, секциялар, үйірмелер), арзан туристік құрал-жабдықтар мен табиғи-туристік ресурстардың қол жетімділігі жеткілікті.

Туристік іс-шаралар түрінде жүргізілетін туризмнің белгілі бір дәрежеде қолданылатын формасы – туризм сферасы бойынша өткізілетін спорттық жарыстар. Туризм бойынша 4 түрде өткізіледі. Олар:

- 1) Туризмнің техникасы бойынша өткізілетін жарыстар. Бұл түрдегі жұмыстар көп жағдайда тау, жаяу және су туризмі түрлері бойынша ұйымдастырылады.
- 2) Кросс-жорық. Шағын маршрутта (20-30 км) жүріп өту және онда кездесетін кедергілерден өту мақсатында жеке командалар арасындағы сайыс.
- 3) Кедергілер жолағы. Ұзындығы метрмен есептелетін белгілі-бір маршрут бойынша кедергілерді және туристік әдіс-тәсілдерді белгілі бір уақыт ішінде өту, орындау. Сайыс түрінде командалар арасында болады. Кросс-жорық сияқты жеке дистанциялар мен жарыс учаскелерінде жеке кезең төрешілері және жалпы жарыс төрешілері, оның ішінде бас төреші, төрелік коллегия қызмет атқарады.
- 4) Спорттық бағдарлау бойынша өткізілетін жарыстар. Жеке командалар арасында белгілі бір аумақтық кеңістікке бақылау пункттерді әр-түрлі варианттар бойынша, белгілі бір мерзімде табуға бағытталған іс-әрекет. Спорттық бағдарлау бойынша арнайы спорттық категориялар, спорттық компас қолданылады, төрешілер болады. Спорттық бағдарлаудың алғаш шыққан аймағы – Скандинавия елдері.

Осындай спорттық жорықтар, сонымен қатар жарыстар, іс-шаралар ұйымдастыра отырып біз салауатты өмір салтын құра аламыз.

Тау рельефтерінің күрделі аудандарынан өтумен байланысты тауда саяхаттау – тау туризмі деп аталады. Төменгі атмосфералық қысым мен күн радиациясының жоғары дәрежесімен қатар ағзаға түскен физикалық

ауырлықтың үлкен көлемі, қозғалыс пен сақтандырудың әртүрлі құрал-жарақтары мен әдістерін қолдану арқылы кедергілерді жеңу, желіні өтудің арнайы тәсілі тау туризмінің сипатына сәйкес. Қазақстан территориясында әртүрлі категориялы белсенді туристік жорықтар жасауға қолайлы бірнеше таулы аудандар орналасқан. Олар: Жоңғар Алатауының және Алтайдың, Тянь-Шаньның Батыс, Солтүстік, Орталық бөліктері. Батыс Тянь-Шань туристік-географиялық әдебиетте Талас Алатауы жотасынан кететін Шатқалдық (Сандалаш), Піскем, Маңдайтал, Өгем жоталары мен және олардың Нарын тар шатқалымен бөлінген Ферған, Атойнақ тау ұштары ретінде келеді.

Батыс Тянь-Шаньды туристік негізде орта қиындықты таулар қатарына жатқызуға болады. Бұл жерде үшінші категориядан жоғары жорық желілерін салуға болмайды. Бірақ бірінші-екінші категориялы жорықтар үшін бұл аудан өте қолайлы.

Күрделі орография мен климаттық жағдайлар жорық мүшелерінен физикалық дайындықты, таулы өзендер, жартасты тік баурайларды жеңе алуды, улы өсімдіктер мен жорғалаушылардан, күн радиациясынан қорғана білуді талап етеді.

Батыс Тянь-Шаньда таулы жорықтарды өткізудің уақыты – сәуір айының соңынан қазан айының соңына дейін.

Солтүстік Тянь-Шаньға географиялық көзқарас бойынша Іле Алатауы, Күнгей Алатауы, Қырғыз, Кетмен жоталары жатады. Ал Қазақстан территориясына тек Іле Алатауы жатады.

Іле Алатауы – Тянь-Шаньның солтүстік жотасы. Жотаның ең биік ауданы шығыста Аманжол және оңтүстікте Күмбел асуларының ортасында орналасқан. Жотаның биік шыңдар ауданы (4000 метрден жоғары) батысында *Қарғалы (1а, 3750 метр)* асуынан кейін басталады.

Солтүстік Тянь-Шаньның өсімдіктер және жануарлар әлемі әртүрлі. Бұл жерде жабайы ешкі, үкі, түлкі, жарқанаттар, жабайы мысық, борсықтарды кездестіруге болады. Таудың тұрақты тұрғындары тау ешкісі – таутеке, тау үндігі – ұлар және атақты қар барысы болып табылады.

Солтүстік Тянь-Шаньда жаз айларының көп бөлігінде тыныш, аз желді ауа-райы болады. Ылғал көбіне солтүстік-батыстық ауа массаларымен келеді, олар ауа-райын құрайды. Солтүстік Тянь-Шань сейсмикалық процесстер белсенді жүретін жас таулар қатарына жатады. Жиі болатын жер сілкіністер рельефті және асулар арқылы жолдарды күрделендірді. Олар көшкіндер мен селдердің себебі бола алады, мұндай жағдай 1988 жылдың жаз мезгілінде болған - шілденің аяғына қарай үлкен сел ағымдары Күмбелсу өзені, ал 1994 жылы үлкен Алматы көлі арқылы өткен.

Тянь-Шань тауларында тау-туристік жорықтарын өткізудің қолайлы уақыты шілденің бірінші он күндігі – тамыз – қыркүйектің соңғы он күндігі болып табылады. Тап осы кезеңде ауа-райы бір қалыпты, мұздықтарда қар жамылғысы өте жоғары емес. Туристік жорықтар өткізу

үшін мүмкіндіктер көп. Сонымен қатар, Солтүстік Тянь-Шаньның әлі ашылмаған көптеген асулары бар, бұл асулар өзінің алғаш туристерін асыға күтуде.

Тау жорықтарын қолдану арқылы экономикалық туризмді де көтеру мүмкіндігі бар. Бұл үшін Үлкен Алматы көлінде, Шымбұлақ, Молодежный мұздығында турбазалар мен қонақ үйлер салу керек; М.Маметова, Мутный, Богданович атындағы мұздықтарда, «Альпілік роза» алаңында тау үйшіктерін орналастыру керек.

Орталық Тянь-Шаньға туристер мен альпинистер Қайыңды, Энилчек-Тоо, Сары-Жаз, Тенгритاغ, Куйлю, Ақшийрақ, Жетімбел, Нарын-Тоо, Борколдой, Ат-Баши, Теріскей Алатауы жатады. Қазақстан территориясына Сары-Жаз, Тенгритاغ, Теріскей Алатауы жоталарының бөлігі жатады.

1-2 категориялы тау жорықтарын ұйымдастыруға Теріскей Алатауы және Адыртор кішкене жотасы қолайлы. Теріскей Алатауы жотасы Сары-Жаз жотасындағы Он бір шыңынан басталады және ауданы онша дамымаған, биік емес шыңдар мен солтүстік жағында кішкене мұздықтары бар. Жотаның оңтүстік бөліктерінде мұздықтар мен қар жамылғылары жоқ. Сондықтан жотаның он төрт классификацияланған асуларынан (Чон-Ашу асуынан шығысқа қарай орналасқан) төрт асу (Ашутөр, Кокпак, Шығыс Кокпак, Надежды) 1а категориялы, алты асу (Баянкөл, Ішкі Қара-Сай, Космонавтов, Семенова, Тренировочный) – 1б категориялы және тек төрт асу 2а категориясына ие.

Сонымен, жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның таулы аудандарында 1-2 категориялы тау желілерінің үлкен көлемін құрастыруға болады. Бірақ, келешек және қазіргі тур ұйымдастырушылар арнайы бағдар алу үшін, бірнеше желі түрін көрсетелік.

15. Солтүстік Тянь-Шань таулары бойынша күрделі санаттағы маршруттар

№1 – Алматы қаласы – Үлкен Алматы шатқалы – Күмбелсу шатқалы – Кеңестер асуы (1а, 3500 метр) – Озерная өзені – Озерный асуы (категориялық емес, 3520 метр) – Чон-Кемін өзені – Орто-Кой-Суу өзені (Солтүстік) – Көкайрық асуы (1а, 3900 метр) – Орто-Кой-Суу өзені (Оңтүстік) – Чон-Сары-Ой ауылы – Ыстық-Көл көлі (8 күн, жаяу жол ұзақтығы 112 километр).

№2 – Алматы қаласы – Кіші Алматы шатқалы – Медеу мекені – Талғар асуы (категориялық емес, 3200 метр) – Сол жақ Талғар өзені – Туристер мұздығы – Туристер асуы (1а, 4000 метр) – Озерная өзені – Озерный асуы (категориялық емес, 3520 метр) – Чон-Кемін өзені – Ыстық-Көл көлі – Шығыс Ақсу мұздығы – Солтүстік Ақсу асуы (1а, 4151 метр) – Чон-Ақсу өзені – Ыстық-Көл көлі (8 күн, жаяу 124 километр).

№3 – Алматы қаласы – Үлкен Алматы шатқалы – Күмбелсу өзені – Кеңестер асуы (1а) – Озерная өзені – Озерный асуы (категориялық емес) – Чон-Кемін өзені – Кекелбұлақ өзені – Ақкөл асуы (1а) – Ақсай өзені – Ақсай ауылы – Алматы қаласы (8 күн, жаяу 113 километр).

№4 – Алматы қаласы – Есік көлі (қорық) – Есік өзені – Ақкөл көлі – Көк-Бұлақ асуы (1а) – Корженевский мұздығы – Оңтүстік Есік өзені – Оңтүстік-Батыс Талғар өзені – Жаңғырық өзені – Қуғантөр өзені – Қуғантөр мұздығы – Қуғантөр асуы (1а) – Ақсу өзені – Семеновский шатқалы – Ыстық-Көл көлі – Күрметі ауылы (Қырғызстан) – Күрметі өзені – Күрметі асуы (1а) – Көлсай көлі – Күрметі ауылы (Қазақстан) – Алматы қаласы (12 күн, жаяу километр).

Желі нұсқасы: Алматы қаласы – Көкбұлақ асуы (1а) – Аманжол асуы (1а) – Алматы қаласы.

Алты адамнан тұратын топпен желіні өтіп шығу үшін келесі арнайы жарақтар қажет: мұзойғыш, сақтандыру белбеуі – 6 дана; негізгі арқан 40 метр – 1 дана; көмекші арқан 10 метр – 1 дана; карабиндер – 12 дана.

Желінің бірінші бөлімі (Ыстық-Көл көліне дейін) туристік қоғамда өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан 70-ші жылдардың басына дейін өте әйгілі болды. Бірақ 1963 жылдың жетінші шілдесінде Жарсай шатқалынан шыққан үлкен сел ағымы Иссык өзенінің көп бөлігін жойып жіберді. Бірақ оның жағасында орналасқан аттас турбаза өзінің жұмысын әсерлі атқаруын жалғастырды. «Есік» базасының мындаған туристері мезгіл сайын Көк-Бұлақ және Қуғантөр асуы арқылы Ыстық-Көл көліне жол жүрді.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап «Есік» турбазасы өзінің кәсіпшілігін тоқтатты, қоныстар ұрланып, қалғаны өртеніп кетті. Желі жиі жөнделіп тұрмаған соң, көшкіндер мен селдік ағымдар соқпақтың үлкен бөлігін құртты. Жол шынымен қиындай түсті. XX-шы ғасырдың аяғы мен XXI-шы ғасырдың басында Көк-Бұлақ асуын өткен туристер мен альпинистердің көп бөлігінің айтуынша, олардың басты мақсаты Талғар шыңына шығу болып табылды.

Талғар шыңына шығудың ең оңай басты нүктесі Корженевский мұздығы болып табылады. Бұл жерге жорық келесі оңай келген (1-2 асуды қосқанда) төрт желі арқылы мүмкін.

1. – Солтүстік талғар өзенінен Суровый асуы арқылы (2а). Бұл 1978 жылға дейін Талғар шыңына «Есік» туристік базасының туристері мен альпинистері шыққан классикалық желі. Бірақ, Суровый асуынан өту – еңбекті қажет ететін, техникалық ауыр жұмыс. Сонымен қатар, Корженевский мұздығының жоғарғы жағында жолды қиындататын терең жарықтар көп.

2. – Үлкен Алматы көлінен Озерный асуы арқылы Чон-Кемін өзенінің Шелек-Кемін асуы (1б) және Жаңғырық және оңтүстік Есік өзенінің алқаптары арқылы.

3. – Түрген өзені алқабынан Аманжол асуы (1а) арқылы Шелек өзені мен Оңтүстік Есік алқабын бойлай.

4. – Есік көлінен Есік өзенінің алқабымен жоғары қарай Көк-Бұлақ асуы (1а) арқылы. Тап осы нұсқаны үйлесімді деп санауға болады, өйткені біріншісі – техникалық жағынан қиын, екіншісі мен үшіншісі – ұзақтығы жағынан төртіншіден асады.

Жорыққа шығар алдында басшылықтан Алматы қорығына кіру рұқсатын алып, қорық территориясында болу үшін әр адамнан күніне 175 теңгеден төлеу керек. Алматы қаласында «Саяхат» автобекетінен автобуска отырып Ұлттық Саябақтың бақылаулық-жіберу нүктесіне дейін жетіп алу керек. Бұл жерге дейінгі көліктік жол 2003 жылы селдік ағыммен жойылғандықтан Есік өзеніне дейін 4 километр жаяу жүруге тура келеді. КПП алдында қайтадан әр адамнан 107 теңге және көлік үшін (егер ол болса) 500 теңге төлеу керек. Күннің соңына қарай көлікпен немесе жаяу Есік өзеніне жетуге болады. Түнеуді өзен жағасында ұйымдастыруға болады.

Екінші күні оңтүстікке қарай соқпақ жолмен жаяу жүру керек. 2 километр жолдан соң көпір арқылы Есік өзенінің оң жақ жағасына өтуге тура келеді. Қарсы жақтағы бөгетке жеткенде сол жаққа өту керек. Бөгеттен 200 метр жерде Алматы қорығының КПП-сі орналасқан, бұл жерде екі күн ішінде үшінші рет ақша төлеуге тура келеді.

Содан кейін соқпақпен Есік өзенінің сол жақ жағасын бойлай оңтүстікке қарай жүреміз. 2 сағат жолдан кейін Есік өзеніне оңтүстік-батыстан құятын Иванов Лог өзеніне жетеміз. Құятын жердің жоғарғы жағында су деңгейін өлшейтін құрылғы тұр. Иванов Лог өзенінің арнасынан өткен соң оңтүстікке қарай орман ішімен күзет орны арқылы жүреміз. Күзет орнының жоғарғы жағында Есік өзені арқылы 4-5 метрлі ағаш көпір жатыр, сол арқылы оң жағалауға өтеміз. Сәлден соң Есік өзенінің оңтүстік-батысына Жарсай өзенінің құятын жеріне келеміз. Бұл жерде Есік өзенінің сарқырамасы бар. Оны бойлай жүре шөп басқан баураймен көтерілеміз, ары қарай шырша орманы арқылы соқпақпен жүреміз. Соқпақ жарты сағаттан соң Есік өзенінің бөлінетін жеріне алып келеді. Бірнеше уақыттан соң Есік өзенінің сол жағалауына өткен дұрыс. 60-шы жылдары бұл жерлерді аюлар мекен еткен және бұл жер «Аюлар орманы» деп аталған. Бұл жерде әдемі аландар көп және осы жерде біз екінші түнеуге тоқтаймыз. Есік көлінен осы жерге дейінгі жол жаяу жүргенде 5,5 сағатты қамтиды.

Жолдың үшінші күні шамамен 3 километрдей Есік өзенінің сол жағалауымен құрғап қалған Бозкөл көліне дейін жүріп, оң жағалауға өтеміз. Бұл жерде белгілері бар соқпақ орман арқылы өтеді, содан кейін екі кішкентай өзенді кешіп өтіп, үлкен тастардан құралған морена арқылы

шатқалдың оң жағымен Ақкөл көлінің табиғи бөгетіне көтерілеміз. Соқпақ бұл жерде біресе пайда болып, біресе жоғалып кетеді. Көлден батыс жағалау арқылы айналып өткеніміз дұрыс. Көлдің арғы жағында темірден жасалған көпір және селден қорғанатын тағы бір күзет орны бар. Бірақ, үшінші түнеуді біз өзеннің бұрылысына дейін көтеріліп сол жағалауда ұйымдастырамыз. Екінші түнеу орнынан осы жерге дейінгі жол 6,5 сағатты алды.

Төртінші күннің жоспары бойынша бізге Көкбұлақ мұздығынан (Есік өзені) Корженевский мұздығына (Оңтүстік Есік өзені) апаратын Көкбұлақ асуынан (1а, 3980 метр) өту керек.

Жол батысқа қарай тік, бірақ жақсы жасалған соқпақпен Көк-Бұлақ өзенін бойлай басталады. Кейін жол құрғақ арнамен, содан соң шөпшен баураймен өтеді, бұл жерде жақсы ауа-райында Көк-Бұлақ асуының кең белдеуі көрінеді. 2,5 сағаттан кейін мұздықтың ұшына жетеміз. Мұзды Көк-Бұлақ баурайының көлденеңдігі – 15-20 градус және төмен жағында жарылулары бар, сондықтан бұл жерде байланыспен жүру керек. Бір сағаттың ішінде футбол алаңы тәрізді тегіс асудың үстіне шығамыз. Тур асудың жоғарғы жағында орналасқан.

Асудан батыс-оңтүстік-батысқа қарай, оның оңтүстік бөлігінен түсу керек, бұл жерде жотаның көлденеңдігі 15 градус.

Жарты сағатта Жұмақ аталатын алаңға түсеміз. Бұл шөпті алаң гүлдерге және таза бұлақтарға толы. Сондықтан осы атауға ие. Бұл жерде түскі тамақ ішіп алуға болады.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары соқпаққа Корженевский мұздығының сол жағының құламалы беткейінің тас үгінділері үйіліп, жолды жойған болатын, бірақ микроселді ағымдар өз жұмысын жасаған, және Корженевский мұздығының оң жағымен оңтүстікке түсу жолын ары-қарай жалғастыру үшін оңтүстік-батыс бағытында үлкен тастары бар екі мореналық құлаулардан өту керек. Құламалардың тік жартастарында мұзды аудандар көп, сондықтан мұз ойғышты қолдануға тура келеді, ал бұл шамамен 50 минут уақытты алады.

83 – Корженевский мұздығы жағындағы Көк-Бұлақ асуы; 66 – I Петр асуы; 1 – Көк-бұлақ асуы. Сурет солтүстік бағытта Корженевский мұздығынан 200 метр қашықтықта жасалған.

Мұздықтың тілімделген жеріне түсуге тағы 40 минут уақыт кетеді. Мұздықтың тілімделген жерімен сол жаққа қарай өту керек, кейін одан түсіп, шөп басып кеткен тегіс соқпақпен жүру керек. Оңтүстік Иссык пен Оңтүстік-Шығыс Талғар өзендерінің қиылысына жақындай келе, өсімдіктер саны ұлғая түседі. Сонымен қатар, бұл жерде, мұздықтың жақындығына қарамастан, жаздың кешкі уақытында да өте жылы болатындығы байқалған. Бұл жағдай жануарлардың көбеюіне септігін тигізді, мысалы кішкене кеміргіштер және улы жыландар.

Түнеуді Оңтүстік Есік пен Оңтүстік-Шығыс Талғар өзендерінің қиылысына шамамен 500 метр қашықтықта, бұлақтары бар алаңдарда ұйымдастырған жөн. Өйткені, кешкі уақытта аталған өзендердің лас сулары ішуге жарамсыз, ал басқа бұлақтар айтарлықтай алыста орналасқан. Көкбұлақ асуынан өту, Ақкөл көлінен төртінші түнеу орнына дейін жаяу 9 сағат уақытты алады. Жаңғырық өзенінің оң жағына кешкі мезгілде кешіп өту өте қауіпті, өйткені бұл мезгілде судың үлкен деңгейі арнадағы тіпті үлкен тастардың өзін алып кетеді. Ал басқа тәсілмен өту тек Оңтүстік Есік өзенінің оң жағынан Оңтүстік-Шығыс Талғар өзенінің оң жағында ғана мүмкін.

Бесінші күннің тапсырмасы Жаңғырық өзенінің оң жағына өту және Қуғантөр мұздығына жету болып табылады. Келесі бетке өтуді Оңтүстік Шығыс талғар өзені мен Жаңғырық өзен сулары бірігетін жерде таң сәріде (таңғы сағат 4.30-5.00) бастаған жөн. Тап осы уақытта Оңтүстік-Шығыс Талғар өзенінің су деңгейі (кейде орта бойлы адамның белінен келеді) келесі бетке қауіпсіз өтуге мүмкіндік береді.

Бірінші адам (дайындығы жақсы) келесі бетке өтіп, арқанды қатайтып байлау керек. Қалған туристер, сақтандыру белбеулерін тағып, арқанға карабинді қыстырып, келесі бетке өтеді. Оңтүстік-Шығыс Талғар өзенінің сол жағалауынан оң жағалауына өтудің өзі өткелдер жиынтығының тек алды болып табылады. Жаңғырық өзені осы жерде бірнеше салаларға (12 сала саналған) бөлінеді, бұлардан өту 1,5-2 сағатты алуы мүмкін. Өткелді тез орындаған жөн, өйткені таңғы сағат 10 кейін екі өзеннің су деңгейі көтеріледі. Түскі сағат 13.00-ден кейін келесі бетке өту кезінде туристер қаза болғаны бізге мәлім. Жаңғырық өзенінің оң жағына өткен соң оңтүстік-батыс бағытында өзенмен жоғары қарай көтеріліп, бір сағаттан кейін Қуғантөр өзенінің (солтүстік-батыстан) Жаңғырық өзеніне құятын жеріне жетеміз.

Одан әрі шөпшең беткеймен жоғары оңтүстік жағалаумен көтерілу керек. Оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 сағат жүргеннен кейін соқпақ ақырындап оңтүстікке қарай бұрылып, осы шатқалдың бірнеше мұздықты шыңдары көрініс алады. Жасыл алаң арқылы жасыл шөп аяқталып, моренаның тегіс бөлігі басталатын жерге дейін жету керек. Осы жерде түнеуді ұйымдастыруға болады.

Келесі күннің тапсырмасы Күнгеі Алатауының орталық бөлігінде Кенсай шыңының (4263 метр) шығысына қарай орналасып, Қуғантөр мұздығынан (Қуғантөр өзені, Жаңғырық өзені) Оңтүстік Қуғантөр өзенінің алаңына апаратын Қуғантөр асуынан (1а, 3800метр) өту болып табылады. Кейбір карталарда Оңтүстік Қуғантөр өзені Ашуу-Тер (Ақ-Суу өзенінің алаңы) деп аталады. Беткейлер бағдары: солтүстік-оңтүстік.

Бесінші түнеу орнынан әрең көрінетін соқпақпен морена орталығына оңтүстікке қарай жүру керек. Бір сағатан соң мұздықтың жайпақ бөліміне шығамыз, оның көлденеңдігі 400-500 метрден кейін 30-35 градусқа жоғарлайды. Жарты сағат қозғалыстан соң бірте-бірте оңтүстік-шығысқа

қарай бұрыламыз. Кейін өткір ұшты жарлар арасындағы Қуғантөр асуына шығамыз. Жотаның соңғы 50 метрі – көлденеңдігі 30 градус қарлы-мұзды беткей. Асуға көтерілу түнеу орнынан 3,5 сағатты алады.

Асудан жақсы ауа-райында оңтүстікте Ыстық-Көл су айдыны көрініп жатыр. Асудан оңтүстік-батысқа қарай төмен түсу үлкен тастардан құралған көлденеңдігі 30-35 градус шөгінді арқылы өтеді. Шөгіндінің тегіс жеріне шыққаннан кейін оңтүстік-батысқа қарай оң жақ арқылы құлаған мореналарды айналып өтіп, оңтүстікке бұрылып, Оңтүстік Қуғантөр (Ашуу-Тер) өзенінің оң жағалауымен төмен түсуді бастау керек. Үш сағат жолдан кейін беткейдің көлденеңдігі, шырша ағаштарының пайда болған жерлерінде тікейіп (выползается), соқпақ сол жағалауға өтеді. Тағы бір сағаттан кейін Оңтүстік Қуғантөр және Ақ-Су өзендерінің бірігетін жеріне шығамыз. Бұл жерде алтыншы түнеуді ұйымдастырып, келесі күні жаяу және жолай (немесе арнайы дайындалған) көлікте Ыстық-Көлдің жағалауындағы Семеновский ауылына келеміз. Ыстық-Көл жағалауына шатқалдан шығуда Ыстық-Көл Мемлекеттік қорығының КПП-сі бар, бұл жерде белгілі бір ақша көлемін төлеу керек.

Семеновка ауылына келген соң туристер жорықты жалғастырудың екі нұсқасын таңдауына болады.

Біріншісі: Ыстық-Көл жағалауында демалған соң рейстік автобуспен Алматы қаласына қайтып оралу. Екіншісі: Күрметі ауылына (Қырғызстан) дейін көлікпен жетіп, солтүстікке Күнгей Алатауы жоталарына қарай бұрыламыз, сәлден соң кірпіш зауытынан кейін жол оңға қарай карьерге бұрылады және 20 минуттан кейін Күрметінің кішкене өзеніне жетеміз. 15 минут ішінде оң жағалауға өтіп, солтүстік бағытта шопандар аялдамасы орнына жетеміз. Осы жерде түнеуге болады.

Екінші күннің тапсырмасы Күнгей Алатауының орталық бөлігінде орналасып, Оңтүстік Күрметі өзені (Ыстық-Көл көлі) алқабынан Солтүстік Күрметі өзені (Шелек өзені) алқабына апаратын *Күрметі асуынан (1а, 3420 метр)* өту болып табылады.

Таңғы сағат 8-де шатқал ішімен солтүстікке қарай Оңтүстік Күрметі өзенінің оң жағалауымен көтерілуді бастаймыз. Бір сағат қозғалыстан соң соқпақ біртіндеп батысқа қарай бұрылып, үш сағат ішінде орман шекарасына шығамыз. Тағы бір сағат соқпақпен қозғалыстан соң жанымыздағы өзенді кешіп өтеміз.

Өзеннен шатқал ішімен батысқа қарай жүреміз, соқпақ моренаның үстіне шығады, сәлден соң беткей көпірге алып келеді, бұл жерде екі өзен бірігеді – бірі батыстан, келесісі – солтүстіктен. Бұл жерде тас үстімен өзеннің сол жағалауына өтеміз және соқпақпен Күрметі асуына көтерілуден бұрын тегіс үстіртке барамыз. Үстіртте тағы бір рет тастар үстімен өзеннің оң жағалауына өтеміз. Оңтүстіктен асуға көтерілуде көлденеңдігі 30 градусқа дейін шөгінді беткей бар, бұл жерде жақсы соқпақ жолы бар.

Жарты сағатта асудың үстіне шығамыз. Тур асу үстінің орталығында орналасқан. Асудан солтүстікке түсетін соқпақ тік емес шөгінді беткеймен өтеді, шығысында кішкене өзен бар. Алқаптың жайпақ бөлігіне дейінгі жол 1 сағат 40 минутты алады. Түнеуді Солтүстік Күрметі өзенінің сол жағалауындағы шөпшең алаңда ұйымдастыруға болады.

Келесі күні жорықты екі жолмен жалғастыруға болады.

Бірінші – Солтүстік Күрметі өзенінің арналарын бойлай солтүстікке түсу және 6-7 сағаттан кейін Күрметі ауылына (Қазақстан) жету.

Екінші – тастар арқылы Солтүстік Күрметі өзенінің оң жағалауына өтіп, шөпшең беткей біткен кезде жақсы жасалған соқпақ басталады. Бір сағатта Солтүстік Күрметі және Келсай өзенін біріктіретін *Шадо асуына (категориялық емес, 2700 метр)* шығамыз. Асудан түсетін жол алдымен шығысқа, кейін солтүстікке қарай жақсы соқпақпен өтеді және 1,5 сағатта мореналық өзенге шығамыз, оны шығыс жағалауымен солтүстік бағытта айналып өтеміз. Тік соқпақпен (25 градус) алқаптың тегіс бөлігіне түсіп, Көлсай өзенінің сол жағалауымен 40 минут ішінде шыршалы орман зонасына жетеміз. Екінші Көлсай көліне түсетін жол 2,5 сағатты алады. 20 минут арасында көлді батыс жағалауымен айналып өтеміз, бөренелердің үйіндісінен шығыс жағалауға өтеміз. Түнеу орны әдемі көл жағасында орналасады.

Үшінші күні өзеннің сол жағалауымен төрт сағат жолда қалың орман арқылы екінші Көлсай көлінен біріншісіне дейін жетеміз. Бірінші көлдің солтүстік жағалауына шыққан соң соқпақпен Күрметі ауылына (Қазақстан) түсу керек. Көлден басталған бұл жол 3 сағатты алады. Бұл жерден бір күн ішінде көлікпен Алматы қаласына жетуге болады. Көлікті алдын-ала дайындап қойған жөн.

Жолдардың күні	Желі орны	Қозғалыс құралы	Ұзақтығы (км)
1-ші	Алматы қаласы - Талғар қаласы - Есік қаласы -Есік көлі	көлік	62
2-ші	Есік көлі – Есік өзені – Жарсай өзені	жаяу	13,2
3-ші	Жарсай өзені – Ақкөл көлі	жаяу	9
4-ші	Ақкөл көлі – Көк-Бұлақ асуы – Оңтүстік-Шығыс Талғар өзені	жаяу	23
5-ші	Оңтүстік-Шығыс Талғар өзенінен өту – Жаңғырық өзені – Қуғантөр (жартылай күнді өткізу)	жаяу	12
6-шы	Қуғантөр өзені – Қуғантөр	жаяу	14,4

	асуы – Ақсу өзені		
7-шы	Ақсу өзені – Семеновский шатқалы – орман шекарасы – Ыстық-Көл	көлік	
8-ші	Ыстық-Көл көлі		
9-шы	Ыстық-Көл – Күрметі ауылы (Қырғызстан) – Күрметі өзені	көлік	
10-шы	Күрметі өзені – Күрметі өзенінің жоғарғы жағы	жаяу	9
11-шы	Күрметі ауылы – Күрметі асуы – Көлсай көлі	жаяу	19,2
12-ші	Көлсай көлі – Күрметі ауылы (Қазақстан)	жаяу	10,2
12-ші	Күрметі ауылы – Алматы қаласы	көлік	
	барлығы	жаяу	172

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелерден көрініп отырғандай туризмнің қоғамдық өмірде алатын орны жоғары. Туризмді жан-жақты қарауға болады. Ол спорт ретінде де көрінеді. Туризм жергілікті халықты жұмыс орнымен, кәсіппен қамтамасыз ету құралы. Сонымен қатар, туризм – халықтар, мемлекеттер арасындағы мәдени және тағы басқа қатынас құралы.

Біздің Қазақстан өлкесі туристік жорықтар ұйымдастыруға өте қолайлы. Кең байтақ жерімізді, өзен-көлдерімізді, асқар шың-құздарымызды қолдана келе туристік жорықтардың неше түрін дамытуға болады. Олар: жаяу, тау, су, шаңғы жорықтары, вело, спелеожорықтар және тағы басқалар. Осы туристік жорықтар арқылы еліміздің әсемдігін, байлығын, біз көрмеген жерлерді, адам аяғы баспаған шың-құздарды танып біле аламыз.

Туристік жорықтарды дамытудың басты мақсаты – осындай көркем елімізді әлемге таныту. Жас ұрпақты елін сүйуге, елінің табиғатын қорғауға, салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Бір сөзбен айтқанда, біз Қазақстанда туылғанымызды, қазақ екенімізді мақтан тұтуымыз керек.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанды алдыңғы қатарлы 50 ел қатарында көру керек деген ой-пікіріне туризмнің қосар үлесі өте көп. Елімізде туристік жорықтарды көптеп ұйымдастыру арқылы көптеген адамдарды жұмысқа тартуға болады, ал халқымызды туристік жорықтардың не бір түрлеріне (жаяу, тау, су, шаңғы жорықтары, вело, спелеожорықтар және тағы басқалар) баулу арқылы қызықты демалысқа шақырамыз. Ал шетелдерден туристерді қарсы алсақ, ел қазынасына көлемді қаражат түсуі мүмкін.

Бүгінгі күні туристік қозғалыстар кең өріс алып, дүниежүзілік шаруашылықтың аса маңызды бір саласына айналды. Кейбір мемлекеттерде, туризм – экономикалық тұрғыда басты роль атқарады да, ол өздігінен экономиканың бір саласы болып саналады.

Туризмнің дамып кең өрістеуінің негізгі факторлары мемлекеттің табиғи ерекшеліктеріменен, даму деңгейінің мүмкіншіліктері. Әрине, кейбір мемлекеттерде туризм жоғары деңгейде дамыған болса, басқа мемлекеттерде енді ғана даму жолында. Біздің мемлекетімізде де халықаралық туризм жаңадан дамуда. Ал туризмді дамытудың маңызы зор.

Туризм елдің барлық аймағының экономикасына белсенді әсер етеді, туризм саласында шаруашылық етуші субъектілердің құрылуы және қалыптастырылуы жол көлігі, сауда, коммуналды-тұрмыстық, медициналық қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты. Сол себептен, туризм өнеркәсібі көптеген басқа экономикалық секторларға қарағанда мультипликатордың өте күшті әсеріне ие.

Туризм – бос уақытпен, спортпен, демалыспен, мәдениет және табиғаттың қарым-қатынасымен тікелей байланысты, жеке және ұжымдық жетілдірудің құралы ретінде жоспарлануды және жаттығуды қажет ететін қызмет. Осы жағдайда ол өз бетімен білім алудың, толеранттықтың және олардың алуан түрлі халықтар және мәдениеттердің арасындағы ерекшеліктерді танулардың ауыстыруға болмайтын факторы болады.

Барлық өркениетті әлем негізгі туристік ағымды қызықтыруға тырысады, өйткені туризм мемлекеттік бюджеттің пайдалы бөлімін толықтырудың аса қажетті қайнар көзінің бірі болып табылады. Сондықтан да, Қазақстанға шетел туристтер ағымын ұлғайту қажет. Осы мақсатта, кірме туризм дамуына туристік ұйымдардың қызметтерін қайта бағдарлауы талап қойылады. Бұл – біріншіден, көлік жағдайына, орналастыру құралдарына және кадрлық қамтамасыз етуге байланысты.

Туризмді елде тұрақтылықты сүйемелдеудің ең қажетті бекем әлеуметтік-экономикалық дамуының факторы ретінде есептеу қажет.

Туристік жорықтар кезінде адамдар бір-бірімен жақын араласады, таза ауада демалып, табиғатты қорғауға да өз үлесін тигізеді. Осы ретте Жасыл ел бағдарламасына да туристер өз үлесін қосуы мүмкін. Туризм мен табиғатты егіз ұғымдай қосақтап айтуға болады. Өйткені, әсем табиғат, оның кешендерінің тұтастығы адамдардың сұраныстарын туғызатын ертеден қалыптасқан негізгі факторлардың бірі. Айналаны көгалдандыру, жас талдар егу, өзен-көлдерде тазалық шараларын ұйымдастыру, таулы аймақтарды өрт қауіпсіздігінен қорғау арқылы біз табиғатымызды аялап қана қоймай, сонымен қатар туризмнің дамуына да үлесімізді қосамыз.

Қазақстанда кейінгі жылдары туризм көпшілікті қамтитын ең дамыған демалыс түріне айналып келеді. Туристік саяхат жасау - дене шынықтырумен бірге адамның дүние танымын да өсіреді. Ол тек қана демалудың тәсілі емес, адамдарды мәдени және рухани жағынан көтереді. Сол сияқты адамның денсаулығын да жақсартады. Туризм адамдарды табиғат көркімен, ерекше сұлу жерлермен таныстырады. Туған өлкеде жорық жасау адамдардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Туризм осындай мол рухани қазына силаумен қатар жасөспірімдерге тәрбиелік дәріс беретін қоғамдық мектеп. Ұлы саяхатшы Н.М. Прежевальский « Өмір сүрудің тамашалығы сол, әрқашанда саяхат жасауға болады » деп үнемі айтып өткен. Туристер өз жорықтарында жаңалықтар ашып, қоғамға белгілі бір дәрежеде пайда келтірсе, екінші жағынан денсаулығын шынықтырады, организмдерінің мезгілсіз қартаюына жол бермейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Алшымбеков С.К. Түркіменбаева Қ.Т. «Экскурсиятану негіздері» оқулық Алматы -2009 ж. 94-102 б.
2. Жиздыбаев Т.К. «Жас туристерге кеңес». Алматы, 2005 жыл.
3. Штюрмер Ю.А. «Карманный справочник туриста»
4. Терещук В.А. «Спутник туриста». Алматы, 1987 жыл.
5. Черновол В. «Справочник туриста». Москва, 2001 жыл.
6. Макогонов А.Н., Плахута Г.А., Қалдыбаев М. «Саяхат жорықтарын ұйымдастыру мен өткізудің жалпы негіздері». Алматы, 1996 жыл.
7. Алшымбеков С.К. «Туризм мамандарын даярлаудағы география пәндерінің маңызы» н.-п.к. Проблемы подготовки специалистов в системе туризма. АГУ им. Абая 1997. ж. 74-79 б.
8. Черныш И.В. «Походная энциклопедия путешественника». Москва, 2006 жыл.
9. Ковалев Ю.П. «Где провести выходной день». Алматы, 1966 жыл.
10. Е.Әбішев «Туризм мамандығы бойынша оқитын студенттердің өзіндік жұмысы» (әдістемелік құрал). Алматы, 2003 жыл.
11. Вуколов В.Н. «Основы техники и тактики активных видов туризма». Алматы, 2005 жыл.
12. Вуколов В.Н. «По северному Тянь-Шанью». Алматы, 2006 жыл.
13. Орынтаев С. «Путешествие на лошади». Алматы, 2006 жыл.
14. Куприн А.М. «Ориентирование и движение на местности». Воениздат, 1962 жыл.
15. Алдашев А.А. «Питание и высокогорье» Алматы, 1983 жыл.
16. Бринк И.Ю. «Тактика горвосхождений и качество снаряжения» Москва, 1990 жыл.
17. Штюрмер Ю.А., Зенина Л.И., Меркурьева Т.Д. «Основные положения по организации туристской работы на туристских базах» (методические рекомендации). Москва, 1974 жыл.
18. Власов А.А. «Велосипедный туризм». Москва, 1954 жыл.
19. Григорьев Н.В. «Водный туризм». Москва, 1991 жыл.
20. Волков Н.Н. «Спортивные походы в горах». Москва, 1974 жыл.
21. Ердаuletov С.Р. «География туризма Казахстана». Алматы, 1992 жыл.
22. Кодыш Э.Н. «Соревнования туристов. Пешеходный туризм». Москва, 1990 жыл.
23. Котов Г.Г. «Автомобильный туризм». Москва, 1986 жыл.
24. Аркин Я., Вариксо А., Захаров П., Тяте Я. «Горный туризм. Снаряжение. Техника и тактика». Москва, 1980 жыл.
25. Бардин К.В. ««Азбука туризма. Пособие для руководителей туристских походов в школе». Москва, 1973 жыл.
26. Лукоянов П.И. «Зимние спортивные походы». –Москва, 1988 жыл.

27. Ганопольский В.И. «Туризм и спортивное ориентирование». Москва, 1987 жыл.
28. Кораблев В.А. «Спорттық туризм: қазіргі кезеңдегі дамыту проблемалары мен ерекшеліктері». «Тұран» университетінің хабаршысы, №1-2 (18). Алматы, 2003 жыл.
29. Омаров Қ.М., «Туристік жорықтарда ұлттық ойын түрлерін қолдану». Гуманитарлық ғылымдар сериясы, №1 (41), 2005 жыл.
30. Махамбеталиева З. «Спорттық туризмнен үйірме жұмыстарын жүргізудегі жаңа технологияларды қолданудың тиімді жолдары». «Мектеп» журналы, №7 (10). Шымкент, 2004 жыл.
31. Кораблев В.А. «Қазақстандағы тау туризмі: тарих беттері». «Тұран» университетінің хабаршысы, №2 (38). Алматы, 2008 жыл.
32. Омаров Қ.М. «Қазақстанның туризм географиясы», Алматы-2011.
32. Кораблев В.А., Иванов И.С. «Жетісудағы су туризмі». «Тұран» университеті. Алматы, 2004 жыл.
33. Власов А.А., Нагорный А.Г. «Туризм». Москва, 1977 жыл.
34. Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К. «Туризм және өлкетану негіздері». Алматы, 2006 жыл.

Белсенді туризмнің техникасы және тактикасы пәнінен тест сұрақтары.

\$\$\$001 Туризм тактикасының түсінігі

- A) Жорық кезіндегі әрекетті таңдау
- B) Іскерлік пен әдістер бірлестігі
- C) Туристік іс-әрекетті жоспарлау және іске асыру
- D) Техникалық дайындық деңгейі
- E) Техникалық қателік жағдайы

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$002 Туризм техникасының түсінігі

- A) Туристік іс-әрекет пен құрал-жабдықтар үйлесімдік жиынтығы
- B) Жорыққа дайындық
- C) Физикалық тәсілді пайдалану
- D) Жоспар құру
- E) Топты жинақтау

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$003 Маршруттың тактикалық схемасының түрі

- A) Шеңберлі
- B) Велосипедтік
- C) Көп күндік
- D) жаяу
- E) Жарысу үшін

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$004 Халықаралық спорттық тау туризм асулар классификациясының қанша күрделі категориялары бар?

- A) 3 күрделі категория
- B) 6 күрделі категория
- C) 8 күрделі категория
- D) 9 күрделі категория
- E) 2 күрделі категория

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$005 1-күрделі категориялы тау жорығында қанша асулар классификациясы болу керек

- A) 1А-2 рет асу
- B) 3А-1 рет асу
- C) 1Б-3 рет асу
- D) 2А-4 рет асу
- E) 3Б-5 рет асу

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$006 Таулардың қия беткейінен қалың қар қабатының тұтас сырғып кетуі

- A) Сел
- B) Қар көшкіні
- C) Топан су
- D) Сарқырама
- E) Ағындар

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$007 Күшті нөсер жаңбыр, тау басындағы қар мен мұздың күрт ерігенде пайда болатын лай, тас аралас тасқын

- A) Сарқырама
- B) Цунами
- C) Топан су
- D) Сел

Е)Торнадо

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$008 Жаяу туризм жорықтары қандай жерлерде өткізіледі

А)Таулы аймақта

В)Климаты қатаң жерлерде

С)Күрделі емес таулы және жазық жерлерде

Д)Көл жағалауларында

Е)Биік таулы өңірде

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$009 Тұман кезіндегі туристердің іс-әрекеттері

А)Қозғалысты тоқтатпау

В)Аялдап жан-жақа бағдарлау

С)Базаға қайта келу

Д)Жүретін жолды адаспау

Е)Жүруді тоқтатып бивуак ұйымдастыру

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$0010 Су жорығынды кездесетін кедергілер

А)Ағындар

В)Балықтар

С)Жағалаудағы құлаған үйінділер

Д)Құрғақ жерлер

Е)Опырындылар

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$0011 Акклиматизация түрі

А)Сирек ауа

В)Құрама

С)Активті

Д)Жеңіл

Е)Азонды

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$0012 Спорттық тау туризмде кездесетін рельефтің түрі

А)Турлар

В)Аласа

С)Шыңдар

Д)Мореналық көл

Е)Батпақтар

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$0013 «Бивуак»-түсінігі

А)Шатыр құру

В) Демалатын және түнеу орны

С) Туристік лагерь

Д)Сауығу мекені

Е)Балық аулайтын орын

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$0014 Туристік жорықтағы от жағу түрі

А)Қысқы

В)Шалаш

С)Бунгало

Д)Фейерверк

Е)Қоңырау

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$0015 Жартастарға өрмелеу маршрутының күрделік деңгейі

A)Салмақты , күрделі, баяу

B)Жеңіл, орташа, күрделі

C)Өте күрделі, жедел

D)Ыңғайлы, жеңіл,

E)Өте жеңіл, ауыр

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$0016 1-2 күрделі категориялы тау жорығының табиғи кедергілері

A)Ойпат, тастар

B)Сайлар, мореналар

C)Бұталар, шатқалдар

D)Қалың шөптесіндер

E) Тау өзені, асу, мұздық

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$0017 Спорттық су туризміндегі негізгі табиғи қиындықтар

A)Асулар

B)Пристаньдар

C)Су ирімдері

D)Жағалаулар

E)Шұңғымалар

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$0018 Негізгі арқанға байлау үшін, қандай арқанның байлау түрі қолданылады

A)Теңіздік

B)Прямой

C)Проводник

D)Схватывающий

E)Булин

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$0019 Диаметрлері бірдей арқандар, қандай байлау түрлері арқылы жалғанады

A)Сегіздік

B)Булин

C)Прямой

D) Схватывающий

E) Күрмеу

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$0020 «Люция» -түсінігі

A)Теңіз картасы

B)Жергілікті жер сызбасы

C)Фотомонтаж

D)Карта көшірмесі

E)Қосымша маршрут

{Дұрыс жауабы}=A

\$\$\$021 Туризм құрал-жабдықтарының топтары

A)Балалар үшін, жеке адамға

B)Жеке және топқа арналған

C)Медициналық, жеке адамға

D)Топқа және асхана үшін

E)Оқыту және жеке

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$022 Спроттық туризмдегі негзгі іс-әрекет

A)Маршрут

B)Крок сызбасы

- С)Шерп қызметі
 D)Топ мүшелері
 E)Туристік құралмен жұмыс
 {Дұрыс жауабы}=E
 \$\$\$023 Жартастарға өрмелеу алдындағы іс-әрекет
 A)Нүктелерін анықтау
 B)Ұсыныстарды талдау
 C)Жартас бағыттарын анықтау,таңдау
 D)Балға мен ұрып көру
 E)Жер сипатын анықтау
 {Дұрыс жауабы}=C
 \$\$\$024 «Асу»-түсінігі
 A)Шыңдардың ең биік нүктесі
 B)Тар шатқал
 C)Жондардың сипаты
 D)Құрал-жабдықтар
 E)Екі шың арасындағы тау жондарының иілген ершігі
 {Дұрыс жауабы}=E
 \$\$\$025 «Тау қабырғасы»-түсінігі
 A)Құздың шығынқы бөлігі
 B)Мұзбен жабылған құздың жартысы
 C)Қосалқы беткейлер жоны
 D)Таудың негізгі беткейлерінің, беткі қабатының қиылысуы
 E)Ірі тау жыныстары
 {Дұрыс жауабы}=D
 \$\$\$026 Туристік жорықтағы қозғалыс кестесі
 A)Маршрут бойымен қозғалу
 B)Кеңістік сиымдылығы
 C)Маршрутты жүріп өтудегі этаптарды бөлудің тәртібі
 D)Маршруттың нақты сипаты
 E)Топ жұмысының мәліметі
 {Дұрыс жауабы}=C
 \$\$\$027 1-категориялық күрделі жаяу жорығының шақырым қашықтықтығы
 A)170 шақырым
 B) 180 шақырым
 C) 90 шақырым
 D) 100 шақырым
 E) 130 шақырым
 {Дұрыс жауабы}=E
 \$\$\$028 2-категориялық күрделі жаяу жорығының ұзақтығы күнмен есептегенде
 A)12 күн
 B)15 күн
 C)8 күн
 D)6 күн
 E)20 күн
 {Дұрыс жауабы}=C
 \$\$\$029 Туристік жорық тактикасының дайындығы
 A)Далалық жағдайға бейімделу
 B)Жорыққа дейінгі нақты жоспар
 C)Күнделікті дайындық
 D)Жеке адамға
 E)Аралас топты таңдау

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$030 Жеке топ мүшелеріне арналған құрал жабдық

- A) Арқан
- B) Қазан-ошақ
- C) Мұз ойғыш
- D) Шатыр
- E) Балта

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$031 Тау туризмінің 1 күрделі категориялық жорығының қашықтығы

- A) 100 шақырым
- B) 85 шақырым
- C) 150 шақырым
- D) 180 шақырым
- E) 70 шақырым

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$032 Туристік жорықтардағы тау өзендерінен өту кезеңі

- A) Түнде
- B) Кешке
- C) Таңертең
- D) Түсте
- E) Кезкелген уақытта

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$033 Туристік жорықтардағы жазық жердегі өзеннен өту кезеңі

- A) Түнгі уақытта
- B) Кешке кезеңде
- C) Таңертең
- D) Түсте
- E) Кезкелген уақытта

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$034 Беткейдің қандай бөлігінде қар көшкіні қауіпті

- A) 20 градусқа дейін
- B) 30-50 градус
- C) 80 градус
- D) 10 градус
- E) 70 градус

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$035 Қауіпсіздікке арналған кеудеге байланатын байлау түрі

- A) Академиялық
- B) Прямой
- C) Проводник
- D) Шокттық
- E) Булин

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$036 Қар көшкін қауіпі бар беткеймен қозғалыс түрі

- A) Тау жолымен
- B) Сайлы даңғыл жолмен
- C) Зиг-заг әдісі арқылы
- D) Адымдап жүру
- E) Қарсы тік көтерілу

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$037 Өзеннен өту кезіндегі сақтандыру шаралары

- A) Иық арқылы

- В) Бір-біріне жалғау арқылы
 С) Тастар арқылы
 D) Топтың керілген арқанды ұстау арқылы
 E) Бір –бірін көтеру арқылы
 {Дұрыс жауабы}=D
- \$\$\$038 Туристік жорықта әр түрлі арқанды жалғаудағы байлау түрі
 A) Булинь
 B) Сегіздік
 C) Проводник
 D) Брамшокттық
 E) Стремя
 {Дұрыс жауабы}=D
- \$\$\$039 Үңгір туризмінде ең көп тараған рельеф түрі
 A) Эолды рельеф
 B) Карстылы рельеф
 C) Алювиальды
 D) Таулы шатқалды
 E) Жазықты тасты
 {Дұрыс жауабы}=B
- \$\$\$040 Карсты үңгірдің пайда болуы
 A) Ағын сулардың әсері
 B) Ішкі-сыртқы күштер
 C) Суға ерігіш жыныстардың әсері
 D) Дауылдардың әсері
 E) Қатты жауынның әсері
 {Дұрыс жауабы}=C
- \$\$\$041 Туристік су жорығындағы кедергілер түрі
 A) Антропогендік әсерлер
 B) Табиғи кедергілер
 C) Өзен және көл деңгейлері
 D) Теңіз және мұхит ағыстары
 E) Жасанжы және табиғи кедергілер
 {Дұрыс жауабы}=E
- \$\$\$042 Тау ауруы «Гипоксия»-ға ұшырамаудың алдын алу
 A) Аклиматизация
 B) Рекреациялалық
 C) Дәрігерге көріну
 D) Көп ұйықтау
 E) Спортизация
 {Дұрыс жауабы}=A
- \$\$\$043 Туристік-спорттық маршруттардың түрлері
 A) Түзу, қисық, шеңберлі
 B) Сызықтық, радиальды, шеңберлі
 C) Жиіктік, биіктік, профильді
 D) Зигзақтық, сызықтық, тік
 E) Арнайы, топтық, ұжымдық
 {Дұрыс жауабы}=B
- \$\$\$044 Ұзақтығына байланысты туристік жорықтар түрлері
 A) Дәрежелі емес, саяхаттық
 B) Көп күндік және бір күндік
 C) Көп сағаттық, апталық
 D) Бір апталық, екі күндік

- Е) Жарты айлық, жылдық
{Дұрыс жауабы}=В
- \$\$\$045 Туристiк спорттық iс-шаралардың түрлерi
- А)Үйiрмелер, сынып сағаттары
В)Туристiк слеттар, туристiк жарыстар
С)Ашық сабақтар, ұлттық ойындар
D)Мектептен тыс атқарылатын жиындар
Е) Көрмелер, мерекелер
{Дұрыс жауабы}=В
- \$\$\$046 Туристiк спорттық жорық түсiнiгi
- А)Тарихи нысандарды зерттеу мақсаты
В)Әр түрлi ұйымдардың жолдамасымен өткiзiлетiн жиындар
С)Белгiлi маршрутпен, белгiлi мақсат бойынша жорық жасау
D)Мектеп әкiмшiлiгiнiң бұйрығымен саяхат ұйымдастыру
Е)Бiрнеше көлiк түрiмен саяхат ұйымдастыру
{Дұрыс жауабы}=С
{ Күрделiлiгi }=2
- \$\$\$047 Ерiктi туризм жорығын ұйымдастырудың ерекшелiгi
- А) Табиғи нысандарды зерттеу мәселесi
В)Әр түрлi ұйымдардың жолдамасымен жорық өткiзу
С)Жоспар бойынша жорық жасау
D)Туристiк топтың өз бетiнше өткiзетiн жорығы
Е) Көлiк түрiмен саяхат жасау
{Дұрыс жауабы}=D
- \$\$\$048 Көп күндiк және категориялық жорықтардағы мынаны ескеру қажет
- А) Топ мүшелерiнiң мәдениеттiлiгi
В) Топ мүшелерiнiң дене бiтiмi
С) Топ мүшелерiнiң пысықтығы
D) Топ мүшелерiнiң ұлттық белгiлерi
Е) Топ мүшелерiнiң барлық жағынан туристiк тәжiрибесi
{Дұрыс жауабы}=E
- \$\$\$049 Шаңғы туризмiнiң 2-3 күрделi категориясының топ мүшелерiнiң тәжiрибесi болу керек
- А)Тау шаңғымен секiру
В)Қысқы жорықтан түнеу тәжiрибесi
С)Жорықтан кем дегенде 2 мақтау қағазы
D)Сақтандыру картасы
Е)Қысқы жарыстардан жеңiсi
{Дұрыс жауабы}=В
- \$\$\$050 Демалыс күнгi жорықты өткiзуге арналған құжат
- А)Маршруттық парақша
В)Ваучер қағазы
С)Маршруттық энциклопедия
D) МКК-анықтама
Е)Жорыққа жолдама
{Дұрыс жауабы}=А
- \$\$\$051 Туристiк спорттық күрделi категориялы жорықтарды өткiзуге арналған құжаттар
- А)Жарнамалық парақша
В)Туристiк жолдама
С)Маршруттық кiтапша
D)Сертификат қағазы
Е)Медициналық анықтама

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$052 Туристік-спорттық разрядты орындаудағы қажеттілік

- A)Туристік клубтың мүшесі болу
- B)Күрделі категориялық маршруттан өту
- C)Туристік құрал-жабдықпен жұмыс
- D)Туристік жарыстарға қатысу
- E)Туризмне маман болу

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$053 Су туризміндегі негізгі сақтандыру құралы

- A)Оттекті жастық
- B)Газды баллон
- C)Мұз ойғыш
- D)Құтқару кеудешесі
- E)Карабин

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$054 Тау туризміндегі негізгі құралдар түрі

- A) Кошка, мұзойғыш
- B)Қайық, құрық
- C)Балта, Ара
- D)Карабин , үрмелі қайық
- E)Арқа қап, керимат

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$055 Белсенді туризм түрлері

- A)Ат және авто туризм
- B)Әлемдік саяхат
- C)Жоспарлы туризм маршруты
- D)Шопинг туризмі
- E)Тау және жаяу туризмі

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$056 Туристік топ мүшелерінің жеке заттары

- A)Медаптека, примус
- B)Жеке киім, аяқ киім, ыдыс
- C)Газ плита, балта
- D)Палатка, дүрбі
- E)Қазан, шөміш

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$057 Күрделі жорық маршрутының тармағы

- A)Қиын тау жондарымен
- B)Көркем табиғат, ыңғайлы тау асулары
- C)Қалалық трассамен
- D)Жиі орналасқан елді мекенмен
- E)Тек орманды аймақпен

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$058 Туристік-спорттық 3-6 қиындық дәрежесіндегі күрделі жорыққа қажетті іс-әрекет

- A)Туристік клубпен жұмыс
- B)Күрделі категориялық маршрутын білу
- C)Туристік құрал-жабдықтарға анализ
- D)Туристік жарыстардың әдісін білу
- E)Туризм техникасын, тактикасын меңгеру, іске асыру

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$059 Туристік жорықтағы түнеу және демалу орны

- A)Бивуак

В)Кемпинг

С)Ботель

Д)Мотель

Е)База

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$060 Өте күрделі категориялы жорықтардағы энергия шығыны к/калл мөлшерімен

А)2500 к/калл

В)1800 к/калл

С)3000 к/калл

Д)4500 к/калл

Е)7000 к/калл

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$061 Туристік-спорттық күрделі 6- категориялы тау жорығының топ құрамы

А)20-25 топ мүшесі

В)15-25

С)4-6

Д)10-12

Е)15-20

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$062 Туристік жорықта мүлдем рұхсат етілмейді

А)Жылы киімде болу

В)Қайнамаған су ішуге

С)Тәтті тамақ жеуге

Д)Жалаң аяқ жүруге

Е)Көзілдірік тағуға

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$063 Туристік жорықты ұйымдастырудың қандай кезеңдері бар

А)Ұйымдастыру, сату, қосу

В)Өткізу , жарнамалау, қорытындылау

С)Ұйымдастыру, өткізу, есеб беру

Д)ұйымдастыру , жариялау, қорыту

Е)Сату, талдау, жүйелеу

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$064 Туризмнің бір күндік жорық түрі

А)Тау туризмі жорығы

В)Су жорығы

С)Саяхат

Д)Демалыс күнгі жорық

Е)Серігу

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$065 Туризм инструкторы

А)Туристік жорық көмекшісі

В)Топ жетекешісі

С)Менеджер-басқарушы, ұйымдастырушы

Д)Экскурсияға маманданған өткізуші

Е) Кәсіби дайындығы бар туристік топ жетекшісі

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$066 Белсенді туризм түсінігі

А)Өздігінен ұйымдастырылған туризм

В)Көліктік туризм

С)Экологиялық туризм

Д)Жоспарлы туризм

Е)Адам әрекетінің түрі

{Дұрыс жауабы}=А

{ Күрделілігі }=3

\$\$\$067 Пассивті туризм

А)Жаяу туризм

В)Тау туризм

С)Шаңғы туризм

Д) Автомото туризм

Е)Су туризм

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$068 Туристік-спорттық жорық өткізетін табиғат нысандары

А)Қорғандар, мазарлар

В)Жер бедері, табиғат зонасы, орман

С)Тарихи нысандар, ескерткіштер

Д)Мәдинет орталықтары

Е)Мұражайлар, жәрменкелер

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$069 Туризмнің іс-әрекеті туралы ғылым

А)Туризм техникасы, тактикасы

В)Антропология

С)Социология

Д)Курортология

Е)Балнеология

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$070 Туристік жорық сметасының түсінігі

А)Экскурсиялық шығын

В)Туристік қызмет бағасы

С)Маршрутты зерттеу

Д)Есеб айырысу

Е)Туристік шығын есебі

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$071 Жас ерекшеліктеріне қарай туристік топқа жіктеу

А)Комерциялық, танымдық

В)Жастар, сәбилер

С)Ересектер, жастар

Д) Үлкен мамандар, балалар

Е)Жалдамалы топ

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$072 Тау туризмінің Қазақстандағы дамыған өңірі

А)Оңтүстікте

В)Солтүстікте

С)Оңтүстік шығысты, шығыста

Д)Батыста, Солтүстікте

Е)Қиыр Солтүстікте

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$073 Туристік жорықтағы туристердің міндеті

А) Ұлтжанды болу

В)Қоршаған ортаға ұқыпты болу, заңды бұзбау

С)Өлкетану материалын жинау

Д)Тарих мәліметін білу

Е)Саясаттан хабардар болу

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$074 Спорттық туризмді дамытудың мақсаты

- A) Мемлекеттің туристік әлеуетін арттыру
- B) Туристік фирмалардың жұмысын қадағалау
- C) Мамандарды жұмыспен қамту
- D) Табиғат өнімдерін сыртқа шығару
- E) Шетелдік байланысты жандандыру

{Дұрыс жауабы}=A

\$\$\$075 Туристік серуенге анықтама

- A) Алыс сапарға шығудың жұмыс формасы
- B) Көлікпен қыдыру
- C) 5км. 1-күндік таным, шынығу мақсатындағы туризм жұмыс формасы
- D) Туристік жиналыстар
- E) Мұражайды аралау мақсатындағы туризм жұмыс формасы

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$076 Туристік жорыққа анықтама

- A) Өзіндік бағдарламасы бар серуен
- B) Тарихи зерттеулерге бағытталған әрекет
- C) Бұрын жүрілген қашықтығы, ұзақтығы бар, түрлі мақсаттағы маршрут
- D) Спорттық сауықтандыру жұмысы
- E) Өлкетануға байланысты жұмыс формасы

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$077 2-3 қиындық дәрежесіндегі күрделі су жорығының км. қашықтығы

- A) 160-170 км.
- B) 100-120 км.
- C) 80-90 км.
- D) 200-220 км.
- E) 280-300 км.

{Дұрыс жауабы}=A

\$\$\$078 2-3 қиындық дәрежесіндегі күрделі веложорығының км. қашықтығы

- A) 400-600 км.
- B) 900-950 км.
- C) 100-120 км.
- D) 120-140 км.
- E) 900-1000 км.

{Дұрыс жауабы}=A

\$\$\$079 Туристік жарыстармен туриадалардың анықтамасы

- A) Қысқа қашықтықтағы танымдық жұмыс
- B) Тау, жаяу, шаңғы туризмнің мақсатты ұйымдастырылуы
- C) Бұрын жүрілген ұзақтығы бар маршрут тізбегі
- D) Спорттық сауықтандыру жұмысы басқару
- E) Өлкетануға байланысты жұмыс ұйымдастыру, жүргізу

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$080 2-3 қиындық дәрежесіндегі күрделі тау жорығының күндік ұзақтығы

- A) 13-15 күн
- B) 6-8 күн
- C) 8-10 күн
- D) 18-20 күн
- E) 15-18 күн

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$081 Күрделі туристік жорыққа қажетті құжаттар

- A) Архитектуралық жобалар
- B) Археологиялық орындарды зерттеу жоспары

С)Бұйрық, жорық жоспары, маршруттық кітапша

Д)Қызмет көрсету жоспары

Е)Экотуристік зерттеу жоспары

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$082 Туристік жорық кезіндегі тамақпен қамту ерекшелігі

А)Алынатын азық-түлік санын есептеу

В)Қатысқан адамдардың санын анықтау

С)Топ саны, жорық ұзақтығы, жорық түрі, тасмалдау

Д)Топтың жас ерекшелігі, ұзақтығы

Е)Азық-түлікті бір орыннан екінші орынға тасмалдау жағдайы

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$083 5-6 қиындық дәрежесіндегі күрделі тау жорығында болатын апатты жағдайда көрсетілетін қызмет түрі

А)Сауда қызметі

В)Көлік қызметі

С)Өрт сөндіру қызметі

Д)Құтқару, бақылау қызметі

Е)Коммунальдық қызмет

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$084 Туристік спорттық жорық есебінің жоспары

А)Турбазадағы жаттығулар есебі

В)Кіріспе, жорық маршрутына, ауданға сипаттама және фото

С)Күн режимі және күнделік

Д)Қызмет көрсету жоспары

Е)Нақты ақпарат беру

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$085 Туристік спорттық жарыстарды дайындау мәселесі

А)Тау жолдарымен көтерілу

В)Тау соқпақтарымен қозғалыс

С)Тау беткейіне топты түсіру

Д)Жарыс уақыты, орны, ережесі, төреші, қаржыландыруы, көлік т.б.

Е)Жарыс трассаларын алдын ала дайындау

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$086 Туристік спорттық жарыстардағы тау трассасының техникалық кезеңі

А)Өткелден өту, секіру

В)Горизантальді өту

С)Вертикалды қозғалу

Д)Баяу қозғалу

Е)Көтерілу, траверс, төмен түсу

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$087 Туристік жарыстардағы техникалық қажеттілік

А)Тек арқанды пайдалану

В)Құрал-саймандарды дұрыс және орынды пайдалану

С)Топтың үйлесімсіз әрекет жасамауын қадағалау

Д)Кедергілер жолағын баспау

Е)Топқа керекті құралды таңдап алу

{Дұрыс жауабы}=B

\$\$\$088 Туристік жарыстардағы тактикалық қажеттілік

А)Тәсілдермен құралдарды дұрыс таңдау және жаттығу

В)Қарабин муфтасын ашық қалдыру

С)Тек кеуде арқанын пайдалану

Д)Құжаттық жұмыстарды орындауға көңіл бөлу

Е)Шатырды жинауды ғана үйрену

{Дұрыс жауабы}=А

\$\$\$089 5 қиындық дәрежесіндегі күрделі шаңғы жорығының күндік ұзақтығы мен км. қашықтығы

А)6 күн, 100 км.

В) 8 күн, 120 км.

С) 18 күн, 300 км.

Д) 12 күн, 250 км.

Е) 10 күн, 200 км.

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$090 4 қиындық дәрежесіндегі күрделі тау жорығының күндік ұзақтығы мен км. қашықтығы

А)6 күн, 100 км.

В) 13 күн, 150 км.

С) 10 күн, 50 км.

Д) 9 күн, 110 км.

Е) 17 күн, 250 км.

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$091 Туристік жорық кезіндегі сары майдың бір адамға және бір күнге деген мөлшері

А)75 гр.

В) 20 гр.

С) 90 гр.

Д)100 гр.

Е)150 гр.

{Дұрыс жауабы}=В

\$\$\$092 Туристік жорық кезіндегі қанттың бір адамға және бір күнге деген мөлшері

А) 155 гр.

В) 20 гр.

С) 60 гр.

Д)160 гр.

Е)180 гр.

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$093 Туристік жорық кезіндегі тұздың бір адамға және бір күнге деген мөлшері

А) 55 гр.

В) 10 гр.

С) 80 гр.

Д)60 гр.

Е)20 гр.

{Дұрыс жауабы}=Е

\$\$\$094 Туристік жорық кезіндегі шайдің бір адамға және бір күнге деген мөлшері

А)10 гр.

В)7 гр.

С)3,5гр.

Д)12 гр

Е)20 гр

{Дұрыс жауабы}=С

\$\$\$095 Туристік жорық кезіндегі консерві (балық) бір адамға және бір күнге деген мөлшері

А) 75 гр.

В) 100 гр.

С) 180 гр.

Д)50 гр.

Е)30 гр.

{Дұрыс жауабы}=D

\$\$\$096 Туризм бойынша құтқару қызметінің түрлері

А)Ұйымдық

В) Корпорациялық

С) Аймақтық

Д) Халықаралық

Е)Мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$097 МКК-ның құрылуы үшін талаптар

А)Тәжірибелі маман, аймақта спорттық туризмнің дамуы

В) Су туризм қызметін арттыру

С)Жорық жұмыс қызметін ұйымдастыру

Д)Құтқару,бақылау қызметі

Е) Көлік қызметін дамыту

{Дұрыс жауабы}=A

\$\$\$098 3 қиындық дәрежесіндегі күрделі автомото жорығының күндік ұзақтығы мен км. қашықтығы

А) 18 күн, 1550 км.

В) 11 күн, 3500 км.

С) 13 күн, 3000 км.

Д) 8 күн, 1150 км.

Е) 10 күн, 2500 км.

{Дұрыс жауабы}=E

\$\$\$099 4-қиындық дәрежесіндегі күрделі су жорығының күндік ұзақтығы мен км. қашықтығы

А)18 күн, 250 км.

В) 11 күн, 220 км.

С) 13 күн, 180 км.

Д) 8 күн, 150 км.

Е) 15 күн, 280 км.

{Дұрыс жауабы}=C

\$\$\$100 3 қиындық дәрежесіндегі күрделі спело жорығының күндік ұзақтығы мен км. қашықтығы

А)18 күн, 5 км.

В) 10 күн, 1-2 км.

С) 6 күн, 3 км.

Д) 9 күн, 6-7 км.

Е) 8 күн, 8-10 км.

{Дұрыс жауабы}=B